

Б. Керімбекова, Ә. Қуанышбаева

Қазақ әдебиеті

Жалпы білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
бекіткен*







7



Алматы «Мектеп» 2017

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3(5 қаз)я72
К32

Тапсырма түстері

Оқлық	
Тыңдайық (аудио)	
Сөз маржан	
Әдебиет теориясы	
Шығармашылық зертхана	
Біз білеміз бе?	

К32 Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә.
Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2017. – 160 б., сур.

ISBN 978-601-07-0903-4

К $\frac{4306020400-109}{404(05)-17}$ II(1)—17

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3(5 қаз)я72

ISBN 978-601-07-0903-4

© Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә.,
2017
© «Мектеп» баспасы, көркем
бейнделуі, 2017
Барлық құқықтары қорғалған
Басылманың мүлкітік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	4
КӨНЕ КҮНДЕРДЕН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕРЛЕР	6
«Қыз Жібек» жыры	8
Орхон-Енисей ескерткіштері	17
«Күлтегін» жыры	18
Жиембет жырау Бортоғашұлы	24
«Еңсегей бойлы Ер Есім» жыры	25
Қазтуған жырау Сүйіншіұлы	30
«Қазтуғанның қонысымен қоштасу» жыры	31
I тарауға арналған тест сұрақтары.....	35
ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ	38
Зар заман поэзиясы	-
Шортанбай Қанайұлы	40
«Зар заман» толғауы	41
Айтыс өнері	44
Сүйінбай Аронұлы	46
Сүйінбай мен Қатағанның айтысы	47
Жамбыл Жабаев	53
«Шоң жарлығы» («Зілді бұйрық») өлеңі	55
II тарауға арналған тест сұрақтары	61
БАЛАЛАР МЕН ҮЛКЕНДЕР	64
Мағжан Жұмабаев	-
«Батыр Баян» поэмасы	66
Мұхтар Әуезов	77
«Көксерек» повесі	78
Қасым Қайсенов	94
«Жау тылындағы бала» повесі	95
Сансызбай Сарғасқаев	109
«Тәмпиш қара» повесі	-
III тарауға арналған тест сұрақтары	123
ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ	126
Мұхтар Шаханов	-
«Нарынқұм зауалы» поэмасы	127
Темірхан Медетбек	133
«Тәуелсізбін» өлеңі	134
Төлен Әбдіков	139
«Қонақтар» әңгімесі	-
Александр Сергеевич Пушкин	149
«Ескерткіш» өлеңі	150
IV тарауға арналған тест сұрақтары	153
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	155
Тақырыптар бойынша қосымша дереккөздер	156

АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі достар!

Міне, тағы бір оқу жылын артқа тастап, 7-сыныпқа да аяқ бастық. Өздеріңмен әдебиет атты әлемде қайта кездескенімізге қуаныштымыз.

Бәрімізге белгілі, әдебиет – халықпен бірге жасасып келе жатқан мәдени мұраларымыздың бірі. Әдебиетті оқу арқылы адам жақсылыққа, ізгілікке ұмтылады, жамандықтан жиренеді. Қазақ халқы жазу-сызу өнері болмаған ерте кезден-ақ қуанышы мен күйінішін өлең-жыр, ертегі-әңгіме түрінде жеткізіп отырған. Көне күндерден жеткен жәдігерлерден тамырымызды танысақ, бүгінгі әдебиетіміз арқылы болашаққа ұмтыламыз, Мәңгілік Ел болуға талпынамыз.

Біз 7-сыныпта қазақ ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы – лиро-эпостық жырлармен, ежелгі дәуір әдебиетінің жауһарлары болып саналатын Орхон-Енисей ескерткіштерімен танысамыз. Халықтың басына қиын іс түскенде жырымен жігер беріп, келер қауіп-қатерден сақтандырып отырған Жиембет, Қазтуған сынды жырауларымыздың толғауларын оқып, жүз жасаған Жамбыл ақынның жырларын тыңдаймыз. Қазақтың төл өнері – айтыс өнері туралы терең мәліметтер алып, Сүйінбайдай жыр сұлейінің айтысына қуә боламыз.

Иә, достар, әдебиет пәні тек қана оқу пәні емес, ол – ой таразылайтын пән. М.Жұмабаев, М.Шаханов, Т.Медетбек сынды сүйікті ақындарымыздың өлеңдері мен поэмалары бізді әрбір істі ойланып істеуге, қолда барды бағалай білуге үйретері анық. Сонымен қатар жазушыларымыз М.Әуезов, Қ.Қайсенов, С.Сарғасқаев, Т.Әбдіқовтердің шығармаларын түсініп оқып, бірге талдайтын боламыз. Көркем шығармадан алған әсерлеріміз бен ой-пікірлерімізді қағаз бетіне түсіруге машықтанамыз.

Әдебиетті оқу тек қана көркем шығарманың мазмұнын білумен шектелмейді. Біз кез келген көркем шығарманы оқып болған соң, «Автор осы шығарма арқылы не айтпақ болды?», «Бұл шығарманың ерекшелігі неде?» деген сұрақтарға жауап бергеніміз абзал. Осы мақсатта оқулықта автордың көзқарасын түсінуге, мәтіндегі негізгі ойды анықтауға, оқиға желісін ашып көрсетуге, кейіпкерлерді салыстыра суреттеуге арналған түрлі тапсырмалар дайындалды. Мұндай тапсырмаларды орындай отырып, біз көркем шығарманың рухани дүниемізге берген әсерін сыни әрі шығармашылық тұрғыдан бағалай аламыз.

«Әдебиет теориясы» айдарында әдебиетке қатысты терминдермен танысамыз. «Шығармашылық зертхана» айдарында шығармалардың жазылу тарихына, жарық көруіне байланысты кейбір қызықты жайттардан хабардар боламыз. «Сөз маржан» айдарында бүгінгі күні өзіміз сирек қолданатын сөздердің мағынасын түсінетін боламыз. «Біз білеміз бе?» айдарынан не білетініміз әзірге құпия. Достар, десек те, бұл айдарымыз да қызықтарға толы болатынына сеніңдер!

*Болмасын деп байлығы басқаға азық,
Кеткен бабам тарихын тасқа жазып...*

Б.Бәйітұлы



КӨНЕ КҮНДЕРДЕН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕРЛЕР

Достар, *жәдігер* сөзі парсы тілінен алынған *едгор – естелік*, *ескертікіш* деген мағынаны білдіреді. Атынан аңғарылып тұрғандай, «Көне күндерден жеткен жәдігерлер» тарауында біз қазақтың ең бай, ең көркем лиро-эпостық жырларының бірі – «Қыз Жібек» жырын оқып, мағынасын түсініп, өзіміз жиі естіп жүрген кейіпкерлермен танысатын боламыз.

• Қазақ ауыз әдебиетінің кең тараған саласының бірі – **лиро-эпостық жырлар**. Лиро-эпостық жырлардың негізгі оқиғасы көбінесе халықтың ертедегі әдет-ғұрпына, үйлену салтына байланысты болып келеді. Басты тақырыбы – жастардың бас бостандығы, олардың қуанышы мен арман-мұны, сүйгендеріне қосылу жолындағы көптеген кедергілерден өтуі, түрлі әрекеттері. Лиро-эпостық жырларда тек қана ғашықтық, махаббат суреттелмейді, сонымен қатар халықтың ертедегі салт-санасы, тұрмысы, әдет-ғұрпы да камтылады.

Лиро-эпостық жырлардың ертеден келе жатқан бірнеше үлгілері бар. Олар: «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Күлше қыз-Назымбек», «Мақпал қыз», «Айман-Шолпан» және т.б.

• **Ежелгі дәуір әдебиетінің** құнды мұрасы – тасқа қашалып жазылған **Орхон-Енисей ескерткіштері** туралы терең мәліметтер алып, сырына қанып, тарихын білу үшін «**Күлтегін**» жырын оқимыз. Бұл туралы ғалым О.Жанайдаров былай дейді: «*Бағзы замандарда түркілер өз әліпбиін ойлап тапты. Ондағы әріптер қар бетіндегі құс іздеріне өте ұқсас, кішкентай сыналар түріндегі сызықшалармен бейнеленді. Мұндай жазу сына жазуы деп аталады. Ертеде қағаз болмағандықтан, ата-бабаларымыз өздерінің сына жазуларын күміс ыдысқа, ағаш тақталарға, беті тегіс үлкен тас тақталарға жазған. Әсіресе осы құлпытастардағы жазбалар бәрінен де жақсы сақталған. Олар Орхон және Енисей сынды Сібір өзендерінің маңынан табылды. Сондықтан ғалымдар оларды көне түркі жазуының Орхон-Енисей ескерткіштері деп атайды*¹.

Сақтар мен ғұндардан кейін тарих сахнасына шығып, бүкіл дүниені дүр сілкіндірген халық ежелгі түркілер болды. Олар батысында Византия, оңтүстігінде Парсы елімен, тіпті Үндістанмен, ал шығысында Қытаймен шектесіп жататын орасан зор мемлекет құрды. Олардың таңғажайып тарихы қағазға емес, құлпытастарға

¹ *Жанайдаров О.* Ежелгі Қазақстан әфсаналары. Алматы: Аруна, 2008.

кашап жазылған. Скандинавия елдерінің ғалымдары бұл ескерткіштер жазуын *рунь*, яғни *руна жазуы* деп атады. Бұл сөздің қазақша мағынасы *құтия*, *сыры ашылмаған* деген ұғымды білдіреді.

• Ел басына қиын күн туғанда жыраулар жырымен жұртына жебеу болып, ханның қасынан табылған. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп ханға да қасқайып тұрып шындықты айта білген **Жиембет**, **Қазтуған** сынды жырауларымыздың жыр-толғауларына да осы тарауда тәнті болып, жыраулар жырының негізгі мақсат-мүддесімен танысамыз.

Жырау деген термин өзіміздегі *жырлау*, *жыр айту*, *жырламақ* сөзінен шыққан. Алғашқыда *ныр*, *нырағу* – жыр, жыршы сөзінен шыққан жырау – өз жанынан өлең-жыр шығарушы әрі бұрыннан бар жырларды жатқа айтып, ұрпаққа жеткізуші адам. Шокан Уәлиханов өз еңбектерінде жырдың белгілі бір әуенмен кобыз арқылы орындалып, батырлардың ерлік істерін дәріптеуге арналатындығын айтқан болатын.

Жырау – хан мен халықтың ақылшысы, көреген саясаткер, батыр қолбасшы. Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалқиіз, Жиембет, Марғаска, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтікара т.б. жыраулар өз толғауларымен жұртқа дем берумен қатар ел басқару ісіне, қоғамдық-саяси мәселелерді шешуге белсене араласып отырған. Қажет кезінде жыраулар хандар мен сұлтандардың шешімдеріне келіспейтіндігін ашық айтып, өз әміршілерін сынға да алатын болған. Асанқайғының Әз Жәнібекке, Бұқар жыраудың Абылай ханға, Шалқиіздің Би Темірге, Жиембет жыраудың Есім ханға және т.б. жыр арнаулары – осыған дәлел.

Жыраулық поэзияда толғау кенінен қолданылады. *Толғау* – көшпелі өмір кешкен халықтың өмірлік түйгендерін төгілте айтуға ең ыңғайлы жанрдың бірі. Толғауда, негізінен, ірі қоғамдық-әлеуметтік, саяси, философиялық мәселелер қозғалады. Мұнда риторикалық сұраулар, қайталаулар мен арнаулар сияқты ойды айшықтау мен ажарлаудың тамаша үлгілері мольнан кездеседі.

Көне күндерден жеткен жәдігерлеріміздің несі өзіміз екенін ұмытпайы к!



«ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫ

Қазақ халық ауыз әдебиетінің інжу-маржаны – «Қыз Жібек» жыры XIX ғасырда Қазан қаласында араб әрпімен бірнеше рет (1894, 1896, 1899) басылып шыққан. Осы нұсқалардың негізінде 1925, 1933, 1939 жылдары Ташкент, Алматы қалаларында араб және латын әрпімен тағы да жарияланды.

1940 жылы «Песни степей» деген жинақта жырдың орысша аудармасы берілді.

Жазушы Ғабит Мүсіреповтің либреттосы бойынша композитор Е.Г.Брусиловский «Қыз Жібек» атты опера жазды. Сондай-ақ «Қыз Жібек» көркем фильмі де бар.

«Қыз Жібек» жырын алғашқы жырлаған жыршылар деп Қазақбай мен Көшілек деген акындар аталады. Бұл жырды Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Мұрын Сенгірбаев және т.б. акын-жыршылар да жырлаған.

Аталған жырды жинап, жариялап, зерттеу жұмыстарына Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин, Мәлік Ғабдуллин т.б. көптеген ғалымдар зор үлес қосты.

Жырдың сюжеті XVII ғасырдағы Кіші жүз және Орта жүз руларының тарихы мен салт-санасымен тікелей байланысты шынайы оқиғадан алынған. 50-жылдарда осы жыр туралы «Жырда қазақ байларының сән-салтанаты асыра суреттеледі» деген сындар айтылған болатын. Бұл сын уақыт талабына сай өз күшін жойды. Себебі жырда қазақ халқының бақуатты тұрмысы бейнеленеді.



Сонымен бірге жырда махаббатқа, аманатқа деген адалдық, ізгілік, шынайылық дәріптеледі.

«Қыз Жібек» жырының ғылымға белгілі бірнеше нұсқасы бар. Жырдың көпке таныс нұсқасы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде Төлеген мен Жібек жайлы суреттелсе, екінші бөлімі Сансызбайға арналады.

«Қыз Жібек» – мазмұны, құрылысы, көркемдік шеберлігі жағынан көрнекті жырлардың бірі. Жырда Сырлыбай ауылының жайлауға беттеген көрінісі, кербез қыздардың сұлулығы мен тақашарлығы, тұлпармен шауып бара жатқан ер-азаматтардың батыр тұлғасы, сезімтал аналар, халықтың тыныштығын ойлаған қарттар мен абыздар – бәрі көркем әрі шебер суреттеледі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ халқының тарихында мәңгі сақталған қандай ару қыздар бар?
2. «Қыз Жібек» жыры туралы оқыған немесе естіген, көрген мәліметтерімізді ортаға салайық.
3. «Қыз Жібек» киносынан алынған төмендегі эпизодтарға шолу жасайық.



4. Кісі есімімен аталатын қандай ертегі, аңыз, батырлар жырын білеміз?

Достар, қазақ халқының тамаша ғашықтық жырларының бірі – «Қыз Жібектен» үзінді тыңдайық (1-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Төменде берілген жыр жолдары қалай жалғасады деп ойлайсыңдар? Өз болжамымызды білдірейік.

Базарбайдың Төлеген
Қаршығадай ақынның
Бұл сөзін мақұл көреді...
Қаршығаменен ілесіп,
Ақжайыққа жөнеді...

Тірек сөздер:

- бай
- көш
- сұлу қыз
- сұлу
- ер жігіт
- қосшы
- түс көру
- теріс бата

2. Келтірген болжамдарымызды жырдың нұсқасымен салыстырайық. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?
3. Өзіміз тыңдаған үзіндіде баяндалатын негізгі оқиғаны анықтайтын төрт тірек сөз жазайық.

4. «Көршінің сұрағына жауап» әдісі бойынша төмендегідей сұрақтар жазып, сағат тілімен парталас көршімізден жауап алу үшін ұсынайық. Жауаптарды топ ішінде талқылайық.
- Оқиға қай жерде өтеді?
 - Жырдың негізгі кейіпкерлері кімдер?
 - Төлеген не үшін сапарға шықпақ болды?
 - Оны анасы не үшін жібергісі келмеді?

Төлегеннің бұдан кейінгі тағдыры қалай болар екен, оны білу үшін жырдан үзінді оқиық.

...Базарбайдың Төлеген
Талай көштен өтеді,
Сонда бір көшке жетеді.
Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады;
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулесі бетінде,
Бұралып кетіп барады
Перінің ¹ қызы секілді.
Осы екен деп Қыз Жібек,
Жетіп келді қасына

Базарбайдың Төлеген.
Артынан келіп Қаршыға
Жібек емес деген соң,
Онан өтіп жөнеген...

Тау басында қарағай,
Төлегеннің мінезі
Болып кетті баладай.
Осындай болып әр жерден,
Он бір қыз өтті сәндікпен,
Бәрі де қалды жарамай...

Әлқисса, Төлеген мен Қаршыға Жібектің ізін кесіп алып қараса, көш басшылары мен Жібектің күймесінің ² ізінен басқа із жоқ екен...

Төлеген қасына келіп, алдына бір шықты, артына бір шықты, Жібекті көре алмады...

– Бұл күймеде тірі адам бармысың? – деп Төлеген үш рет дауыстап шақырды. Бұған Қыз Жібек еш жауап бермеді...

Қаршыға айтты:

– Олай емес, мұнда мекерлік ³ бар, мен сөйлесейін, – деп Жібекке келіп айтты:

– Жібекжан, шырағым, ояумысыз? Міне, бір жақсы кісі қасыңа келіп тұр сөйлесемін деп, бетіңді ашып сөйлесші, – дейді.

Сонда Жібек айтты:

– ...Ендеше лебің ⁴ бекерге қалмасын, бір көрінейін... Сол бір көрінгендегі Қыз Жібектің сипаты бұл секілді көрінді:

...Ақ мандайы жалтылдап,
Танадай көзі жаркылдап,
Алтын шашбау шашында.

Қыз Жібектің шаштары
Қоғалы ⁵ көлдің құрағы.
Көз сипатын қарасаң,

¹ *Пері* – миф. дінн сөз. Мағынасы өте көп. Бұл жерде: ауыспалы мағынада қолданылып, өте сұлу, ерекше қыз дегенді білдіреді.

² *Күйме* – үстін, жан-жағын былғарымен, матамен қаптаған сәнді жеңіл арба.

³ *Мекерлік* – бұл жерде: қулық, айла, өзінің ойы бар деген мағынада.

⁴ *Лебіз* – бұл жерде: сөйлеген сөз, айтқан сөз, лепес.

⁵ *Қоғалы* – қоға – су жиегінде өсетін, сабақты бойшаң өсімдік.



Сегіз бейіш¹ ішінде
Хорлардың² жакқан шырағы...
Қыз Жібектің ақтығы
Наурыздың акша қарындай.
Ақ бетінің қызылы

Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары
Жазғы түскен сағымдай.
Білегінің шырайы
Айбалтаның сабындай...

Әлкис са, Төлеген үш ай қалыңдық ойнап, бір күні еліне қайтпак болып аттарын байлап қойып, таннан жүреміз деп отырған күні Жібек түс көреді. Түсінен шошып оянып, кіші жеңгесін шақырып алып бір сөз деді:

«...Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Төлегенге барып кел,
Тілімді алса жүрмесін...
Мен бүгін бір түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім,
Төлеген мінген Көкжорға ат
Ер-тоқымсыз бос көрдім...»
Төлеген сонда сөйледі:
«Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
«Түс түлкінің боғы» еді,
Әрнеме деп келмеші-ау!..
Сәлем де Жібек қорықпасын,
Өліп кетсем Жібекті

Еш жаманға қор қылмас
Сансызбай атты інім бар...
Елімнің ақын, көсемі
Батыр Шеге дер еді,
Ақылға дарқан кен еді.
Олай-бұлай³ боп кетсем,
Сансызбайға басшы боп
Еліңізге жетіп келеді...
Не салса да Құдайым
Жібек үшін көрем деп,
Жібекке дұғай сәлем» деп
Енді атына мінеді...

Әлкисса, Төлеген неше милләт жол жүріп еліне келді. Сау-саламаттықпен ата-анасымен қосылып той жасады, тойдың үстінде Базарбай баласынан жауап сұрады:

¹ *Бейіш* – діни сөз. Жұмақ, жаннат, рақат деген.

² *Хорлар* – діни сөз. Наным бойынша жұмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыз.

³ *Олай-бұлай боп кетсем* – капелімде қаза тапсам деген мағынада.

– Қандай адамға құда болдық? – деді. Төлеген барлығын баян етеді¹. Сонда Базарбай айтты:

– Шырағым, қайына енді қашан барасын? – деді. Төлеген айтты:

– Жазғытұрым барамын, – деді. Атасы айтты:

– Шырағым, мен бір тілек тілейін. Бересің бе, бермейсің бе? Ендігі жылы осы уақытқа шейін бармағын, онан кейін өзім қасына көп әскер қосып жіберейін. Кәне, тілегімді бердің бе? – деді. Онда Төлеген айтты:

– Ата, ел-елден артық болмайды екен. Ешкімнің қызын көргенім де жоқ, жақтырғаным да жоқ, немді берейін? – деп шығып кетті. Сонда Базарбай кеп жұртына айтты:

– Бұл балам тілімді алмады, тілегімді бермеді, Төлеген қайына барамын десе, маған көргенің ұстап, байлап әкеліп беріндер. Егер қошемет² етіп біреуің жолдас болсаң, қолымды теріс жайып бата беремін, – деді...

Асып туған Төлеген
 Жағалбайлы³ халқынан,
 Жабдықтап атын мінеді
 Гауһар, лағыл, алтыннан.
 Жолдас ермей елінен,
 Жалғыз өзі жөнеді...
 Кетіп бара жатқанда
 Сансызбай жылап жүгірді...

Әлқисса, сол халде Төлеген айтты: «Неге жылайсың, шырағым? Жылама, женешенді алып келемін», – деді.

Сансызбай сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 «Жыламайын мен дағы,
 Өзіңнің де, көкежан,
 Көзіңнің жасын тый деді.
 Жылап отыр ата-анаң,
 Сапарынды қи» деді...
 Төлеген сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 «...Айналайын, жылама,
 Жібек сынды жеңгенді
 Алып келуге барамын...»

Бұл сөзді айтып Төлеген
 Сансызбайдың бетінен
 Үш қайтара сүйеді.
 Жерге алып қойып інісін,
 Қол ұстасып, қоштасып,
 «Қош, Алла» деп жөнеді...
 Атана лағынет⁴ Бекежан,
 Қыз Жібектің сыртынан
 Көп ғашықтың бірі екен.
 Баяғы алпыс жігіт қасында,
 Төлеген енді келер деп,
 Қособаның⁵ көлінде

¹ ... баян етеді – бұл жерде: өткен оқиғаны айтады, баяндайды.

² Қошемет – бұл жерде: қасында жүру, еру, бірге жүру мағынасында.

³ Жағалбайлы – Кіші жүз руларының бірі. Жырдағы Төлегеннің руы.

⁴ Лағынет – қарғыс (жек көрген адамға айтылатын жаман тілек).

⁵ Қособа – қазіргі Атырау облысының аумағындағы жер атауы. Жыр оқиғасы сол маңда болған.



Жолын тосып жүр екен...
 Бір курайды паналап,
 Жеткен екен жағалап,
 Төлегенді атқалы
 Жакындап келіп тұр екен.
 Мылтыққа білте¹ басады,
 Аруағы² асады,
 Төлеген сынды мырзаның
 Қанын судай шашады...

Сөз маржан

Шытырма – бұл жерде: шытыра сөзінен шыққан, яғни әртүрлі асыл тастары бар матадан тігілген көйлек деген мағынаны береді.

Тана – бұл жерде: асыл тастардан жасалған киімге тағатын жылтырауық түйме.

Әлқисса – сөйтіп, сонымен, содан соң деген мағынада.

Оба – өте қатерлі жұқпалы ауру, індет.

Тұрман – атқа мініп жүруге қажетті жабдықтардың жиынтық аты. Ер-тұрманға ерден басқа *тоқым, тебінгі, үзеңгі, тартпа, айыл, өмілдірік, құйысқан, жүген, шылбыр, тізгін* және т.б. жатады. Ер-тұрман *ер-тоқым* деп те аталады.

Жамбы – бұл жерде: көне сөз. Алтыннан, күмістен әртүрлі пішінде қорытылып құйылған құйма.

Көбеген – кепе, яғни ерте туған марқа қозы.

Қорамсақ – жебені салып жүруге арналған арнайы қалта.

Милләт – ел, халық деген мағынада.

Оқылым тапсырмалары

1. Лиро-эпостық жырларға тән ерекшеліктер мен олардың батырлар жырларынан айырмашылығын есімізге түсірейік.
2. *Ризалық беру, күдер үзбеу, тәубе ету* тіркестерінің мағынасын ұғып, оларға ұқсас, мәндес, мағыналас сөздерді табайық.
3. Жырды үш бөлімге бөліп, оларға ат қояйық. Неліктен олай атағанымызды түсіндірейік.
4. Жырда Жібектің сұлулығы қалай бейнеленген? Мысалдар арқылы дәлелдейік.
5. Жырдағы Жібектің түс көру эпизоды туралы не ойлайсындар?

¹ *Білте* – бұл жерде: ертедегі мылтықты оталдыратын ширатылған жіп.

² *Аруақ* – мағынасы өте көп: 1) діни сөз: өлген адамның рухы; 2) қу сүйек, құр дене; 3) киелі мекен; 4) ерекше күш, арқалы адам. *Бұл жерде*: ерекше күшті болып тұр деген мағынада.

6. Жыр мәтініндегі көркемдеу құралдарын тауып, түрлерін ажыратайық. Не үшін қолданылғандығын түсіндірейік.



7. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын жұбымызбен талқылайық.

1. Жақсы қыз – жағадағы құндыз,
Жақсы жігіт – аспандағы жұлдыз.
2. Адамдық – ақылда, сұлулық – жүректе.



Әдебиет теориясы

Портрет (франц. *Portrait* – бейнеленген) – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін суреттеу. Яғни, суреттеліп отырған тұлғаның сыртқы пішінін сөзбен суреттеп беруді *портрет* дейміз. Ғалымдар портреттің *детальды, сатиралық, ирониялық және т.б.* түрлері барын айтады.

8. Хрестоматияда берілген жыр мәтінін оқиық. Диагностикалық кесте-картаны пайдаланып, кейіпкерлерге мінездеме берейік.

Мінездеме мазмұны	Төлеген	Бекежан	Қаршыға	Қорен
Портреті, мінез-құлқы				
Өмірлік мұраты				
Есте қалған ерекше әрекеті				

9. «Қыз Жібек» көркем фильмі мен жырды салыстырайық. Фильмде қамтылмаған эпизодтарды салыстыра отырып, айырмашылықтардың болу себебін айқындайық.

Шығармашылық зертхана

XIX ғасырда қазақ халқының әдет-ғұрпы мен фольклорын зерттеген Ресейдің озық ойлы оқымыстылары қазақ халқы туралы: «Қазақтар табиғаттың қаталдығы мен тұрмыстың ауыртпалығына төзімді, өмірден қорықпайды. Киген киімдері мен киіз үйлеріндегі әсемдіктің көркемдіктің үйлесімділігіне ерекше назар аударады. Бір орыннан екінші орынға жылжығанда көштің сыртқы көз тартарлықтай әдемілігіне көңіл бөледі»¹, – дейді.

Айтылым тапсырмалары

1. Жырдағы қосалқы кейіпкерлерді анықтап, олардың бейнесі ашылатын эпизодтарды мәнерлеп оқиық.
2. Сынып ішінде үш топқа бөлініп, жыр мазмұнын негізге ала отырып «6 неліктен?» стратегиясы бойынша сұрақтар қояйық.

Үлгі: 1. Шығарма неліктен «Қыз Жібек» деп аталды деп ойлайсыңдар?
– Өйткені шығарманың басты кейіпкері – Жібек атты сұлу қыз.

¹ Қазақ фольклорының классикасы: Қыз Жібек. Алматы: Қазақ университеті, 2008.


2. Неліктен Жібекті сұлу қыз деп ойлайсыңдар?

– Себебі жырда оны былайша суреттеген...

3. Неліктен?.. .. .

Осылайша шағын топ ішінде келесі топтағы достарымызға «Неліктен?» деп басталатын алты сұрақ дайындайық. Сұрақтар мен жауаптардың дұрыс құрастырылуын қадағалайық.

3. Төлегеннің Жібекпен бақытты болмауына төменде келтірілген жағдайлардың қайсысы себеп болды деп ойлайсыңдар? Ойларымызды жырдан үзінді келтіре отырып дәлелдейік.



4. Хрестоматиядан Төлегеннің әуеде ұшқан алты қазбен қоштасуын жаттап алайық.
5. «Әдеби қонақ бөлме» әдісі бойынша Жібек пен Төлегенді шақырып, өзімізді толғандырған сұрақтарды қояйық.
6. Жырда кездесетін қазақ халқына тән салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы ойымызды ортаға салып, олардың бүгінгі күнде қолданылуы туралы пікірімізді білдірейік.
7. «Қыз Жібек» жырын жырлаушылар, яғни бізге жеткізуші жыршылар туралы мәлімет жинап, тың мәліметтермен бөлісейік.
8. «Хан жарлығы» әдісі бойынша әрқайсысымыз жеке-жеке «Жырдың бізге айтпағы не?» деген сұрақ төңірегінде ой қорытайық. Өз ойымызды жазып, жарлық түрінде орап бір-бірімізге жөнелтейік. Осылайша барлығымыз бір-біріміздің ойымызбен танысайық.

Біз білеміз бе?

Қазақ қыздарының бәрі сұлу. Дегенмен әр саладан тұңғыш болған қазақ қыздары туралы білеміз бе? Білгеніміз болса, айта отырайық!

Батыр әйел Гауһар – Қабанбай батырдың жары, Малайсары батырдың қарындасы (XVIII ғ.).

XVIII ғасырдағы саяси қайраткер әйел – Уәли ханның жұбайы Айғаным ханша Сарғалдакқызы (Шоқанның әжесі).

Қазақ қыздары ішінде 14 жасында дастан жазған – Алмажан Азаматқызы.

Қазақтан шыққан тұңғыш инженер әйел – Мәдина Бегалиева.

Бүкіл шығыс әйелдерінің ішінен Кеңес Одағының Батыры атағын алған қыздар: Әлия Молдағұлова (1925–1943); Мәңшүк Мәметова (1922–1943); Хиуаз Доспанова – Халық қаһарманы (1922–2008).

24 жасында КСРО халық әртісі атағын әніші Күләш Байсейітова алды (1946).

Қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер әйел, 1908 жылы Санкт-Петербург институтын бітірген – Гүлсім Жағыпарқызы (1884–1941).

Әйелдер арасынан тұңғыш КСР Суретшілер одағының мүшесі – Айша Ғалымбаева.

Тізімді әрі қарай жалғастырайық!

Жазылым тапсырмалары

1. Өзіндік көзқарас тұрғысынан жырды басқаша қалай жырлаған болар едіңдер? Өз нұсқамызды ұсынайық.

2. «Қыз Жібек» киносы туралы мәліметтерді сәйкестендіріп дәптерімізге жазып алайық.

1. Кино қай жылы жарыққа шықты?
2. Жібек рөлін кім сомдады?
3. Төлеген рөлінде кім ойнады?
4. Фильмнің режиссері кім?
5. Шегенің рөлін сомдаған актер кім?
6. Жібектің шешесінің рөлін кім ойнады?
7. Фильмнің музыкасын жазған кім?
8. Бекежанның рөлін сомдаған актер кім?
9. Фильмнің сценарийін кім жазды?
10. Фильмдегі ән-өлеңдердің сөзін жазған кім?

- Сұлтан Қожықов
- Әнуарбек Молдабеков
- Гүлфайрус Ысмайылова
- Асанәлі Әшімов
- Қадыр Мырза Әлі
- Ғабит Мүсірепов
- Меруерт Өтекешова
- 1970 жылы
- Құман Тастанбеков
- Нұрғиса Тілендиев



3. Суретте берілген киімдер кімдердікі? Олар оны қайда, қай уақытта киді деп ойлайсыңдар? Сипаттап жазып берейік.
4. Бірінші қазақ операсы – «Қыз Жібек». Төмендегі суреттерді пайдаланып, мына сұрақтарға жауап іздейік.
 1. Операның авторы кім?
 2. Басты рөлде кімдер ойнады (Жібек, Төлеген)?
 3. Опера қай жылы қойылды?
 4. Қайда, қай театрда қойылды?
 5. Операда орындалған «Гэкку» кімнің әні?
 6. Операның либреттосын жазған кім?



5. Жыр үзіндісіне байланысты берілген «Сансызбай» атты сөзжұмбақты шешейік.
 1. Аталмыш жырды жинап, жариялап, зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі.
 2. Төлегенді Жібекке ертіп әкелуші.
 3. Қарғыс сөзінің синонимі.
 4. Жырдағы оқиға болған жер аты.
 5. Көш алдындағы қыздың көйлегі.
 6. Төлегеннің әкесінің есімі.
 7. Қыз Жібектің «білегінің шырайының сабындай».
 8. Жібектің салатын былғарыдан тігілген қалта.
 9. «Енді ортаға алады, арқа салады».



Кері байланыс: «Зерде»

Алған ақпараттарымызды тұжырымсыз өз жетістігімізге баға берейік.

Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция – сабақтағы көңіл күйім.

Баға – жетістігіме беретін бағам.

Сын – өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея – маған келген жаңа ой.



ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Орхон-Енисей жазбалары XVIII ғасырда табылып, оны зерттеп, оқу сол кездерде басталды. Көне түркілердің руна жазуын ең алғаш рет 1893 жылы дат ғалымы Вильгельм Томсен оқыды. Кейін орыс ғалымы В.В.Радлов оның аудармасын жасады. Ал түпнұсқадан тура қазақшаға аударуда Ғұбайдолла Айдаров, Құлмат Өмірәлиев, Әбжан Құрышжанов, Мархабат Томанов, Алтай Аманжолов, Мырзатай Жолдасбеков және т.б. белгілі ғалымдарымыз еңбек етті.

Тасқа кашалған бұл жазуларда түркілердің аса ірі әскербасылары¹ мен билеушілері – Елтеріс қағанның кенже баласы Күлтегін мен оның ағасы Білге қағанның өмірі мен күрестері, қағанның кенесшісі Тоныкөктің даналық ойлары баян етіледі. Күлтегіннің он алты жастан қырық жеті жасына дейінгі өміріндегі ерлік істері, ел басқаруы баяндалады. Тоныкөктің бейнесі қазақтың жыраулық дәстүріндегі Бұқар жыраудың бейнесін еске түсіреді. Ғалымдар бұл дастандарды жазған Йолығ тегіннің өзінен бұрынғы түркі поэзиясының дәстүрін жақсы меңгерген акын екендігін айтады.

Күлтегін (684–731 жж.) – II Шығыс Түркі қағандығы әскерінің бас қолбасшысы, «Көк түркінің семсері» атанған атакты батыры. Әкесінен жастай жетім қалған ол ағасы Қапаған қағанның тәрбиесінде болады. Ағасы Білге қаған және Тоныкөкпен бірге ел тәуел-



¹ Әскербасы – үлкен әскери құрамалардың бастығы.



сіздігін сақтап қалу жолында аянбай тер төгеді. Күлтегіннің ерлігін батырдың өзіне арнап орнатылған ескерткіштегі жазулардан анық аңғаруға болады.

«Күлтегін» жырының басты идеясы – Күлтегін батырды Түркі қағандығының құдіретті тұлғасы ретінде көрсету. Күлтегін өлімі Түркі қағандығы үшін орны толмас қаза еді. Бұл туралы ескерткіште:

Інім Күлтегін қаза болды,
Өзім қайғырдым...
Көрер көзім көрместей,
Білгір ақылым білместей болды... –
деп баяндалады.

«Күлтегін» жырының ерлікті мадақтау дәстүрі қазақтың батырлар жырында жалғасын тапты. Сондықтан «Күлтегін» жырын түркі халқының тәуелсіздік жолындағы қаһармандық істері суреттелген ең көне әрі бай мұраларымыздың бірі деп таныған дұрыс.

Түпнұсқаны қазақша жырлаған – ақын Қадыр Мырза Әлі.

2000 жылы Күлтегін ескерткішінің дәл көшірмесі Қазақстанға жеткізіліп, Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің үлкен залына орналастырылды (суретте).

«Күлтегін» жыры

(ықшамдатып атынды)

Достар, «Мәңгілік Ел» деген ұғымды қалай түсінеміз?

«Мәңгілік Ел» идеясының бастау бұлағы болып табылатын «Күлтегін» жырын бірге тыңдайық (2-аудио).

Тірек сөздер:

- түркі халқы
- қаған
- ымырасыздық
- ақылдасу
- ерлік
- қаза болу
- қайғыру



Тыңдалым тапсырмалары

1. «Ісін-күшін беріп, осынша ел жиып,
Інім Күлтегін өзі қайтыс болды...»
Қалай ойлайсыңдар, жыр қалай жалғасуы мүмкін? Өз болжамымызды ұсынайық.
2. Қысқа уақыт ішінде төмендегі сұрақтарға жауап берейік.
 - Орхон-Енисей ескерткіштері немесе жазбалары деген не? Неге олай аталды?
 - Бұл шығармаларда не туралы айтылады?
 - Оның авторы бар ма?
 - Аталған жазбаларды кімдер зерттеген?
3. Күлтегін жырының өзіміз білетін батырлар жырынан айырмашылықтары бар ма?
Ойымызды ортаға салып дәлелдейік.

Жырдың жалғасын мәнерлеп, түсініп оқиық!

..Әкем қаған өлгенде
Інім Күлтегін жеті жаста қалды.
Он жаста Ұмай текті шешем қатынның бағына
Інім Күлтегін ер атағын алды.
Он алты жасқа келгенде
Ағам қағанның ел-жұртын сонша молайтты.
Алты чуб, соғдыларға қарсы
Атандық, талқандадық.
Табғаш, онтұтықтың бес мың әскері келді,
Соғыстық.
Күлтегін жауға жаяу ұмтылды...
Жиырма бір жасқа келгенде
Чача Сеңүнмен¹ айқастық...
Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде
Қырғыздарға қарсы атандық.
Найза бойлар қардан өтіп,
Көгмен² қойнауына жетіп,
Қырғыз халқын ұйқыда бастық.
Күлтегіннің жиырма жеті жасында
Қарлық халқы еркіндіктің нәтижесінде жауы болды.
Олармен Тамағ³ шыңында соғыстық.
Күлтегін сол соғыста
Отыз жаста еді.
Алып шалшы ақ атқа мініп
Шабуылға ұмтылды:
Қос батырын найзамен шанышты,
Қарлықтарды қырдық, алдық...

¹ Чача Сеңүн – сол кездегі елдің немесе батырдың аты.

^{2,3} Көгмен, Тамағ – сол кездегі жер атаулары.



Д.Қасымовтың “Күлтегін” атты суреті

Бір жылда бес рет шайқастық,
Ең ілкі Тоғу кентінде шайқастық...
Шешем – қатын, онан соңғы аналар,
Жеңгелерім, келіндерім, ханымдар.
Тірілерін түгел күндікте болар едіңдер,
Өліктерін жұртта, жолда жатар едіңдер.
Күлтегін жоқ болса,
Бәрің де өлімші едіңдер.
Інім Күлтегін қаза болды,
Өзім қайғырдым...
Көрер көзім көрместей,
Білгір ақылым білместей болды.
Өзім қайғырдым.
Қатты қайғырдым:
Екі шад, бүкіл жеткіншектерімнің,
Ұландарым, бектерім, халқымның
Көзі-қасы әз¹ болар деп қайғырдым...
Күлтегін өлгенде қырық жеті жаста еді.

Сөз маржан

Қаған – ел билеуші, патша, хан мағынасындағы көне түркі сөзі.

Қатын – хан, төре тұқымынан шыққан әйелге берілетін дәрежелік атау. Ел анасы деген мағынаны білдіреді. Көне түркі тілінде *әйел, ана, ханша* деген.

Шад – билеушілерге берілетін атақ.

Чуб, Табғаш (Қытай), Соғды, Оңтұтық, Қарлық – сол кезде болған халық, ел атаулары.

¹ Әз – 1) ардақты, аяулы, қадірлі деген мағынада қолданылады. Мысалы: «Ер елінде әз, бақа көлінде әз» (мақал). Бұл жерде: 2) соқыр, көр. Көз ауруынан, ауыр қасірет-қайғыдан, көп жылаудан көздің көру қуатынан айырылуы.

Оқылым тапсырмалары

1. «Күлтегін» жырын түсініп, мәнерлеп оқиық.
2. Жырды үш бөлімге бөліп, оларға атау берейік. Не үшін олай атағанымызды түсіндірейік.
3. Жырдың басты идеясы не деп ойлайсындар? Жырдағы негізгі ойды анықтайық.
4. Күлтегін кім? Оның іс-әрекеттерін жыр мәтіндерін пайдалана отырып, төмендегі үлгі арқылы көрсетейік.



5. *Шад, бек, ұлан* сөздерінің синонимдерін тауып, осы сөздерді қатыстырып мәтінге сай сөйлем құрайық.
6. Жырда кездесетін *чуб, соғды, табғаш, оңтұтық* сөздерінің мағынасын анықтайық. Осы сөздерді қандай жайт біріктіреді? Жырдың негізінде оларды бір сөзбен қалай атауға болады?



Әдебиет теориясы

Жыр – оқиғасы өлеңмен баяндалатын көлемді шығарма. Жырдың *батырлық, эпостық, лиро-эпостық, тарихи* және т.б. түрлері бар. Олар, негізінен, 7-8 буынды болып келеді.

Жыршы – батырлық, тарихи, ғашықтық жырларды айтып таратушы, ауыз әдебиетінің дәстүрін сақтаушы. Ірі өнерпаз жыршылар жырларды өзінше өңдеп немесе суырып салып, яғни өз жанынан шығарып та айтқан.

Айтылым тапсырмалары

1. «Екі түрлі түсініктеме» күнделігін толтырып, сынып ішінде пікірімізбен бөлісейік.

Мәтіндегі сендерге қатты әсер еткен тұстар, үзінділер	Сол әсер еткен үзінділер жайлы өздеріңнің пікірлерің


2. «Күлтегін» жыры мен «Қыз Жібек» жырын салыстыра отырып, оларға тән ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтайық.



3. Жырдан кейіпкердің ерекше іс-әрекеттері суреттелетін үзіндіні жаттап алайық.
4. <http://kitaphana.kz>, <http://anyzadam.kz>, www.el.kz т.б. сынды қосымша ғаламтор көздерін пайдаланып, төменде берілген тасмүсін мен жазулары бар тас туралы ғылыми ақпараттар жинайық. Жинаған ақпаратымызды жұбымызға баяндап, осы тақырыпта сұхбат құрайық.



5. Күлтегін мен эпостық жырлардағы батырларды салыстырайық. Олардың ұқсастығы мен ерекшелігін анықтап, қорытынды пікірімізді қанатты сөз немесе мақал-мәтелмен түйіндейік.



Біз білеміз бе?

Күлтегін – түркілер тарихындағы баһадүр тұлғалардың бірі. Ол – қаған аталмағанмен, атақты Мөде, Шыңғыс, Бату қағандармен пара-пар, түркі елінің ірі қолбасшысы. Ұлы көшпелілер империясының сабақтастығын, дәстүрлі жорығын жалғастыра білген кемеңгер ер, дара тұлға. Оның қылышына төтеп берген адам баласы ол заманда болған емес. Күлтегіннің 7 жасында әкесі Құтлық (680–692) қайтыс болады. Қаған тағына әкесінің інісі Қапаған (692–716) отырады. Қапағанның інісі Бөгүні (716 ж.) тақтан тайдырып, билікті Күлтегін мен Білге қолына (716–734) алады. Күлтегін көптеген ру-тайпа, ұлыстарды бағындыруда ерекше ерлігімен көзге түседі. Ол 16 жасынан бастап оғыз, татабы, табғаш (қытай), қырғыз, түргеш, соғды және т.б. елдерді бағындыра білген. Күлтегіннің құрметіне арналған ғұрыптық кешен қазіргі Монғолия елінің астанасы Улан-Батордан 400 шақырым жердегі ежелгі Қарақорым қаласының маңында, яғни Орхон өзенінің сол жағалауындағы кең далада орналасқан.



Жазылым тапсырмалары

1. «Мәңгілік Елдің ұрпақтары қандай болуы керек?» деген тақырыпта сыни шолу жазайық.
2. Төл теңгемізде бейнеленген Күлтегін ескерткішінің және тасқа басылған жан-жануарлар бейнесінің мәні неде? Өз ойымызды жазайық.



3. М.Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде: «...түркілер сүйкімділік, әдептілік, жарқынжүзділік, жүректілік, әділдік, кішіпейілділік, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру секілді ізгі қасиеттерге ие», – деп жазған екен.

www.tarih.spring.kz, malimetter.kz, old.abai.kz сынды ғаламтор материалдарын пайдалана отырып Махмұт Қашқаридың дөңгелек картасы туралы ақпараттар жинап, сынып ішінде қызықты мәліметтермен бөлісейік.



Махмұт Қашқари жасаған ежелгі карта

Зерттеушілік тапсырма

Атақты Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңіндегі:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа болып жан туып па?
Көп түрік енші алып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? –

деген жолдарындағы *Тұран, түрік, Түркістан, қара шаңырақ* ұғымдарын анықтайық.

Қосымша ақпарат құралдарын пайдаланып, «Түркілер деген кімдер?», «Түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті туралы не білеміз?», «Түркілерге қандай халықтар жатады?» деген сұрақтарға жауап берейік. Осы сұрақтар төңірегінде ізденіп, сыныптастарымызбен ой бөлісейік.

Кері байланыс: «Бес бармақ»

Ақ паракка алақанымызды қойып, жнегін айналдырып бастырайық. Салынған саусақтарға төмендегі сұрақтар бойынша жауап жазайық.

Бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?

Ортан терек – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім?



ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ БОРТОҒАШҰЛЫ

(XVII ғасыр)

Жиембет – XVII ғасырда өмір сүрген жыраулық поэзияның көрнекті өкілдерінің бірі. Ол «Еңсегей бойлы Есім хан» атанған, өз заманында ерекше билікке ие болған Ер Есімнің әскербасы батырларының бірі әрі жорықшы жырауы болған. Сондықтан Жиембет жырау толғауларының шығуы Есім хан есімімен байланысты айтылады. Жыраулар поэзиясын зерттеген ғалым-жазушы Мұхтар Мағауин «Алдаспан» жинағында: «Бортоғашұлы Жиембет көшпенділердің әскери аристократиясынан шыққан. Көне шежірелердің айтуынша, Жиембеттің арғы атасы – Ноғайлының қорғаны Алау батыр. Алау – XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген белгілі адам», – деп жазды.

Жиембет жырау туралы сол заманнан қалған жазба деректер жоқ. Жыраудың өз айтқандарына қарап қана оның Есім ханмен қандай қарым-қатынаста болғанын, өзі өмір сүрген ортада қандай беделінің бар екенін болжауға болады.

Жиембет жыраудың халық арасына кең тараған жырларының бірі – «Еңсегей бойлы Ер Есім» жыры. Аталған жырдың шығу тарихын Мақаш Бекмұхамедов былайша түсіндіреді: «Бортоғашұлы Жиембеттің інісі Жолымбет Есім ханмен бастас қалмақ ханының оған жіберген сұлу қызын өзіне жеткізбей, орта жолдан барымталайды. Жиембет батыр алғашында інісінің бұл қылығын құптамайды. Бірақ бір күндері Жиембет бәйбішесі Айсанқыздың айтқан сөздерінен соң інісін кешіріп, оны өзіне шақырады. Осыдан соң Есім хан Жиембетке де қыр көрсетіп, өштесе бастайды. «Бұрынғы достық дұшпандыққа душар болды. Сырттан томырайғанша, бетпе-бет отырып көкірегіме келген сөзді айтып шығайын» деп Жиембет ханға келеді. Осы сапарында «Еңсегей бойлы Ер Есім» деген жырын толғайды».

Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менім кенесім... –

деп басталатын жыр дан Жиембеттің хан кенесшісі ғана емес, кезінде қазақ жерін жоңғарлардан азат етуде аянбай ерлік көрсеткен батыр қолбасшы екенін де аңғарамыз.

Жиембет толғаулары көркем де өткір. Мұнда әсіресе халықтық нәрлі теңеулер арқылы бейнелі көріністер жасау, образды ойлар білдіру тәсілі өнімді орын алады. Батырлар жырындағы белгілі көркемдік түрді, суреттеу жолдарын қайталай отырып жырау өзінше жыр толғайды, өзіндік көркем туынды жасайды.

Менің ерлігімді сұрасаң,
 Жолбарыс пенен аюдай.
 Өрлігімді сұрасаң,
 Жылқыдағы асау тайындай.
 Зорлығымды сұрасаң,
 Бекіре менен жайындай ¹.
 Беріктігімді сұрасаң,
 Қарағай менен қайындай...

Мұнда батырлар жырынан айырма көп. Батыр өзінің күші мен мүмкіндігін жекпе-жекке түскелі тұрған жат батырға арнамайды, өзімен көп уақыт бірге жүрген билеушісіне арнайды. Бірақ екеуіндегі мақсат біреу: қарсы жақтың адамын қорқыту, оған психологиялық ықпал жасау.

«Еңсегей бойлы Ер Есім» жыры

«Еңсегей бойлы Ер Есім» жырынан үзінді тыңдайық (3-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары


1. Жырау кім? Жырау деген сөзді естігенде сендердің ойларыңа бірден не келеді?
2. Жырға тән ерекшеліктерді санамалап айтайық.
3. Автор бейнесі жырда қалай көрінеді?
4. Автордың өзіне берген бағасын мәтін түрінде үшінші жақтан жазайық.
5. Жиёмбет жырау мен Есім хан бейнесін салыстыра отырып, олардың портретін жасайық.

Тірек сөздер:

- кеңес
- ерлік
- батыр
- қалмақ
- зорлық
- бүлік

Салыстыру аймағы	Үндестік	Ерекшелік	Қорытынды пікір
Жиёмбет жырау			
Есім хан			

6. Ұстазымыздың көмегіне жүгіне отырып, жырау мен жыршының өзіндік ерекшеліктерін анықтап, салыстырып көрейік.



7. Осы уақытқа дейін әдебиет пәнінен алған білімімізді пайдаланып, жыраулар шығармашылығындағы басты тақырыптарды анықтайық.

¹ Бекіре менен жайындай: бекіре – еті мен уылшырығы өте бағалы ірі балық; жайын – басы үлкен, ірі жыртқыш балық.

Сөз маржан

Ебесін – жасы үлкен әйел.

Байтал – екі-үш жас аралығындағы құлындамаған жылқы.

Бұлың – бұл жерде: садақ оғының бір түрі.

Сауыр – малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.

Он екі ата Байұлы – Кіші жүз руларының үшінші бөлігі. 1) Алты ата Әлім; 2) Жеті ата Жетіру.

Достар, жырды әрі қарай мәнерлеп оқыық!

Әмірің қатты Есім хан,
 Бүлік салып бұйырдын:
 «Басын бер деп батырдың!»
 Қанын ішіп қанбаққа,
 Жанын отқа салмаққа.
 Атадан жалғыз мен емес,
 Хан пе, ісің жол емес.
 Жолбарыстай Жолымбет
 Құрбандыққа қол емес.
 Жол тосып алып кетіпті,
 Қалмақтан алмақ сыйыңды.
 Қаһарыңды басқалы
 Қалың елім жпылды.
 Бастап келген өзге емес,
 Жиембет сынды бшің-ді.

Малын салып алдына
 Әр саладан құйылды,
 Он екі ата Байұлы
 Бір Тәңірге ¹ сыйнды...

Қалмақтың Бөрі ханы
келгенде
 Соқыр бурыл байталға
 Сонда бір жайдақ ² мінгенсің...
 Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
 Қаланың қасы бұлгенде
 Хандар қалаға қылаған,
 Сұлтандар суға сылаған,
 Қаз мойынды ханшаныз
 Қалада тұрып жылаған...



Есім ханның кесенесі

¹ *Тәңір* – діни сөз. Құдай, Алла тағала, құдірет сөздерінің синонимі.

² *Жайдақ* – бұл сөздің мағынасы өте көп. *Бұл жерде*: жылқыға ер-тоқымсыз міну деген.

Тал шарбаққа мал сақтап,
Тас қалаға жан сақтап,
Тасқан екен мына хан!
Қайырылып қайыр қылуға
Қылығын жоқ ұнаған.
Қайратым қанша қайтса да,
Мұнына, ханым, шыдаман!

Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ¹ ұран десермін.
Ат құйрығын кесермін ²,
Ат сауырын берермін,
Алыста дәурен сүрермін,
Қарамасаң, ханым, карама,
Сенсіз де күнімді көрермін!..

Әдебиет теориясы

Арнау өлең – түркі халықтары поэзиясына тән жанр. Арнаудың өзі үш түрлі болады: *жарлай арнау*, *сұрай арнау*, *зарлай арнау*.

Жарлай арнау – көпшілікке, белгілі бір ортаға, қауымға немесе жеке адамға да қаратылып айтылады. Ы.Алтынсариннің «Бір Аллаға сиынып» атты өлеңі – жарлай арнаудың үлгісі. Жарлай арнау – ақынның жеке адамға емес, жалпы жұртқа жария кеңесуі.

Сұрай арнау – көпшілікке не жеке адамға арналып айтылады және жауап күтіледі. Сұрай арнауда кейде жауап беріледі, кейде жауап меңзеу арқылы сезіліп, білініп тұрады. Мысалы:

Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?
Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді?
Тамақ үшін сатқан иттер иманын. (А.Байтұрсынұлы)

Зарлай арнау – арнау өлеңнің ең көне түрі. Мұнда халық басына түскен қиын кезең немесе жеке адамның басына түскен қиындық, тағдыр тәлкегінің азабы ерекше ашылып көрсетіледі. Мысалы:

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны шарласам,
Саңлағымды табам ба? (Ж.Жабеев)

Оқылым тапсырмалары

1. Жиёмбет жыраудың портреті суреттелген эпизодтарды мәнерлеп оқиық.
2. *Жан сақтау*, *қайраты қайту* деген сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, синонимдерін табайық.
3. Жолбарыс пенен аюдай, Ханымды күнім, сізді айымдай,
Жылқыдағы асау тайыңдай, Садаққа салған бұлыңдай,
Бекіре менен жайындай, Сатып алған құлыңдай, –
Қарағай менен қайыңдай,
деген сөздердің қандай көркемдеу құралдары екенін және қай түріне жататынын анықтайық.
4. Жырда кездесетін «*Ат құйрығын кесермін*, *Ат сауырын берермін*» деген ұғымдардың мағынасын қалай түсінгеніміз туралы жұбымызға баяндайық.

¹ *Алашыма* – алаш – ел-жұрт, қауым, көпшілік, халық.

² *Ат құйрығын кесермін* – үзілді-кесілді кетемін, яғни араздасамын деген.

5. Жырдағы көркемдеу құралдарын сәйкестендірейік.

- | | |
|---|--|
| 1. Еңсегей бойлы Ер Есім, а) теңеу
Есім, сені есірткен
Есіл де менің кеңесім.
Ес білгеннен Есім хан... | 2. Тал шарбаққа мал сақтап, ә) ассонанс
Тас қалаға жан сақтап,
Тасқан екен мына хан!.. |
|---|--|

- | | |
|--|----------------|
| 3. Жұмыскерің мен едім
Сатып алған құлыңдай.
Жүруші едім араңда
Өзіңнің інің менен ұлыңдай... | б) аллитерация |
|--|----------------|

6. «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырынан арнау өлең жолдарын тауып, арнаудың қай түріне жататынын айтайық.

Зерттеушілік тапсырма

Атадан жалғыз мен емес, Хан ие, ісің жол емес.	Жолбарыстай Жолымбет Құрбандыққа қол емес... –
---	---

деген жолдардағы Жолымбеттің кім екендігіне, оқиғаға қандай қатысы барына зерттеу жасайық.

Айтылым тапсырмалары

1. Тобымыздағы оқушылармен ақылдаса отырып, Жиёмбеттің Есім ханға жыр арнауына себеп болған оқиғаларды анықтап айтайық. Ойымызды мысалдармен дәлелдеуді ұмытпайық.
2. Төменде берілген сурет бойынша жұбымызбен сұхбат құрайық.



Н.Кожиннің «Хан кенесі. Құрылтай» атты суреті

3. Жиёмбет жырау жыр арнап отырған Еңсегей бойлы Ер Есім туралы тарихтан білетінімізді еске түсірейік. Өзіміз білетін Есім хан мен жырдағы Есім ханды салыстыра отырып пікірімізді дәлелдейік.

Кейіпкерлер	Қандай?	Не істеді?	Көзқарасым
Тарихтағы Есім хан			
Жырдағы Есім хан бейнесі			

Біз білеміз бе?

1613 жылы Жетісуға шығыстан қалмақтар шабуыл жасайды. Есім хан он мыңдай шағын әскерімен оларға қарсы шығып, жеңіліп қалады. Сосын Жетісу рударынан қайтадан қол жинап, қалмаққа қарсы жорыққа аттанады. Тобылдың бойында, Ертістің жағалауында қалмақты қырады. Ертістің жағалауында болған соғыста ол ерекше ерлік көрсетеді. Өзі ұзын бойлы, еңселі кісі. Ерде отырғанда екі тізесі аттың құлағын қағатын болған. Елдің ортасында тұлғасы ерекше болғандықтан, осы ұрыстан кейін қазақ оны «Еңсегей бойлы Ер Есім» атап кетеді. Негізі, оның шын аты Есім емес. Азан шақырып қойған аты – Есмерхаммед («Аңыз адам» журналынан).

Жазылым тапсырмалары

1. Жырдағы оқиға желісін негізге ала отырып, Есім ханның атынан Жиёмбет жырауға жауап жазайық. Оқиғаны әрі қарай қалай дамытар едік?
2. Тарих пәнінен алған білімдерімізді пайдалана отырып, суретте берілген тарихи тұлғаларға сипаттама жазайық.



Қасым хан



Есім хан



Тәуке хан

3. Жиёмбет жырау бүгінгі күні өмір сүрсе, қандай тақырыпты жырлар еді деп ойлайсындар?
4. «Жырау боп менде сөйлейін...» тақырыбында ойтолғау жазайық.

Кері байланыс

✓	+	?
Бұрыннан білемін	Мен үшін жаңа ақпарат	Білгім келеді

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ СҮЙІНШҮЛЫ

(XV ғасыр)

Атақты жырау Қазтуған Сүйіншіұлы шамамен XV ғасырдың 20–30-жылдарында Еділ бойында дүниеге келген. Жыраудың өмірі туралы нақты деректер сақталмаған. Әкесінің аты – Сүйінші, анасының аты – Бозтуған.

Қазтуған жырау туралы Мұрат Мөңкеұлының «Қазтуған» толғауында жырау Ноғайлы заманының батыры ретінде суреттеледі. Демек, Қазтуған жырау би болуымен қатар батыр қолбасшы да болған. Жау жағадан алған қиын кезеңде Қазтуған елін аман сақтап қалу үшін жұртты бастап Еділ-Жайықтан қазақ жерінің күншығыс жағына ауған деседі. Мұның себебін жырау былай түсіндіреді:

Менін бүйтіп қозғалақтап жүргенім,
Аузы түкті кәпірдің¹
Күшті болған салдары-ай!..
Қайта келер деймісің
Мұсылманның баяғы
Шыңғыстан қалған хандары-ай!..

Қазтуған жыраудың бізге жеткен шығармалары көп емес. Алайда «Алаң да, алаң, алаң жұрт», «Бұдырайған екі шекелі», «Белгілі биік көк сеңгір» деп басталатын үш жырының өзі оның ақындық шеберлігін көрсетеді. Қазтуғанның шоқтығы биік² шығармасы – оның туған жермен қоштасу жыры.

Алаң да алаң, алаң жұрт,	Күйеу болып барған жұрт.
Ақ ала ордам қонған жұрт.	Анамыз біздің Бозтуған
Атамыз біздің бұ Сүйінші	Келін болып түскен жұрт... –

деген жолдардан туған жерінен еріксіз үдере көшкен ел көрінісі көз алдымызға келеді.

Жыраудың шығармалары көлемі жағынан шағын болғанмен, ішкі мазмұны, көркемдік деңгейі биік болып келеді.

Қазтуғанның өмірі мен шығармашылығын Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Мағауин, Ханғали Сүйіншәлиев, Жұмат Тілепов және т.б. ғалымдар зерттеген. Жырлары «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алдаспан» (1971), «Бес ғасыр жырлайды» (1984), «Поэты пяти веков» (1994) және т.б. көптеген жинаққа енген.

Қазтуған мұрасы орыс тіліне аударылған. Туған жер туралы толғауы Каирде ағылшын, француз, араб тілдерінде шығатын «Лотос» журналының арна йы қосымшасында 1972 жылы жарияланған.

¹ *Кәпір* – бұл жерде: жырау отаршыл патшалық Ресей империясының саясатын мензеп отыр.

² *Шоқтығы биік* – бұл жерде: ең көрнекті, ең көркем шығармасы деген.

«Қазтуғанның қонысымен қоштасу» жыры

Тірек сөздер:

- қоныс
- жұрт
- жас бала
- қайғылану
- қала
- қалмақ

Достар, қоныс деген сөзді қалай түсініп жүрміз? Қоныстың ата-бабаларымыз үшін қаншалықты маңызды болғанын білгілерің келе ме? Олай болса, келіңдер, жырды бірге тыңдайық (4-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тыңдалған үзіндіге ат қояйық. Не үшін олай атағанымызды түсіндірейік.
2. Жырға арқау болған ең негізгі оқиғаларды анықтап, сызба түрінде жазайық.
3. Қазтуғанның осылай жырлаудағы мақсаты не? Ойымызды жүйелеуде төменде берілген суретті пайдаланайық.



К.Отарбайдың «Қазтуғанның Еділмен қоштасуы» атты суреті

4. Қазтуған жыраудың қайғылануына себеп болған жағдайларды «Фишбоун» («Балық қаңқасы») әдісі арқылы дәлелдей отырып баяндайық.

Негізгі мәселе

Шешу жолдары

Қорытынды



Достар, толғаудың жалғасын мәнерлеп бірге оқиық.

...Бұл қоныстан кетпесен,
Мұны талақ¹ етпесен,
Атаңа нәлет кәпірдің

Пайдасына қалмаса игі еді.
Ноғайлы-қазақ жұртымның
Кейінгі туған балдары-ай!

¹ Талақ – мағынасы көп. Бұл жерде: тастап кету деген мағынада.

Адыра қалғыр ¹ Көк Жайық,
 Аңырап қалған қонысым!
 Қонысымнан ауған соң,
 Кетпегей еді ырысым.
 Таудағы тарлан бөрі едім,
 Тарылған сынды тынысым.
 Кейінгі өскен жас бала
 Ақ балтырын түрініп,
 Басарына ерініп,
 Көкірегі күйініп,
 Тек тірлікке сүйініп,
 Ықтиярсыз жүгіріп,
 Аузы түкті кәпірдің
 Етпегей еді жұмысын!
 Бұл қоныстан кетпесең,
 Мұны талақ етпесең,
 Екеу-екеу сөйлесіп,
 Бізден кейінгі өскен жас бала
 Аузы түкті кәпірдің
 Сокпаса екен пайдасын!

Буыршының ² жалғыз
 қырқар азуы,
 Бөкеннің желіп өтер төрт саны,
 Бұғының ауыр кара мүйізі,
 Бидайықтың жалғыз соғары,
 Қашағанның ³ ұзын құрығы,
 Ақ орданың тіреу сырығы,
 Айдаса – қойдың көсемі,
 Сөйлесе – тілдің шешені,
 Арғымағын жаз жіберіп,
 күз мінген,
 Күз жіберіп, жаз мінген,
 Жазаласа – екі жылда
 бір мінген,
 Жолдасын жолай іздеген,
 Өзіне тиген дұшпанын
 Қарт бурадай тіздеген.
 Мен – Қарғабойлы Қазтуған,
 Қайғыланып асып барамын
 Ноғайлы-қазақ елімнен!

Сөз маржан

Ебей – бұл жерде: өсімдік атауы.

Бидайық – бұл жерде: қаршыға тұқымдас қыран құс.

Құрық – жылқыны ұстауға арналған, ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.

Сырық – киіз үйдің түндігін ашуға, шаңырақты тіреуге арналған ұзын ағаш.

Мауыты – матаның бір түрі.

Мұшақат – машақат, бейнет, азап, қиыншылық деген мағынада.

Оқылым тапсырмалары

1. Жырды негізге ала отырып, Қазтуған жыраудың бейнесін ашайық. *Үлгі:*



¹ *Адыра қалғыр* – қарғыс. *Бұл жерде:* бұл сөз тіркесі поэтикалық қолданыс тауып, өкініш, ренішті білдіріп тұр.

² *Буыршы* – бір өркешті 4 жасар түйенің еркегі, яғни жас үлек.

³ *Қашаған* – қашып ұстатпайтын, тұра қашатын деген мағынада. Әдетте, жылқы малына айтылады.

2. Төменде берілген үзіндіде автор не айтпақ болды деп ойлайсыңдар?

Кейінгі өскен жас бала
Ақ балтырын түрініп,
Басарына ерініп,
Көкірегі күйініп,

Тек тірлікке сүйініп,
Ықтиярсыз¹ жүгіріп,
Аузы түкті кәпірдің
Етпегей еді жұмысын!.. –

деген шумақтағы автордың ойын қалай түсінгеніміз туралы сыныптастарымызбен ой бөлісейік.

Әдебиет теориясы

Қайталау – сөз әсерін күшейте отырып оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше рет қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу. Қайталаудың *жай қайталау*, *еспе қайталау*, *әдепкі қайталау* (анафора) және *кезекті қайталау* (эпифора) сияқты түрлері бар.

Ақын оқырманның назар аударғысы келіп бір сөзді арнайы бірнеше жерде қайталауы *жай қайталау* деп аталады. Айтылмақ ойдың түйдектеле, еселеніп келіп айтылуын *еспе қайталау* дейміз. Өлеңдегі әрбір жолдың тармақтың бір сөз немесе бір сөз тіркесінен басталып, қайталанып келуін *анафора* дейміз. Өлеңнің соңында бір сөздің не сөз тіркесінің бірнеше рет қайталанып келуі *эпифора* деп аталады.

3. Зерттеушілер пікірін негізге ала отырып, өз пікірімізді кестеге толтырайық.

Зерттеушілер пікірі	Менің пікірім
«Қазтуған поэзиясы – табиғат аясындағы көңілі таза, сәби көшпендінің поэзиясы». <i>М.Мағауин</i>	

4. Толғауда айтылған жер-су атауларын Қазақстан картасынан тауып көрейік. Қазтуған қоныстарының орнын анықтап, картаға түсірейік.



¹ *Ықтияр* – әр адамға тән ерік, қалау. *Бұл жерде: ықтиярсыз* – амалсыз, еріксіз, қалауынсыз деген.

Айтылым тапсырмалары

1. *Еділ, Жайық, Ойыл* атты үш топқа бөлініп, Қазтуған жыраудың атақонысымен қоштасуына себеп болған жағдайларды тарихпен байланыстыра отырып талдайық.

Еділді алса, елді алар,
Енді алмаған не қалар?
Жайықты алса, жанды алар,
Жанды алған соң не қалар?
Ойылды алса, ойды алар,
Ойлашы, сонда не қалар? –

деген жолдардағы автор сұрағының кімге бағытталып отырғанын анықтайық.

2. Төмендегі кестені басшылыққа ала отырып жырдағы көркемдеу құралдарын тауып, олардың қолданылу себебін түсіндірейік.

Анафора	Эпифора	Ассонанс	Риторикалық сұрау

3. Дәстүрлі әншілердің орындауындағы Қазтуған толғауларын тыңдап, алған әсеріміз бен түсініктеріміз туралы ой бөлісейік.
4. Төменде берілген нақыл сөздер мен мақал-мәтелдің мағынасын талқылайық.

1. Ұлтарактай болса да,
Атақоныс жер қымбат.
Ат төбеліндей болса да,
Туып-өскен ел қымбат.

2. Өз елімнің басы болмасам да,
Сайының тасы болайын.

3. Сырттан кіжінген найзалы жаудан іштен аңдыған кездікті дұшпан қауіпті.

Ғ.Мұстафин

4. Зор дұшпаннан қандай сақтансаң, ұсақ жаудан сондай сақтан.

Шәкәрім

Зерттеушілік тапсырма

Ұстазымыздың көмегімен Қазтуғанның «Қарғабойлы Қазтуған» атануының себебін іздестірейік.

Жазылым тапсырмалары

1. Қазтуған жыраудың «Қайран да менің Еділім!» толғауын (Б.Тілеухановтың орындауында) тыңдап, «Мен – Қарғабойлы Қазтуған» атты тақырыпта шағын мінездеме-шығарма жазайық.
2. Жыраулардың қазақ тарихындағы орны қандай? Жырдың мазмұнына сүйеніп әдеби эссе жазайық.
3. «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» жыры негізінде жұбымызбен бірлесіп, «Қазтуған жырау» және «Оқырман» кейпіне ене отырып, үлгіге сәйкес сұхбат жасайық. **Үлгі:**
Оқырман: – Сіздің жырыңызда кездесетін «Ноғайлы-қазақ жұртымның...» деген жолдардағы ноғайлы деген кімдер?
Қазтуған жырау: – Бұл уақытта қазақ пен ноғай халқының тамыры бір болғаны белгілі. Сондықтан олардың кескін-келбеті мен мінез-құлқы да, әдет-ғұрпы мен тұрмысы да, ішкен асы мен киген киімі де, сөзі де ұқсас болған. Шоқан Уәлиханов ноғай мен қазақты туысқан халықтар деп сипаттаған.

4. Қоныс, туған жер, ел, жайлау сөздерін пайдаланып, төменде берілген суретке сипаттама жазайық.



Кері байланыс: «Жер қыртысы»

Қазтуған жыраудың «Қазтуғанның қонысымен қоштасу» жыры бойынша жинаған білім қорымыз, тапсырмаларды орындау барысында қандай көңіл күйде болғанымыз, топта, жұпта қалай жұмыс жасағанымыз туралы ой қорытайық.



I тарауға арналған тест сұрақтары

- 1. Лиро-эпостық жырларға жатпайтын шығарманы көрсетейік:**
 - а) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»;
 - ә) «Қыз Жібек»;
 - б) «Алпамыс батыр»;
 - в) «Айман-Шолпан».
- 2. Руна жазуын ең алғаш оқыған ғалым кім?**
 - а) В.Томсен;
 - ә) В.Радлов;
 - б) М.Томанов;
 - в) А.Аманжолов.
- 3. «Қыз Жібек» жырының негізгі идеясын белгілейік:**
 - а) елі мен жерін жаудан қорғау;
 - ә) сұлулықты дәріптеу;
 - б) әлеуметтік теңсіздікті сынау;
 - в) сүйіспеншілік пен адалдық.
- 4. «Қазтуғанның қонысымен қоштасу» жырында кездеспейтін жер-су атауы қайсысы?**
 - а) Ойыл;
 - ә) Еділ;

- б) Жайық;
в) Қособа.
- 5. Төмендегі өлең жолындағы көп нүктенің орнына қажетті сөзді табайық:
«Зорлығымды сұрасаң, Бекіре менен ...».**
- а) қайыңдай;
ә) тайыңдай;
б) аюдай;
в) жайыңдай.
- 6. Жырауға тән емес қасиетті атап көрсетейік:**
- а) ханның ақылшысы;
ә) көреген саясаткер;
б) батыр қолбасшы;
в) қатал әмірші.
- 7. Мекерлік сөзімен мағыналас сөзді табайық:**
- а) қулық, айла;
ә) мергендік, батырлық;
б) сұлулық, әсемдік;
в) қорқақтық, сужүректік.
- 8. Төмендегі кейіпкерлердің қайсысы «Күлтегін» жырына жатпайды?**
- а) Елтеріс қаған;
ә) Білге қаған;
б) Қазтуған;
в) Тоныкөк.
- 9. Жырларды жатқа айтып таратушы деп аталады. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қояйық:**
- а) жыршы;
ә) жырау;
б) абыз;
в) ақын.
- 10. Есім ханның тұсында өмір сүріп, «Еңсегей бойлы Ер Есім» деп жырлаған жырау кім еді?**
- а) Жиёмбет жырау;
ә) Қазтуған жырау;
б) Бұқар жырау;
в) Асанқайғы.

Алыстан сермен,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл...

Абай



ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ

Достар, біз «әдебиет – өмір айнасы» деген сөзді жні естиміз. Ойланып қарасак, расымен де, кез келген қаламгер өз заманынан көргені мен түйгенін жазады.

«Толғауы тоқсан қызыл тіл» тарауында біз:

- «Зар заман әдебиеті», «Зар заман ақындары» деген ұғымдардың мағынасын ашып, ол туралы ғалымдардың айтқан ой-пікірлерімен танысамыз.

Зар заман өкілдерінің бірі – Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты толғауын оқып, сол заманның зар-мұңын түсінеміз. Бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған заманмен салыстыра отырып баға береміз.

- Қазақтан өзге халықта кездесе бермейтін төл өнердің бірі – айтыс өнерінің ерекшелігіне тоқталамыз.

Сүйінбай Аронұлы сынды айтыскер ақынымыздың шығармашылығынан маңызды орын алатын «Сүйінбайдың Қатағанмен айтысын» тыңдап, айтыс өнерінің табиғатын түсінеміз.

- Халық басына түскен сын сағаттарды суреттеген Жамбыл Жабаевтың «Июнь жарлығы» («Зілді бұйрық») атты тарихи өлеңі де бізді бей-жай қалдырмасы анық.

ЗАР ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫ

«Зар заман» атауын әдеби термин ретінде алғаш рет Мұхтар Әуезов қолданысқа енгізді. Өзінің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде: *«Зар заман – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман туралы айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтатын ақындардың барлығына «Зар заман ақындары» деп ат қойдық»,* – дейді.

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ жерін ресейлік отарлаушылар билеп-төстей бастағаны бәрімізге тарихтан белгілі. Еркіндікке үйренген қазақ халқы құнарлы жерінен ақырындап айырыла бастады. Орыс шаруаларының қазақ жеріне ағылып келуі жұрттың наразылығын оятты. Өз жерінің басқалардың қолына өтуі ақындардың зар-мұңға толы жырларын тудырды.

Зар заман ақындары деп кімдерді айтамыз?



Ө.Кердері



М.Мөнкеұлы



Н.Орманбетұлы

Зар заман ақындарының белгілі өкілдеріне Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөнкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан т.б. ақындар жатады. М.Әуезов зар заман ақындары дәуірін Абылай хан тұсынан бастап Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, Нарманбет Орманбетұлымен аяқтайды.

Ғалымдардың айтуынша, зар заман ақындарының шығармаларында салт-сананың бұзылуы, билер мен әкімдердің паракорлығы, тұрмыстың нашарлауы, мал санының азаюы, қоныстың тарылуы сияқты күрделі мәселелер жырланады. Әсіресе жерден айырылу, жер зары зар заман ақындарының басты тақырыбы болды.

Мысалы, Мұрат Мөнкеұлының «Үш қиян» толғауындағы:

Еділді тартып алғаны –
 Етекке қолды салғаны.
 Жайықты тартып алғаны –
 Жағаға қолды салғаны,
 Ойылды тартып алғаны –
 Ойдағысы болғаны... –

деген жыры осының дәлелі.

Отаршылдықпен бірге қалалардың салынуы, халықтың отырықшылдыққа көшуі, алым-салықтың көбеюі мен ақшаның келуі, параның өсуі мен қарапайым халықтың аңқаулығын пайдаланған саудагерлердің алаақтығы да ақындар жырларына арқау болды. Сондай-ақ өмір бойы дастарқанынан қымыз кетпеген қазаққа шайдың келуі де таңсық болды. Қазақ арасына санақ¹ келіп, бала-шағасы мен малдарының санаққа алынуын да қазақ шошына қабылдаған. Сонымен бірге зар заман ақындарының шығармаларында өткен заманды аңсау мен елдің ертеңіне алаңдаушылық білдірген өлеңдер де кездеседі.

¹ Санақ – белгілі мақсатпен жүргізілетін есеп (адамның, малдың т.б. санын анықтау үшін).

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ

(1818–1881)



Шортанбай – айтыскер, акын, әдебиетіміздегі «Зар заман» деп аталатын кезеңнің ірі өкілдерінің бірі. Қолда бар аз деректерге қарағанда, акын 1818 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданының Қаратау бойында дүниеге келген.

Сәбит Мұқанов акын поэзиясын зерттей келе: «Шортанбайдың үш зары бар. Олар: «Зар заман», «Бала зар», «Өлер зар». Осы үш зарда да халықтың басына түскен зарды, заманының зарын айтқан»¹, – дейді.

Шортанбайдың «Зар заман», «Заман қайтіп оналсын?», «Опасыз жалған», «Ақырғы сөз», «Өзі туралы» т.б. көптеген өлең-толғауларында өз заманының сипатын ашық байқатады. Шортанбай өмір сүрген кезең халық қонысының тарылып, түрлі бекіністер салынған, қазақтың көптеген қалаларының Ресейге бағына бастаған кезі болатын. Осыларды көрген акын халықтың көзін ашып, санасын оятуға тырысты. Елді бірлікке, елін-жерін, тілін, дінін, салт-дәстүрін сақтап қалуға шақырды. Жердің талан-таражға түсуі себепті халық дәстүрінен айырыла бастады, ата-ананы, үлкенді сыйлау азайып барады деп шошынды.

Акынның жыр-толғауларымен қатар тарихи оқиғаға құрылған «Ақжолтай батыр» атты дастаны бар. Дастанда акын Ағыбай батыр мен оларды сонынан ерткен Кене ханның әрекеттерін баяндайды.

Сондай-ақ Шортанбай – айтыс ақыны. Оның Орынбаймен, Шөжемен айтыстары сақталған. Шөже акын Шортанбайды өте жоғары бағалап: «Басқа акын тап өзіндей ірі ме еді, ел сыйлаған пірім едің,» – деген екен.

Акынның 1890 жылы, кейін 1911 жылы Қазан қаласында «Бала зары» атты өлеңдер жинағы басылып шықты. Акынның өлең-толғаулары «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1932), «Айтыс» (1966), «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991), «Жеті ғасыр жырлайды» (2007) және т.б. көптеген жинақтарға енген.

¹ Мұқанов С. Қазақтың XVIII–XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер. Құраст. Қайырбеков Ә. Алматы: Арыс, 2002.

«Зар заман» толғауы

Тақырыпашар тапсырма

Достар, қалай ойлайсыңдар, біз қазір қандай заманда өмір сүріп жатырмыз? Ой бөлісейік.

Қазақ – түрлі қиын заманды бастан кешкен дана халық. Оны білу үшін келіңдер, «Зар заман» толғауынан үзінді тыңдайық (5-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. *Зар* деген сөздің мағынасын ашып, осы сөзге үш синоним табайық. Бұл сөзді басқа қандай ұғымдармен байланыстырып қолдануға болатындығы турасында пікірлесейік.
2. Тыңдаған үзіндіде Шортанбай ақын үнемі шумақтың соңын *қорқамын* деген сөзбен аяқтап отырады. Ақын қорқыныштарының себебін анықтап, берілген үлгі бойынша жазайық.
3. Төменде берілген шумақтағы *буыршын, тақымдау, дуанбасы, болыс* сөздерінің мағынасын түсініп, өлең мазмұнына қаншалықты әсері барын анықтайық.

Тірек сөздер:

- *заман*
- *тар заман*
- *билік*
- *патша*
- *тілмаш*

Елді еркіне қоймады
Буыршындай тақымдап.
Дуанбасы, болыс¹ тұр
Кәпірдің сөзін мақұлдап...

Өлеңнің жалғасын түсініп, мәнерлеп оқыық.

...Мына заман қай заман?
Азулыға² бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы – жаннан түңілген,
Жаман – малдан түңілген,
Мұның өзі – зар заман.

Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген,
Мұның өзі – тар заман.
Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті,
Тәңірім болғай деместен.

Анты жұқпас бойына,
Әрне түсер ойына.
Жалмауыз болды үлкенің,
Қазақ, сенің сорыңа.

Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ, қазақтар,
Енді сенің торына.
Орыс – бүркіт, біз – түлкі,
Аламын деп талпынды.
Орыстан қорлық көрген соң,
Отырып билер алқынды...

Патша жұртын канады,
Байлар жөргем санады.

¹ *Болыс* – 1) тарихи сөз: бұрынғы кездегі аумақтық-әкімшілік бөлініс; 2) зат есім: бір болыс елдің әкімі, басқарушысы; 3) етістік: көмектесу, жәрдемдесу, қолдау. Бұл жерде: екінші мағынада.

² *Азулы* – мықты, күшті деген мағынада.

Жарлының жаны берік екен,
Мал үшін он екі ай кой бағып,
Жалғыз тоқты¹ алады...

Кетейін десе, алды тар,
Тұрайын десе, кәпір бар,
Қайсыбірін айтайын,
Қазақтың ұлы камалды.
Қамалмай енді неғып тұр,
Тәубесінен қазақ жаңылды².
Тұс-тұсынан жау шығып,
Дұшпанға жаман табынды.
Көдесі³ қалың Арқаныз
Ақ шөбін қымай бағынды.
Бағынғанның белгісі:
Билік кетті басыннан,
Қорлық көрдің жасыннан.
Ұл-қызыннан үміт кетті,
Айырылдың құда, досыннан.
Мұнан қатты не болсын,
Өмір менен осыдан...

Бұ дүниеде не деп айтайын,
Көңілінде иман⁴ бар адам.
Бір пара жанды малды қып,
Бір пара жанды малсыз қып,

Бір пара жанды ғалым қып,
Бір пара жанды залым қып,
Бір пара жанды дінді қып,
Бір пара жанды дінсіз қып,
Шерне үшін жанды жаратты...
Мал бермеймін дегеннің
Үстіне шекпен кигізіп,
Ініне қоржын⁵ ілгізіп,
Ақ таяғын ат қылып,
Айуаннан жат қылып,
Елден тамақ сұратты...

Зар заманның аяғы –
Заманың кетті баяғы,
Ықылас-ниет қалмады,
Үлкенге билік салмады,
Жарлының жалғыз сүйеніш
Мал болыпты таяғы...
Айырылмайтуғын дерт болды
Кедейге қылған қорлығың.
Кәпірді көрдің піріндей,
Тілмашты⁶ көрдің женгендей,
Дуанды көрдің үйіндей,
Абақты тұр қасында
Қазылған қара көріндей!..

Сөз маржан

Қоңсы – 1) кедей ауыл, кірме; 2) бірге отырған ауыл-үй, көрші-қолаң.

Шекпен – жүннен тоқылған немесе қалыңдау матадан тігілген сыртқиім.

Жөргем – бұл жерде: 1) пайда, олжа; 2) будақтап өрілген ішек; 3) жермен-жексен болып шұбатылып өсетін шөп; 4) бір кесек шикі ет.

Пір – діни сөз. Бұл жерде: қолдап-қорғаушы рух деген. Ауыспалы мағынада демеуші, қолдаушы, сүйеуші деп те айтылады.

Дуан – белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлестік, бекініс, аймақ.

Дуанбасы – бір дуанға басшылық ететін адам.

¹ *Тоқты* – койдың алты айлан асқан, кепеден үлкен төлі.

² *Тәубесінен жаңылу* – бұл жерде: қазақ халқы өзінің дәстүрлі әдет-ғұрпынан, салт-санасынан айырыла бастады деген мағынада, яғни өкініш білдіру.

³ *Көде* – далалы жерде шок-шок болып өсетін қысқа жапырақты сұлы тұқымдас майда шөп.

⁴ *Иман* – діни сөз. Мағынасы көп. Бұл жерде: адам бойындағы ізгілік, ұят, ар, намыс, адамгершілік.

⁵ *Қоржын* – жолаушы жүргенде әртүрлі нәрсе салу үшін пірілген жүннен тоқылған екі басты қалта.

⁶ *Тілмаш* – бір тілден екінші тілге ауызекі, қолма-қол аударатын адам.

Әдебиет теориясы

Метафора (грек. *metaphora* – ауыстырып қою) – екі нәрсені не құбылысты жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы, Абай өлеңдерінде кездесетін *жастықтың оты, жүректің көзі*.

Метафорада теңеудегідей екі нәрсе салыстырылмайды. Мұнда бір затты немесе құбылысты екіншісіне ұқсатады. Мысалы, М.Жұмабаевтың:

*Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,
Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей, –*

деген жолдарындағы ақынды желге, отқа балауы – метафораның шебер үлгісінің бірі.

Оқылым тапсырмалары

1. Өлеңді толығымен мәнерлеп оқып, «Зар заман» ұғымына өз тарапымыздан анықтама ұсынайық.
2. Тобымыздағы оқушылармен ақылдасып, Шортанбай ақын жырлаған «Зар заманның» басты белгілерін төмендегі үлгіге салып ашып көрсетейік.
3. Өлеңнен төмендегі көркемдеу құралдарын тауып, мысал арқылы дәлелдейік:
а) эпифора; б) ассонанс;
ә) анафора; в) метафора.
4. Шортанбай ақын өлеңдерін «Зар заман» ақындарының басқа ірі өкілдерінің шығармашылығымен салыстырып көрейік.
5. Төменде берілген шумақтағы *қорлар, зорлар, барлар, жоқтар* дегендердің кім екенін анықтап, осы сөздердің баламасын табайық.



*Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды.
Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар тоқ болды...*


Зерттеушілік тапсырма

Заманға, уақытқа байланысты айтылған мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді, шешендік сөздерді тауып, топ ішінде талқылайық.

Айтылым тапсырмалары

1. Достар, *тарихшылар, тілшілер, журналистер* тобына бөлініп, «Авторға сұрақ» әдісі бойынша Шортанбай Қанайұлымен сұхбат жасайық. Сұрақтарымыздың өлең мазмұнынан алшақ кетпеуіне назар аударайық.
2. «Зар заман» өлеңінің негізінде өлең авторының көңіл күйін анықтайық.
3. Бүгінгі заманымыз туралы алмасқан идеяларымыз бен жинақтаған ойларымыздың қорытындысы ретінде бірнеше топтарға бөлініп, шығармашылық шығарылым (аудиопоззия немесе бейнепоззия) жасайық.

4. «Венн диаграммасы» арқылы Шортанбай жырлаған заман мен бүгінгі заманды қатар қойып салыстырайық.



Біз білеміз бе?

Қазақ әдебиетіндегі «Зар заман» деп аталатын дәуірді қырғыз бауырларымыз да бастан кешірді. Қазақтың жерін талауға түсірген жасауылдар қырғыз ауылдарына да көз жұма қараған жоқ. Қырғыз әдебиетіндегі зар заман Қалығұл Байұлы деген ақындарынан бастау алады¹.

Жазылым тапсырмалары

1. «Фантастикалық саяхат» әдісін пайдаланып, XIX ғасырға саяхат жасайық. Егер сендер сол заманда қолдарыңда билік күші бар адам болсаңдар, не істер едіңдер? Өлең мазмұнын негізге ала отырып, өз жоспарымызды жазайық.
2. Сол заманның адамы ретінде өз заманымызға баға беріп, шағын сыни шолу жазайық.



Кері байланыс: «Жер кыртысы»

Шортанбай Қанайұлы «Зар заман» толғауы тақырыбы бойынша алған біліміміз бен іс-әрекетімізді қалай бағалаймыз? Жетістік ағашынан өзімізді тауып, бояп, қорытынды тұжырымдарымызды жазайық.

АЙТЫС ӨНЕРІ

Айтыс – қазақтың төл сөзі, *айтысу*, *жарысу*, *сынасу* ұғымында қолданылады. Ақындар айтысы қазақтан басқа қырғыз, қарақалпақ халықтарының да өмір тіршілігінен орын алған. Ертеде айтыс шығыс пен батыстың кейбір елдерінде (Араб, Үндістан, Иран және т.б.) де болған. Бірақ әр елде әртүрлі тәсілде айтылған. Айтыстың жанрлық қасиеті, өзіне тән түрі тек қазақ әдебиетінде сақталған.

Айтыста ел өміріндегі ең маңызды мәселелер көтеріледі. Жиналған халық айтысты тамашалап, рухани ләззат алады. Сондай-ақ қай ақын сөзінің ұтымды болғанын бақылап, бағалап отырады.

¹ Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. Алматы: Арна, 2013.

Ақындар айтысы – көптің көз алдында өтетін сөз жарысы, өнер сайысы. Екі жақтан айтысқа түскен ақындар өленді қолма-қол¹ суырып салып айтуы шарт. Айтысқа түсуші ақындарға қойылар талаптар: біріншіден, тыннан ой құрап, құрастырып өлең шығару; екіншіден, айтысушы қарсы ақынның аякастынан қойған сұрағына өлеңмен ұтымды жауап беріп, сөз қайтаруы қажет; үшіншіден, ақындар өленді мақамына келтіріп, домбыраға қосып белгілі бір әуенмен айтуы тиіс. Музыкалық аспап айтыстың әсерлілігін арттырады. Қазақ халқындағы ақындар айтысы жүйрік аттардың бәйгесі сияқты, айтысқа түсіп жеңген ақындарға да бәйге берілген.

Халқымыз бұрынғы ақындар айтысының дүлдүлі Біржан мен Сараны, Кемпірбай мен Шөжені, Жанак пен Орынбайды, Көкбай мен Әріпті, Әсет пен Рысжанды, Жамбыл мен Құлмамбетті және т.б. ақындарды елдің ар-намысын қорғаушылар деп көтермелеп, олардың айтыс өлендерін сан ғасыр өтсе де, ұмытпай біздің дәуірімізге жеткізген.

Айтыстар мазмұнына қарай бірнеше түрге, түрлі тақырыптарға бөлінеді. Олар: *бәдік айтыс, жануарлар мен адамның айтысы, салт айтыс – қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы, жұмбақ айтыс, өлі мен тірінің айтысы, дін айтысы, мысал айтысы және осы күнгі айтыстар*.

Бұл айтыстардың өзіндік ерекшелігі және өзіндік мәні бар.

Айтыс өнерінің қиын түрі – *жұмбақ айтыс*. Бұл айтысқа түсетін ақындар жан-жақты білімді болуы керек. Өйткені жасырған жұмбақты тез шешіп беру онай емес.

Жалпы айтыс – ақындардың тәрбие мектебі. Ел алдына шығатын ақындар айтар сөздерінің мәні мен көркемдігіне қатты назар аударған.



¹ *Қолма-қол* – бұл жерде: бірден, дереу, іле-шала жауап беру.

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ

(1815–1898)

*Берілі байрақ астында,
Бөгеліп көрген жан емен.
Берідей жортып кеткенде
Бөлініп қалған жан емен.*

С.Аронұлы



Сүйінбай Аронұлы – ақын, айтыс өнерінің шебері. Ол Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қаракыстақ ауылында дүниеге келген.

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сынбай!.. –

деп Жамбыл оны өзіне ұстаз тұтқан. Сүйінбай мен Жамбылдың өмір сүрген ортасы, әлеуметтік жағдайы, Қоқан бектерінің қысымы, патшаның Жетісу өлкесін бағындыру саясаты, қырғыз-қазақ үстем тап өкілдерінің кедейлерге көрсеткен зорлық-зомбылықтары – бәрі ұқсас. Сүйінбай ақын ешкімнен тайсалмай шындықты тіке айтқан. Онын болыс-билерге арналған «Момын малын зұлымға алып беріп», «Қарғадан қарға туар қаркылдаған», «Болыстарға баға», «Мақсұтка», «Қасымға» және т.б. көптеген арнау¹, сықак өлендері бар.

Сүйінбай шығармаларының негізгі идеясы – адамның өмірдегі орны, олардың бойындағы жақсылы-жаманды мінездер, ру арасындағы тартыстар², елдің берекесі мен бірлігі. «Жақсы менен жаманның айырмасы», «Жақсы болса ағайын», «Дүние әлі-ақ өтер», «Нақылдар» сияқты жыр-толғаулары адамгершілікке, сыйластыққа үндейді. Философиялық шығармаларының ішінде «Ақын болып жырмамда» атты өленінің орны ерекше. Онда адам өмірі кезендерге бөлініп, әр кезеннің өзіне тән ерекшелігі сипатталады.

Сонымен қатар Сүйінбайдың бір топ өлендері қазақ-қалмақ қатынастарына арналған. Қалмақтар көрші жатқан қазақ халқына сан рет әділетсіз соғыстар ашқан. Ақын сондай жаугершілік кезеңде ел намысын қорғаған батырлардың ерліктерін жырға қосты.

Сүйінбайдың сатиралық, философиялық өлендерімен бірге «Жабай батыр», «Қарасай батыр», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» деген тарихи жырлары бар.

¹ *Арнау* – белгілі бір ортаға, көпшілік қауымға немесе жеке адамға арнап айтылатын өлең.

² *Тартыстар* – бұл жерде: айқас, егес, талас.

Сүйінбай – айтулы айтыс акыны. Академик Мұхтар Әуезов Сүйінбайдың айтыстағы өнеріне өте жоғары баға беріп, оны «Айтыс өнерінің алтын дінгегі» деп атаған. Сүйінбай мен Қарғаның айтысы (мысал айтыс), Сүйінбаймен Тезек төренің айтысы, Сүйінбай мен Уәзіпаның айтысы, Сүйінбай мен Қантарбайдың айтысы сынды айтыстар – оның суырыпсалма ақындығының дәлелі. Сүйінбайдың айтыскерлігі туралы Жамбыл ақын жазушы Сапарғали Бегалинге айтқан естелігінде: «Сүйінбай сан түрлі санлақ¹ ақындармен айтысқан, соның бәрін жеңген. Әсіресе Сүйінбай мен Қатағанның айтысы адам таңғаларлық ерекше айтыс қой! Мені алғаш рет қырғыз еліне таныстырған осы айтыс. Ел арасында көп жырладым», – деген екен.



Сүйінбай мен Қатағанның айтысы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Достар, айтыс деген қандай өнер? Ол туралы не білеміз? Ойымызды ортаға салып, жұбымызбен сұхбат құрайық.
2. Айтыстың қандай жанр екендігін, оның қандай түрлері барын есімізге түсірейік.

Айтысты рөлге бөліп оқиық.

«Қырғыз ханы Орман үлкен ас² береді» деген хабар көршілес қазақ еліне алты ай бұрын тарайды. Орман хан Жетісу бойын мекендеген қазақ руларын билеп-төстеп отырған Тезек төреге арнайы шақыру хат жібереді. Хат несі Тезектен ақын, жыршы, бүркітші, палуандарын ала келуін өтінеді.

Атақты ас Қырғыз жерінде, Ыстықкөл жайлауында XIX ғасырдың орта шенінде өтеді. Асқа қазақ-қырғыздың ақсүйектері, би-болыстары мен манаптары және қарапайым бұқара халық та көп жиналады.

Тірек сөздер:

- қазақ
- қырғыз
- айтыс
- ақын
- ел
- жеңіс

¹ *Саңлақ* – 1) ұшқыр, жүйрік; 2) ауыспалы мағынада елден ерек, озат, шебер, айтқыш. *Бұл жерде*: екінші мағынада.

² *Ас* – мағынасы өте көп. *Бұл жерде*: көне сөз. Қайтыс болған адамды еске түсіріп, құрмет көрсету үшін жасалатын салт.



Қырғыз елінің шоң¹ манабы Бәйтiк қазақтан келген қалың топқа: «Тезек төре! Мына бадана көз, сұлу жігіт Сүйiнбай ақын емес пе?» – деп сұрайды. Өзiнiң аты бiрiншi аталғанда Сүйiнбайдың айтқаны:

Ассалаумағалайкүм, сәлем бердiк,
Мүбәрәк жүздерiндi жана көрдiк.
Атақты ас-жиынды құттықтауға
Бауырлас қырғыз елi саған келдiк.

Жүйрiктер қосылмаған қою шаңға,
Қосылар қыран бүркiт қашқан аңға.
Хан Жантай, Қара Бәйтiк, Өтекене
Келiп ек амандаса Орман ханға...

Алдына қалың қырғыз келгеннен соң,
Жарай ма қайтып кету көңiл айтпай?!
Қырағы аспандағы ақиықпын,
Құмары басылмайтын борандатпай.

Сүйiнбай осылай деп тоқтағанда, Бәйтiктiң тасасында отырған қағiлез қайыстай қара жігіт қарғып тұрып, қолына домбырасын ала айғайға салып Сүйiнбайға тиiседi:

Қатаған:

Сүйiнбай, тоқтат ендi сөзiндi...
Ақынмын деп ойлайсын
Мен тұрғанда өзiндi.
Қисық ағаш кездестi,
Бiр құрайын тезiмдi.
Барың болса қарышта,
Барар жерiң сезiлдi...
Қырғыздан шыққан жүйрiкпiн

¹ *Шоң* – үлкен, дәу, дөкей, жуан. *Бұл жерде*: атақты, белгiлi деген.

Құс мойынды, қоян жон,
Тұлпардан туған жатаған.
Өз мініңді айтқызып,
Бай-мырзанды құса ғып,
Өлтіресің қападан ¹.
Құрығымды ұсынсам,
Құтылған емес қашаған.
Е, Сүйінбай, Сүйінбай,
Сүйінбай сені женемін
Құдайға да спынбай!..

Жағынды жаппай келгеннен
Қоздырдың менің жынымды-ай!..
Боз жапалақ ² сен едің,
Қияқты сұңқар мен едім,
Тырнағым саған ілінсе,
Қалмайды желкен қиылмай.
Еліңе сонда қайтарсын,
Көзіңнің жасы тыйылмай.
Осы жер сені жеңіп жіберсем,
Келмессің қайта жиынға-ай!.. –

деп демін алғанда, Қатағанның екпінінен жасқанған Тезек төре Сүйінбайға жалтақ-жалтақ қарай береді. Әдегенде Сүйінбай булығып қалады. Сол кезде Бөлтiрiк шешен Тезек төреге: «Ей, төрем, көтер басыңды, құтыңды қашырма ³. Сүйінбай өлең таппай, сөз таппай отыр дейсің бе?! Булығып отыр. Сүйінжан, шығар дауысыңды», – дегенде:

Сүйінбай:

Қашырма, төрем, қаныңды,
Кіргізейін жаныңды.
Қатағаннан жеңілсем,
Талап алғын малымды.
Іздегенім осы еді,
Іздегенім табылды.
Қатаған сөзден жаңылып,
Өзінен-өзі қағынды.
Қызып тұрған темірге
Өзі келіп қарылды...
Жүйрік аттай көсілсем,
Көре алмассың шаңымды...
Акку құстай ұшайын,
Аяғыңды тұсайын.
Көппін деп айттың, Қатаған,
Сөзіңнен осы ұстайын...
Шапырашты қалың ел
Жауды көрсе қаптаған.
Көптігінен қорықпай,
Сабыр қылып саспаған.

Қарасай үлкен ер еді,
Есімі елге белгілі
Баһадүрлердің бірі еді...
Қол бастаса жорықта
Қарасай білсін дер еді.
Мен Қарасай ұлымын...
Айтулы ердің бірімін.
Менменсінген мықтының,
Талайын жеңген ер едім...
Онан бері айтайын,
Қалың жатқан Ошақты,
Атамыз қойған осы атты.
Батырлары көп шығып,
Алтыннан сауыт жасатты...
Онан бері Ыстым бар,
Алатаудай күштім бар...
Онан бері Сарыүйсін,
Ұлы жүздің бәрі Үйсін...
Одан бері Сiргелi,
Ол да бiр жұрт iргел i...

¹ Қапа – бұл жерде: қайғы, шер, мұн.

² Жапалақ – түнде ғана ұшатын, көзі бақырайған имек тұмсық құс.

³ Құтыңды қашырма – бұл жерде: қорықпа, енсенді түсірме, қапаланба дегенді білдіреді.

Ал тындай бер, Қатаған,
 Іледен әрі өтейін.
 Бармағын басқан кырғызға,
 Жалайырға жетейін.
 Он екі атадан тараған
 Абак, Тарақ жұртым бар...
 Онан әрі Дулатты,
 Батырлары көп шығып,
 Талай жерді шулатты...
 Алты аталы Албаным,
 Албанымды қозғасам,
 Саған түсер салмағым...
 Онан әрі Суаным,
 Аз да болса жуаным...
 Орта жүзге келейін,
 Әуселенді көрейін.
 Сарыарқанын жерінде
 Арғын деген жұртым бар...
 Көкшетауды жайлаған –
 Атығай мен Қарауыл,
 Әрқайсысы әр ауыл.
 Одан әрі барайын,
 Жауған қардай борайын.
 Тобықты мен Уакпен
 Алды артыңды орайын...
 Одан әрі барайын,
 Керейге қолқа салайын.
 Атқа мінсе найза ұстап,
 Қалай болар жағдайын...
 Өр Алтайды жайлаған,

Наймандарға келейін,
 Қаптағайлап қаптатып,
 Әуселенді көрейін...
 Кіші жүзге жетейін.
 Елімнің қандай екенін,
 Түсінген шығар көкейің...
 Сырдария, Аралдың
 Шартарабын жайлаған,
 Сұлтансық, Баксық.
 Он екі ата Байұлы,
 Жеті аталы Жеті ру,
 Әлім менен Шөмекей,
 Алшын менен Жаппасым,
 Қанеки, бетке қарашы,
 Жете алдың ба санына?..
 Тоқсан баулы Қоңыраттың.
 Тоқсан екі ұлы бар,
 Білуші ме едің, Қатаған,
 Кім екенін Қыпшақтың?
 Естіп пе едің, Таманың,
 Көкбөрісі даланың...
 Топ бастаған бұлбұлмын,
 Сөз бастаған жүйрікпін,
 Судан шыққан сүйрікпін,
 Бәйгеден озған дүлдүлмін,
 Шығарма, Қатаған, үніңді...
 Қырғыз, қазақ қосылып,
 Енді топқа кіргізбе
 Ақын деп мактап мұныңды?! –

деп тоқтағанда, батыр Жантай:

– Сүйінбай ботам! Сен жеңдің! Қатаған жеңілді. Қатаған көппін деп мақтанды, аттын түгіндей қазақтан кырғыз қашан көп болып еді?.. – деп ашуланады Жантай батыр.

– Өзіндей қазақтың жүйрік, алғыр ақынына қандай сыйлық жасасақ та жарасады. Ерлігінді, еркелігінді кырғыз халқы көтеріп алады. Жеңген жүлдене не таңдайсың? Соны өлеңмен жеткізші, Сүйінжан! – дейді екі елдің айтысын басқарып отырған Қара Бәйтік...

Сөз маржан

Мүбәрак – қайырымды, мейірман, қайырлы.

Тез – қисық ағаты түзету үшін не түзу ағашты ию үшін қолданылатын құрал. «Тез қасында қисық ағаш жатпас» (мақал).

Жатаған – аласа, тапал, қысқа, кішкене, тәпелтек, тайпақ, мыртық, пәс.

Сүйрік – 1) қамыс, борық т.б. сияқты сулы жерде өсетін өсімдіктердің жұмсақ, тәтті тамыры; 2) балықтың бір түрі. *Бұл жерде:* екінші мағынада.

Манап – 1) қырғыздардың руларының ақсүйектері; 2) әкім, төре, ұлық, шонжар, сұлтан, шора, мырза, бек.

Оқылым тапсырмалары


- Жұбымызға төмендегідей сұрақтар қою арқылы айтыс мәтінін түсінуге тырысайық.
 - Аталған айтыс қай уақытта, қай жерде, қандай оқиғаға байланысты өткен еді?
 - Бұл айтысқа кімдер шақырылды?
 - Айтыс қалай басталды?
- Мәтіннен ақындардың өздеріне берген автопортреттері мен бір-біріне берген бағаларын тауып оқиық. Оқырман ретінде өз бағамызды қойып, пікірімізді дәлелдейік.



- Оқыған үзіндіні негізге ала отырып, екі ақынға салыстырмалы мінездеме берейік.

Салыстыру аймағы	Портреті	Мінезі	Іс-әрекеті
Қатаған			
Сүйінбай			

- Айтыста кездесетін көркемдеу құралдарын мысалдар арқылы дәлелдейік.



- Айтыста Қатағанның жеңілуіне себеп болған жағдайларды санамалап жазайық. Мысалы:

1) орынсыз мақтану; 2) ; 3)

- Сүйінбайдың жеңуінің себебін қалай түсіндірер едіңдер? Ойымызды дәлелдейік.

Академик-жазушы М.Әуезов «Айтыс – қазақтың театры» деген екен. Олай болса, келіңдер, айтыстан үзінді тыңдайық (6-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тыңдаған үзіндідегі «Көптігімді айтайын, Байлығымды айтайын» деген кімнің сөзі? Ақын осы сөзді не үшін айтты деп ойлайсыңдар?
2. Сүйінбай осы айтыста қандай қазақ рулары мен батырларын тілге тиек етеді? Мұның себебін қалай түсіндірер едіңдер? Бірнеше пікір білдіріп, ортақ шешім ұсынайық.
3. Тыңдаған үзіндіні негізге ала отырып, қос ақынның мақсаты мен айтыстың басты идеясын анықтайық.
4. Айтысты өзге жанрлармен салыстыра отырып, өзіндік ерекшеліктерін анықтайық.

Салыстыру аймағы	Лиро-эпостық жыр	Өлең	Айтыс
Тақырыбы мен идеясы			
Кейіпкерлердің мақсаты			
Кейіпкерлердің сөйлеу формасы			
Бейнелеу құралдары			

5. Осы күнгі айтыстың көрнекті өкілдерін атайық. Бір айтысты тыңдап, сыныпта ойталқы өткізейік.




Әдебиет теориясы

Сарказм (грек. *sarkasmos* – ащы мысқыл, жанға батыру) – күлкі етудің бір түрі, зілді кекесінмен ажуалау. Құрылымы жағынан иронияның ұлғайған түрі. Иронияда зілсіз, көбіне іштарта ажуалау басым болса, сарказмда ол шарықтау шегіне жетіп, батыл, ашық әшкерелеуге көшеді.

Ақындар айтыс барысында қарсыласын ащы мысқылмен кекетіп, келемеждеу, жігерін жасыту мақсатында сарказмды қолданған.

Айтылым тапсырмалары

1. Сүйінбай мен Қатағанды «Әдеби кафеге» шақырып, айтысқа байланысты сұхбат алайық.
2. «Айтыскерлер», «Қазылар алқасы», «Көрермен» топтарына бөлініп, өз жанымыздан айтыс жасап көрейік.
3. Сынып ішінде ұйымдастырылған айтысты видеоға түсіріп, оған жарнама жасайық. Ұстаздың көмегімен өңдеп, ғаламтор желісіне орналастырайық.
4. Тобымызбен ақылдасып, мәтіннен мысалдар келтіре отырып, төмендегі сұрақтар төңірегінде өз ойымызды білдірейік.
 - Қазақтың «брэнді» атанған айтыс өнерін дамытып жүрген бүгінгі айтыскерлерден кімдерді білеміз?
 - Айтыста жеңу міндетті ме?
5. «Жетістікке жетудің жолдары қандай?» деген сұрақпен топ ішінде ой бөлісейік.
6. Айтыскер ақынға қандай қасиеттер керек деп ойлайсыңдар?
7. Сүйінбай мен Қатағанның айтысын бүгінгі күні өзіміз көріп жүрген телевизиялық айтыстармен салыстырып, баға берейік.



Біз білеміз бе?

Қатаған – қырғыз елінің атакты ақыны. Қатаған туралы әдебиетте екі түрлі пікір бар. Бірінде оның шын аты Арыстанбек еді деп айтады. Арыстанбек Бұйлашұлы 1828 жылы Шоң Нарын деген жерде туған, руының атымен Қатаған аталып кеткен. Ол 1882 жылы 54 жасында қайтыс болған.

Кейбір қырғыз ғалымдары Қатаған ақын Арыстанбек емес, екеуі жеке-дара ақындар дейді. Қалай болғанда да, ғылым үшін Қатаған тұрақты емес.

2015 жылы Сүйінбай жылы аясында Анкара қаласынан Сүйінбай Аронұлының өлеңдері мен ақын мұрасын зерттеушілердің еңбектері түрік тілінде басылып шықты. Сондай-ақ Анкарада түрік тілінде ай сайын шығатын «Kardeş kalemler» журналының бір нөмірі Сүйінбай ақынға арналып, Анкарадағы бір саябаққа Сүйінбай Аронұлы есімі берілген.

Жазылым тапсырмалары

1. Сүйінбайдың айтыстары туралы ізденіп, «Сүйінбай – айтыс өнерінің алтын діңгегі» атты тақырыпта әдеби эссе жазайық.
2. Қалай ойлайсындар, айтыс барысында ақындар қандай мәселелерді көтеруі керек? Осы туралы шағын сыни шолу жазайық.
3. <http://kitap.kz>, <http://kazaitys.kz>, <http://www.youtube.com/watch?v=SbEvsS> сияқты қосымша ғаламтор көздерін пайдаланып, аталған айтыскерлердің айтыстарынан үзінді тыңдап, ақындар айтқан ерекше ойлар мен тіркестерді жазып алайық.
4. «Айтысып көрсем деп едім» атты айдармен жазбаша айтыс жасайық.

Зерттеушілік тапсырма

«Қазақтан басқа қай халықтарда айтыс сақталған? Олардың айтыстарының ерекшелігі неде?» деген сұрақтарға жауап тауып, шағын зерттеу жұмысын жүргізейік.

Кері байланыс: «Білім кемесі»

Кеме желкенін сәйкес түске бояп, тақырып бойынша өз жетістігімізге баға берейік.

Жасыл түс – толық түсінік пен белсенділік.

Сары түс – қиындық пен толқыныс.

Қызыл түс – түсініксіздік пен алаңдаушылық.



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

(1846–1945)

Жамбыл – менің жай атым,

Хатық – менің шын атым...

«XX ғасырдың Гомері» атанған жыр алыбы – Жамбыл 1846 жылы қазіргі Жамбыл облысының Шу өзенінің бойындағы Жамбыл тауының етегінде қыстың бір боранды күндерінде дүниеге келіпті. Содан Жамбыл атын алыпты.



Ауыл молдасынан хат тануға барған бала
Жамбыл көп уақыт өтпей молданың таяғынан
кейін оқуға бармай қояды. Молдадан көрген
қорлығын жас Жамбыл:

Шып-шып етіп молданың
Қолындағы тобылғы¹.
Қозғалтпайды жонымды,
Талай дүре соғылды... –

деп суреттейді.

Он бес жасынан өлең айта бастаған Жамбыл ел ішіндегі әділетсіздік пен келенсіздіктерді, байлардың өктем мінездерін өлеңге қосып, халық құрметіне бөленген. Ақынның «Өстепкеде», «Есенәлі мешкейге», «Кәдірбайдың төбеті» сынды өлеңдері осыған дәлел. Жамбылдың жас кезіндегі жырлары жазылып алынбаған.

1916 жылғы маусым жарлығынан кейінгі халық басына түскен ауыртпалық ақынның «Патша әмірі тарылды», «Июнь жарлығы» («Зілді бұйрық») өлеңдерінен көрініс тапты.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында ақын өзінің «Ата жаумен айқастық», «Өмір мен өлім белдесті», «Ленинградтық өренім» және т.б. сияқты көптеген өлеңдері арқылы жауға қарсы күреске үндеп, халықтың батыр ұлдарын жырға қосты.

Жамбыл – ақындығымен қатар үлкен жыршы. Өзінің «Менің өмірім» атты толғау-естелігінде Жамбыл ақын былай дейді: «...Ел жүдеген² үстіне жүдей берді. Менен ел жыр сұрағанда батырларды жырла дейтін болды. Мен де жұрттың тілегіне орай «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр», «Көрұғлы батыр» және т.б. жырларын айтатын болдым». Демек, Жамбыл отаршылдықта езілген халықтың қамкөңілін³ жыршы болып та көтеріп жүрген.

Он бес жасында атакты Сүйінбай ақыннан бата алған Жамбылды нағыз ақын ретінде елге танытқан – оның айтыстары. Ол Айкүміс, Досмағамбет, Сарбас, Шашубай, Құлмамбет сияқты ірі айтыс ақындарымен айтысып, қазақ арасында ғана емес, көршілес қырғыз еліне де танымал болған.

¹ *Тобылғы* – қызыл күрең түсті бұта. *Бұл жерде*: сол бұтаның бұтағынан жасалған шыбық.

² *Жүдеген* – жүдеу, арықтау. *Бұл жерде*: ауыспалы мағынада елдің әлеуметтік жағдайы төмендеген, нашарлаған дегенді білдіреді.

³ *Қамкөңіл* – қапалы, қайғылы, мұңлы, уайым басқан деген.

«Июнь жарлығы» («Зілді бұйрық») өлеңі

(ықшамдалып атынды)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жамбыл туралы ең алғаш қайдан естігенімізді есімізге түсірейік. Жамбылмен байланысты не білетін едік?
2. «Топ десе, он жетімде тартынбадым, Семсердей майдандағы жарқылдадым» деп жырлаған Жамбыл кім?

Достар, халқымыздың басынан кешкен қиын күннен хабар беретін ақын өлеңін мәнерлеп оқыық.

Верныйдан жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.

«Отыз бір-он тоғызды алады» деген,
Суық хабар халықты бұлқындырды.

Жылады сорлы халық малын айтып,
«Кеткен соң қолдан шығып, келмес қайтып»
Дейді де еңірейді, егіледі,
Қайғының күні-түні күйін тартып.

Верныйдың қадам баспай қаласына,
Кемпір-шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де,
Халықтың жүректегі жарасына.

Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.
«Қырсаң да баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.

Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер тұр «бармаймыз, қаламыз» деп.
«Егер де бұл түрінді өзгертпесең,
Басына бір ойранды саламыз!» деп.

Ел-ел боп жылды кеп әрбір сайға,
Ал, әлеумет¹, қарандар мына жайға.
Сендей² болып соғылып толқындады,
«Бір сая бола ма деп шыбын жанға?»

Жылды бозбалалар бір кезенге,
«Қарғалы» деген тасқын бір өзенге.

Тірек сөздер:

- жандарал
- бұйрық
- халық
- боздақ
- абақты
- қаза

¹ Әлеумет – ел-жұрт, көпшілік қауым, халық.

² Сендей – өзен-көлдердің бетіндегі қатып қалған мұздардың жылжуы, ағуы, бір-бірімен соғылуы.



Шюнь жарлығы кезіндегі Верный қаласының келбеті

Пристав кетті «еріксіз аламын» деп,
Көресің бұл істі деп кезегінде.

Бәрін де ол пристав жаттап алды,
Басшыларын қағазға хаттап алды.
Аттандырып бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды...

Суында Қарғалының ауыз ашты,
Бір пәлекет ¹ халыққа душарласты.
Басшылары кеткен соң, тағат алмай,
Жиылған жұрт дағдарып жанталасты.

Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
Барды боздақтардың көзі жайнап.
Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жөнелді абактыға соры қайнап.

Жақсыдан жақсы қоймай алды санап,
Қамалды абактыға қырғыз, қазақ.
Білмеді не болғанын сырттағы жұрт,
Қамалғандар тірідей тартты азап.

Шулайды абактыға қамалған көп,
Сырттағы жүр «Біз енді қайтеміз?» деп.
Губернатор, жандарал ² жауапқа алды:
«Жайлауда ту көтеріп шапқан кім?» деп.

¹ *Пәлекет* – бұл жерде: қырсық, кесел, жала.

² *Жандарал* – көне сөз: генерал деген.

Ешқайсысы айтпаған соң айғай сап кеп,
Өзі айтты жандаралдың «Бекболат!» деп.
Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды «Дарға асып, тарт!» деп.

Қалықұлды бірге жазды дарасына,
Байбосын қоса кетті арасында.
Абактыда қалғандар естен танды,
Көзінің қамшы тиіп қарасына.

Әкетті байғұстарды арбаға сап:
«Іманыңды айтатын молдаңды тап.
Үндерінді шығарма, өнкей надан,
Мұнан былай сөйлеме, аузыңды жап!..»

Сөз маржан

Боздақ – 1) бұл жерде: ер-азамат, жас жігіт мағынасында; 2) түйе түлеген соң жаңадан шығатын жұмсақ ұлпа жүн.

Сарша – шілденің аяқ кезі мен тамыздың бас кезіндегі ыстық, аптап.

Сең – көлдер мен теңіз, өзендердің бетінде қатып қалған мұздардың көктемде еріп сынған бөлшектері, мұз ағыны. Бұл жерде: сеңдей соғылысты (соқтығысты), аласапыран болды, сапырылысты деген мағынада.

Ұлық – жоғары мәртебелі адам, әкім, төре.

Оқылым тапсырмалары

1. Өлеңді топ ішінде шумақтап оқып, ақынның айтпақ болған негізгі идеясын анықтайтын төрт тірек сөзбен түйіндейік.
2. Өлеңде айтылған тарихи жерлерді картадан тауып көрсетейік.
3. Өлеңдегі басты оқиғаны анықтап, тарих пәнінен белгілі «Маусым жарлығы» («Июнь жарлығы») оқиғасын есімізге түсіре отырып, төмендегі кестені толтырайық.

Тарихтан білетінім	Жамбыл өлеңінен түсінгенім

Әдебиет теориясы

Тарихи өлең. Академик М.О.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны – тарихи өлеңдер. Тарих өлеңдері, ең алдымен, ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады», – дейді.

Тарихи жырлар – белгілі тарихи оқиғаға байланысты туған кең көлемді шығармалар. Мұнда батырлар жырындағыдай ғайыптан туу, жар іздеу, құда түсу т.б. сияқты оқиғалар кездеспейді. Бұл жырлардың бәрі тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты кейіпкерлері – тарихта болған адамдар.

Тарихи жырлар жөнінде алғаш пікір айтқан Ш.Уәлиханов болды. Қазақ әдебиетіндегі тарихи жырларды Үмбетей, Мұрат, Нысанбай, Шернияз, Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын сияқты ақын-жыраулар шығарған не болмаса толықтырып, өңдеп қайта жырлаған.

4. Өлеңнің не себепті «Июнь жарлығы» немесе «Зілді бұйрық» деп аталғандығы туралы өз ойымызбен бөлісейік.
5. «Отыз бір – он тоғызды алады» деген, Суық хабар халықты бұлқындырды, – деген жолдарды қалай түсінгенімізді өз жұбымызға баяндайық.

«Июнь жарлығы» («Зілді бұйрық») өлеңін әрі қарай тыңдайық (7-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Топ болып төмендегі сұрақтарға жауап берейік.
 - Үзіндіде қандай оқиға баяндалады?
 - Ол оқиға қай жерде өтеді?
 - Ұрыста кім қаза табады?
 - Олардың кінәсі не деп ойлайсыңдар?
 - Ақын халықтың жағдайын қалай сипаттайды?
2. Өлең қалай аяқталады?
3. Жамбылдың осы өлеңіне ұқсас, яғни мазмұндас қандай өлеңдер білеміз? Жамбыл жырау кімдермен замандас болды? Айтып көрейік.

Біз білеміз бе?

Жамбыл Жабаев – тұңғыш «XX ғасыр Гомері» атанған қазақ ақыны. Ешкімнен жеңіліп көрмеген айтыс ақыны.

1938 жылы 15 шілдеде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің тұңғыш сессиясын өлеңмен ашқан ақын.

Жамбыл ақын жүз жасаған.


Жамбылдан Абайдың алты ай ғана үлкендігі бар. Ескі жыл санауы бойынша жыл басы наурыздан басталады. Сонда Абай 1845 жылдың тамызында, Жамбыл ақпан айында дүниеге келген. Демек, екеуі де жылан жылы туған. Ғабит Мүсіреповтің екеуін құрдас дейді.

Айтылым тапсырмалары

1. Пристав, болыс сөздерінің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсініп алайық.
2. Приставтың іс-әрекеттерін анықтай отырып, оған мінездеме берейік.



3. Екі топқа бөлініп, өлеңнің мазмұны негізінде *халық* бейнесі мен *пристав* бейнесін салыстыра отырып ашып көрсетейік.



4. Өлеңде кездесетін Бекболат атты кейіпкер туралы не білесіңдер? Тарих пәні бойынша Бекболат туралы білетін мәліметтерімізді ортаға салып, ақпаратымызбен бөлісейік.
5. Автор сол кездегі халықтың жағдайын суреттеуде қандай тәсілдерді пайдаланды? Өлеңдегі елдің аянышты жағдайы бейнеленген үзіндіні талдайық.
6. Ж.Жабаев туралы «Бала Жамбыл» атты көркем фильмді көрейік. Сыныпта талқылап, сұрақтарға жауап берейік.
 1. Жамбыл рөлін кім сомдады?
 2. Фильмнің сценарийін кім жазды?
 3. Фильмде Жамбылдың кімдермен айтысы көрсетілген?
 4. Жамбылдың ұстазы Сүйінбаймен кездескен сәті фильмде берілген бе?

Жазылым тапсырмалары

1. Қалай ойлайсыңдар, осы өлеңнің бүгінгі таңда маңызы бар ма? Өлеңнен алған әсерімізді шағын сыни шолу түрінде жазайық.



2. Берілген Ж.Жабаев пен Д.Нұрпейісованың тарихи суретіне өз тарапымыздан ат қояйық. Не үшін олай атағанымызды дәлелдейік.
3. «Ең қызықты ақпарат» сайысын ұйымдастырып, күйші Динаның өмірі туралы қызықты мәлімет жинап, жеңімпазды анықтайық.



4. «Сөйле, сурет!» айдарымен «Жамбыл ата колхозшылар арасында» атты суретті «Зілді бұйрық» өлеңімен байланыстырып сөйлетейік. (Бұл суретті суретші А.А.Риттих салып, 1938 жылы ақынға сыйлаған).

5. Берілген суреттерді пайдаланып, Жамбылдың мұражай-үйіне саяхат жасайық.



Ақынның домбырасы



Ақынның қабырға сағаты



Ақын ұстаған таяқ

6. Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, РАФТ әдісі арқылы суретте көрсетілген ақын заттары (домбырасы, қабырға сағаты, таяғы) атынан монолог жазайық. Осы заттарды «Зілді бұйрық» өлеңімен қалай байланыстыруға болады?
 Үлгі: «Мен – Жамбыл ақынның таяғымын. Мені 1937 жылы грузин халқының атақты ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты поэмасының 750 жылдығына барғанда Жамбылдың әдеби хатшысы, ақын Тайыр Жароков алып берген еді...»
7. Төмендегі кестені пайдаланып, болжам жасап жазайық.



8. «Жамбыл Жабаев» атты сөзжұмбақты шешейік.

1. тауының етегінде туған.
2. ақыннан бата алған.
3. Жамбыл «XX ғасыр» атанған.
4. «... Жамбыл» көркем фильмі.
5. «Зілді» өлеңі.
6. ақынмен айтысқан.
7. Жамбыл ... жасаған ақын.
8. «... әмірі тарылды» өлеңі.
9. «Зілді бұйрық» өлеңінің кейіпкері –
10. жырлар – белгілі тарихи оқиғаға байланысты туған кең көлемді шығармалар.
11. Жамбыл ақынның «... өмірім» атты толғау естелігі.
12. «Бәрін де ол жаттап алды, Басшыларын қағазға хаттап алды».



Зерттеушілік тапсырма

Ақын, өзінің айтуы бойынша, аттың үстінде кетіп бара жатқанда иттің бейнесінде, көлікте кетіп бара жатқанда аспандағы бұлттар бейнесінде көрінетін жолбарысы жайлы естігендерің бар ма?

Түрлі ақпарат құралдарын пайдаланып, Жамбылдың қызыл жолбарысы жайлы қызықты мәліметтер жинайық. Мұның аңыз әлде шындық екенін анықтайық.

Кері байланыс

✓	+	?
Бұрыннан білемін	Мен үшін жаңа ақпарат	Білгім келеді

II тарауға арналған тест сұрақтары

1. **Аталған ақындардың қайсысы «Зар заман» ақыны емес?**
 - а) Шортанбай Қанайұлы;
 - ә) Дулат Бабатайұлы;
 - б) Мұрат Мөңкеұлы;
 - в) Сүйінбай Аронұлы.
2. **Шортанбай ақынның 1890 жылы Қазан қаласынан жарық көрген өлеңдер жинағы қалай аталады?**
 - а) «Ай, заман-ай, заман-ай»;
 - ә) «Зар заман»;
 - б) «Бала зары»;
 - в) «Бес ғасыр жырлайды».
3. **«Жақсы болса ағайын», «Жақсы мен жаманның айырмасы» сияқты өлеңдердің авторын көрсетейік:**
 - а) Мұрат Мөңкеұлы;
 - ә) Сүйінбай Аронұлы;
 - б) Шортанбай Қанайұлы;
 - в) Жамбыл Жабаев.
4. **«Боз жапалақ сен едің, Қияқты сұңқар мен едім» деген жолдарда қандай көркемдеу құралы кездеседі?**
 - а) метафора;
 - ә) теңеу;
 - б) эпитет;
 - в) ассонанс.
5. **Жамбыл Жабаевтың «Июнь жарлығы» өлеңіне арқау болған негізгі мәселенің бірін белгілейік:**
 - а) майданға қара жұмысқа адам алу;
 - ә) қоныстың тарылуы;
 - б) отаршылдыққа қарсы күрес;
 - в) оқу-білімге шақыру.
6. **«...бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтатын ақындардың барлығына «Зар заман ақындары» деп ат қойдық» деген кімнің пікірі?**
 - а) Мұрат Мөңкеұлы;
 - ә) Мұхтар Әуезов;
 - б) Сүйінбай Аронұлы;
 - в) Жамбыл Жабаев.
7. **Зар заман ақындарының негізгі тақырыбына айналмаған мәселені көрсетейік:**
 - а) жастардың бас бостандығы;
 - ә) отаршылдыққа қарсы күрес;
 - б) салт-сананың бұзылуы;
 - в) қоныстың тарылуы.

- 8. Азулы сөзіне қарама-қарсы мәндегі сөздерді белгілейік:**
- а) күшті, мықты;
 - ә) әлсіз, қорғансыз;
 - б) қолында билігі бар, бай;
 - в) қолында билігі жоқ, батыр.
- 9. Айтыскер ақыннан жан-жақтылықты талап ететін айтыстың ең қиын түрі қайсысы?**
- а) қыз бен жігіт айтысы;
 - ә) өлі мен тірінің айтысы;
 - б) мысал айтысы;
 - в) жұмбақ айтыс.
- 10. Белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты туған кең көлемді шығармалар қалай аталады?**
- а) аңыздар;
 - ә) руна жазулары;
 - б) тарихи жырлар;
 - в) батырлар жыры.

Ата-ананың қадірін
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің.
Дәулетіңнің қадірін
Мал кеткенде білерсің.
Маңайдағы дұшпанды
Тап жеткенде білерсің.

Шал ақын



БАЛАЛАР МЕН ҮЛКЕНДЕР

• Достар, егер сендер өткен ғасырларға шегініс жасап, ел намысын өз басының бақытынан биік қойған батырларымыздың әрекетіне куә болғыларың келсе, Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» атты поэмасын бірге оқып!

• Айналасына таза көңілмен қарап, еш нәрседен жамандық күтпейтін Құрмаш атты баланың, адамзат пен табиғаттың өз заңдылықтары барын ұмытқан үлкендердің әрекетін таразылап, «Қасқырды қанша асырасаң да, тауға қарап ұлиды» деген сөздің шындығына көз жеткізгілерің келсе, онда заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесі сендер үшін!

• Достар, сендер бейбіт күннің балаларысындар. Алайда сендерді балалық шағын соғыс ұрлап, ерте есейген балалардың тағдыры толғандыратын болар? Олай болса, сендерге партизан-жазушы Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесін міндетті түрде оқып шығуға кеңес беремін.

•• Неге үлкендердің барлығы балалық кезін сағынады? Балалық шағын еске алғанда неге еріксіз жымияды? Сендер қалай ойлайсындар? Осы сұрақтың жауабын балалар жазушысы Сансызбай Сарғасқаевтың «Тәмпиш қара» повесін оқып біткен соң сөзсіз табатын боласындар!

Міне, «Балалар мен үлкендер» деп аталатын тарауда бізді осындай ғажайып шығармалар күтіп тұр. Іске сәт, жас оқырман!

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893–1938)

Қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы жарық жұлдызы, акын, ағартушы, педагог, қоғам қайраткері, аудармашы Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, М.Жұмабаев ауданының Мағжан ауылында дүниеге келген.

Алғашқы білімді Аханов Ахметдин атты ұстаздан алған соң, Мағжан 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түседі. Мағжан медресеге келген алғашқы күннен бастап әдебиетпен шұғылданған. Қазақ, татар әдебиетімен қатар араб, парсы әдебиетін өте жақсы білген.

Мағжан Жұмабаев 1910 жылы Міржакып Дулатовпен кездесіп, акыннан орысша сауатын ашады. 1911–1912 жылдары Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алған Мағжан сол жерде татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен танысып, акындыққа біржола ден қояды. 1912 жылы М.Жұмабаевтың «Шолпан» атты өлеңдер жинағы жарық көреді.



1913–1916 жылдары Омбыдағы мұғалімдер семинариясында білім алады. 1923–1927 жылдары Мәскеудегі Жоғары әдеби-көркемөнер институтында оқып жүріп орыс және Батыс Еуропа әдебиеттерімен терең танысады.

Акын өзінің «Мен жастарға сенемін», «Балалық шак», «Жазғы тан», «Қазағым», «Түркістан», «Бостандық» және т.б. сияқты түрлі тақырыптарға арналған өлеңдерінде өзінің акындық қуатының өте жоғары екенін танытты. «Батыр Баян», «Ертегі», «Қорқыт», «Жүсіп хан» атты поэмаларында халықтың тарихы мен жекетұлғалардың іс-әрекеттері суреттелді.

М.Жұмабаевтың педагогика саласында «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілін оқыту жайы», «Сауатты бол!», «Оқу-жазуға үйрету», «Ересектерге оқу кітабы» т.б. еңбектері бар.

М.Жұмабаев аударма саласында да өнімді еңбек етіп, И.Гете, Г.Гейне, М.Лермонтов, А.Фет, А.Блок және т.б. акындардың өлеңдерін, М.Горький, В.Иванов, Д.Мамин-Сибиряк және т.б. әңгімелерін қазақ тіліне аударды.

Қазақ әдебиетіне тың жаңалық әкелген «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесі 1923 жылы «Шолпан» журналында басылған.

М.Жұмабаев 1929 жылы «Алка» атты жасырын ұйым құрғаны үшін Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.



«БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫ

...бүгінгі күннің бар жазушысының
ішінен келешекке бойұрып, артқы күнге
анық қалуга жарайтын сөз – Мағжан сөзі.

М.Әуезов

Поэма үзіндісін бөлімдерге бөліп оқыық, басқа топтарға өз сөзімізбен баяндайық.

Тірек сөздер:

- алаш
- батыр
- қалмақ қызы
- қашып кету
- намыс
- хан ордасы

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп, жанады да...

Қиын күн туған алаш баласына,
Шұбырып жапанның сар даласында.
Кез болған жаудан үркіп Ақтабанға
Дұшпанның қалғандай боп табасына...
Күндерде сонау – қара, тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.

Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсан да аз қанша тәуеп моласына.

Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.
Күндердің бір күнінде хан Абылай
Қалмаққа ойына алды ойран салмақ.
Ханынан «Аттан!» деген сөз шыққан соң,
Ордаға батыр, билер келді аңдап...

Жиналған өншең бөрі Бурабайға,
Алаштың кебесіндегі ізгі жайға.
Батырлар бұғаудағы арыстандай,
Абылай тұңғыш бір терен ойда.
Бәрі де ел қорғаны – батыр, билер,
Аттанбай тек жатудан таппай пайда:
«Жүрелік, жау басынар!» деген сөзбен
Салады Қанай биді Абылайға.
Би Қанай «Бұ қалай?» деп бастағанда,
Абылай сұрайды одан: «Баян қайда?»

«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның аруакты құр атынан
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?
Наркескен ¹, өрттей ескен, қайтпас болат
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!»



Батырлар десті жалғыз «Баян бала-ай!»
Көкшенің бауырында өншең көкжал
Күңіреніп күтіп жатты күндер талай.
«Жау!» десе жатпайтұғын батыр Баян,
Апырым-ай, келмеуінің мәні қалай?

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді.
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, жалған сермеп пе еді?
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр
Баяндай «Алашым!» деп еңіреп пе еді?
Бұл жолы кешігуі жай емес қой,
Тұлшарым кез болды ма орға, тегі!..

Ол күнде аз қазақ пен қалың қалмақ
Қыран мен қарақұстай алысқан шақ.
Баласы алты алаштың Абылайдың
Астында ақ туының табысқан шақ.
Қазақтың батырлары бәрі қыран,
Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.
Жауының бір жорықта бір сұлуын
Ер Баян алып қайтқан артына сап.
Баянның алып қайтқан сол сұлуы –
Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ.

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жнылғандай.
Торғын ет, шапактай ² бет, тісі меруерт,
Сөздері су сылдырлап құйылғ андай.

¹ *Наркескен* – көне сөз. Болаттан соғылған екі жүзді алмас қылыш.

² *Шапақ* – күннің шығар немесе батар кезіндегі қызыл арай сәулесі.



Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
 Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.
 Лебізі – жібек, лебі – жұмақ желі,
 Кәусардай ¹ татқан адам қалар қанбай.
 Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан
 Еліне сол сұлуды естен танбай...

Баянның інісі бар он бес жаста –
 Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян.
 Ноянның бар ақылы білегінде,
 Билеген асау жүрек, қайнаған қан.
 Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан
 Ноянның жүрегінде ұшқын туған...

Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,
 Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті,
 Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,
 Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті.
 Келді де, қызға жалын сөздерімен
 Шығарды жан ұшырып іштегі өртті...

Қыз сонда: «Ноян бауырым – кебем! – деді,
 Мен сенің сүйгеніне сенем, – деді.
 Сүйемін мен де сені, тәңірі куә,
 Тән түгіл, жаным саған берем! – деді.
 Нояным, бірақ сенен қалауым бар», –
 Деді де, сұлу ойға тереңдеді.
 Сұлудың сырға толы торғын беті-ай,
 Бетінде ешбір толқын көрінбеді.
 Біраздан көздеріне жас мөлдіреп,
 Жас сұлу жылап тұрып күлімдеді.

¹ *Кәусар* – бұл жерде: тұнық, мөлдір, таза деген.

Қыз сонда: «Қалауым бар, Ноян батыр,
Адасқан аққу құстай мен бір пақыр¹.
Арқаның аруы боп жүрсем дағы,
Алыста туған, өскен жерім жатыр.
Өткізген балаусадай бөбек күнім,
Барқыттай белес-белес белім жатыр.
Айбынды арыстандай құмда кезген,
Күніреніп қалың қалмақ елім жатыр.
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,
Ата-анам – айым менен күнім жатыр.
Ер Баян біздің елге барған еді,
Көп қойға көкжал ойран салған еді.
Бөбегін шырылдатып ап кеткенде
Ата-анам жылап-зарлап қалған еді.

Сорлы анам көкірегін көкке сауып,
Қанжылап менен бір ант алған еді.
Ол анты: «Елдің шетін, анаң бетін
Бір көрмей, қозым, ерге барма!» – деді.
Анама сөзім – анау, өзім – мынау,
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені...

Екеуміз Сарыарқадан сапар қылсақ,
Қатерсіз қосылуымыз берік болмай ма?
Қаны бір ел еді ғой қазақ, қалмақ,
О да бір саған туған жұрт болмай ма?!»
Деп сұлу сыбырлады сикыр сөзін,
Толтырып меруерттей жасқа көзін...

Жас Ноян жас қанына тұншыққан соң,
Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзін!
«Жарайды, даярмын!» деп айтып салды,
Ойланып бір минут та қылмай төзім...

Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,
Төзім қып албырт Ноян күтпей танды.
Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,
Жылқыдан екі жүйрік тандап алды.
Азырақ азық алып, қару-жарақ,
Жүйрікке әсем әбзел тұрман салды.

¹ *Пақыр* – халі мүшкіл байғұс, сорлы. *Бұл жерде*: тұтқындамын, бас бостандығым жоқ дегенді білдіреді.

Сөйтті де Сарыаркамен есендесіп,
Екеуі ескен желдей кетіп қалды.
Кетті олар. Сәске болды, ауыл тұрды,
Алдымен Ер Баянға хабар барды.
Боз үйде жатыр екен Баян жалғыз –
Керілген күнге еркелеп жас жолбарыс.
Ауылдың ақсакалы сөзді әкелген
Деп бастап: «Баян-айым, бір маскара іс
Өткен түн болып қапты...» деп шұбыртып,
Жаудырды екі жасқа нәлет-қарғыс.
Алайда жас Ноянды ақтай сөйлеп,
Дей берді: «Қылды-ау бізге қалмақ қар қыз!»
Ер Баян сұп-сұр болып деді жалғыз:
«Жарайды... Бар, ақсақал. Ойланармыз».

Боз үйде жалғыз калып Баян енді,
Жаралы жолбарыстай күніренді.
Қорғасын мшын, ойын төмен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.
Бір көк сұр түс енгізіп бар денеге,
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.
Ақыры ашу ерді билеп кетіп,
Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді.
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,
Боз үйден оқжыландай шыға келді...
Алыстан екі кара көрді Баян,
Кілегей кара бұлттай төнді Баян.
Ой жоқ боп, жүрек шок боп, күр екпін боп,
Сұңқардай сорғалаған келді Баян.
Қыз түгіл, қаны бірге өз бауырын
Танымай қалғандай да болды Баян.
Байланған белде сала садағына
Қалшылдап қалды салып қолды Баян.
Ашуын арыстанның байқаған соң,
Майысып тұра қалды жап-жас Ноян...

Бір күлді балдырғандай Ноян бала,
Ашылған шешек жарып гүлдей жана.
Еріксіз сотқарлығын кешіретін
Еркелеп ерке ұландай күліп қана.
Көрсен де дауыл гүлді – басылмады,
Ер Баян арыстандай жаны жара.

Қалшылдап, көзі қан боп, қолын алмай
Байланған садағына белде сала.
Жас Ноян: «Жан көке!» деп сөз қатқанша,
Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!»
Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.
Жын шуы басқандай боп естімеді
«Жан көке, аға!» деген сөзді Баян.
Садағын сол секундта тартты тағы
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесінің
Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.
Екі жас аттарынан ұшып түсті,
Түскенде бірін-бірі құшып түсті.

Жүректен атып ыршып шыққан қанмен
Жалғыз-ақ «аһ» десті де, «жаным» десті.
Қомағай кара топырақ бүлкіл қағып,
Асығып екі жастың қанын ішті.
Күлдей қу, тұнжыраған түндей болып,
Жни алмай, құр теңселіп ақыл-есті.
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,
Атынан есі ауғандай құлап түсті...
Біргалай талғандай боп жансыз жатып,
Тұңғық көмескі көп ойға батып,
Ер Баян есін жнып, екі жасқа
Бір қарап қаратастай қалды қатып.
Сол кезде сар дала да күнгірт тартты,
Еңкейіп бара жатты күн де батып.



Кұшақтап акселеуді жылады жел
Өзінің қасірет жырын конырлатып.
Кұшақтап екі жасты күніренді ер
Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан жарылғандай қайран жүрек,
«Уһ-уһ!» деп үзілгендей есіл өзек.
Қасіреті кара түндей Ер Баянның
Алдында бүлдіргендей екі бөбек.
Аузынан уыз шыққан екі жасты
Ер Баян сүйді құшып кезек-кезек.
Жапанда жапа-жалғыз еңіретті ерді
Әлгіде ойды улаған ашу кезеп.
Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл
Күбірлей бастады енді мұның не деп...

«...Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге?
Тобына көкбөрідей кірдім неге?
Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды
Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?..
Ойламай, белді бекем будым неге?
Қозымды қас дұшпандай қудым неге?
Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,
Қасқып қарсы алдымда тұрдың неге?
Бауырыма тасжүрегім жібімеді-ау,
Бір ата, бір анадан тудым неге?
Салдырап шіріп қалғыр саусақтарым,
Қанымен өз қозымның жудым неге?
Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,
Өлмедім ішіп уын удың неге?!.

Күй, жүрек! Көл бол, жасым! Өрген, ішім!
Алдымда айнам жатыр бөбек пішін.
Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін,
Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.
Сорлы аған атып жығып өз інісін,
Ніскейді енді зарлап апақ төсін.
Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым!
Қайтейін, арымадың, арда күшім!
Жоқ әлде, жоқ... жоқ... Әлде... өлтірдім бе,
Інімді алты алаштың намысы үшін?!.

Алдымда «Көкежан!» деп күліп тұрған
Садаға кетпедім ғой, қозым, сенен.

Ел беті енді маған болсын арам,
Алашым, аттанамын, жауында өлем!»
Деп зарлап, күніренді жаралы ер,
Айырылған екі жаннан қаралы ер.
Зарланып көзінен қан тамшылатты,
Тұңғыық жанды жеген қап-қара шер...

Аздан соң мінді атына батыр Баян
Сиынып бір жаратқан Алласына.
Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,
Шаңдатып Абылайдың ордасына.

Жас Баян жауды талай көрген еді,
Сорғалап сұңқардайын төнген еді.
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірген еді.
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзіп,
Найзасын ылғи дәлдеп сермеп еді.
Бірін айт, бәрін айт та – батыр Баян
Туғаннан «Алашым!» деп еңіреп еді.
Көкжалдың осы жолы кешіккені,
Осындай тұлпар орға кез кеп еді...

Сөз маржан

Көбе – бұл жерде: Қағба мағынасында.

Бұғай – қапас, қамау, қоршау.

Сәске – күн арқан бойы көтерілген кез, яғни түс мезгілі.

Әбзел – 1) ер-тұрман, қайыс, ноқта сияқты бұйымдардың жиынтық атауы;
2) құрал-сайман, яғни қажетті жабдық.

Көбе – мағынасы көп. Бұл жерде: батырлар киетін сауыттың бір түрі.

Оқылым тапсырмалары

1. Поэманы бөлімдерге бөліп, ат қояйық.
2. Бөлім бойынша бір-бірімізге сұрақтар дайындайық.
3. Поэманы оқу барысында кездескен түсініксіз сөздерді белгілеп, мағынасын ашайық.
Мысалы: көбе – сауыт (ұсақ темірлерді бір-бірінен өткізіп тоқитын қысқа жеңді батырлар киімі).
4. Кестені толтырайық. Әр бөлімдегі тірек сөздерді, басты оқиғаларды жазып, соның негізінде поэманың негізгі идеясын анықтайық.

Бөлім атауы	Тірек сөздер	Басты оқиғалар	Поэманың негізгі идеясы

5. Оқиғаның байланысын, дамуын, шиеленісін көрсете отырып, поэманың композициялық құрылымын жасайық.

6. Поэмада қолданылған көркемдегіш құралдарды тауып, мысалдармен дәлелдейік.
7. Жұбымызбен бірлесе отырып, Баян мен Ноян туралы көзқарасымызды төмендегі үлгі бойынша білдірейік.



Әдебиет теориясы

Көркем бейне – адамның бой-тұлғасындағы, кескін-кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, ойлау-сөйлеу әдетіндегі өзгеше сипат белгілерді нақтылы суреттеу арқылы жазушының типтік қасиеттердің, яғни қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ, жалпылық мәні бар ерекшеліктердің айқын танылуы. Жасалу тәсілдеріне қарай образ *юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, комедиялық, қаһармандық* т.б. бейнелер деп бөлінеді.

Фантастикалық образ – қиялдан туған қаһарман, өмірде болмаған, тек адамның ақиқатқа ұқсас арманында ғана бедерленген бейне.

Трагедиялық образ – ескі мен жаңа, адамдық пен жауыздық арасындағы ымырасыз күрес, бітіспес тартыс, қайшылықты, азапты жайларды терең және шебер жинақтаудан туған образ. Юмор мен сатирада күлкілі жайлар ажуа, мысқыл, кекесін түрінде көрінсе, трагедияда қатерлі нәрселер қайғы, қорқыныш, қаза түрінде көрінеді. Трагедиялық қаһарманның өмірі көбіне өліммен аяқталып отырады.

Қаһармандық образ – ұнамды кейіпкер: адамға тән небір тамаша сипаттардың шоғыры секілді сом тұлға, өз дәуірінің ең аяулы, асыл мұраттарынан туған тарихи тип.

Юмор – өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі болса, *юморлық образ* – сол юморлық шығармалардың кейіпкері, күлкілі бейне.

Сатира өмірдегі келеңсіз құбылыстарды (қулық пен сұмдық, мансапқорлық пен екіжүзділік, алаақтық т.б.) әшкерелеп сықақ етеді, мысқылмен түйрейді, адамдарды одан жиренуге, онымен күресуге шақырады. Ал *сатиралық образ* – сол келеңсіздіктерді өз бойына жинақтаған ұнамсыз тип.

8. Берілген тапсырманы бұрыннан білетін ақпараттарымызды пайдалана отырып орындайық. Өз мүмкіндігіңе сәйкесін таңда.
- А оқушы: Әдеби шығармаларда кездесетін қаһармандық образдарды жинақтап, бір кейіпкер туралы жан-жақты баяндайды.
- Ә оқушы: Әдеби шығармаларда кездесетін сатиралық образдарды жинақтап, бір кейіпкер туралы жан-жақты баяндайды.
- Б оқушы: Әдеби шығармаларда кездесетін фантастикалық образдарды жинақтап, бір кейіпкер туралы жан-жақты баяндайды.

9. Поэмадағы негізгі кейіпкерлердің жасалу тәсіліне қарай типін анықтап, дәлелдейік: Баян – а) ... образ; ә) себебі ... ; б) мына мысалдар арқылы дәлелдей аламын:

Айтылым тапсырмалары

1. Поэмадағы Абылай хан, Батыр Баян, Ноян, қалмақ қызының бейнелерін көрсететін шумақтарды мәнерлеп жатқа оқиық.
2. Көркемдегіш құралдарын, автор берген портрет пен мінездемелерді қолдана отырып, кейіпкерлерді өз сөзімізбен сипаттайық.

Абылай хан
... ..

Батыр Баян
... ..

Ноян
... ..

Қалмақ қызы
... ..

3. Тобымыздағы оқушылармен бірге кейіпкерлер образына ене отырып, поэма эпизодтары бойынша сахналық көрініс қояйық.
4. Өзімізге ерекше әсер еткен поэма эпизодының суретін салып, ат қояйық. Бұл эпизодтың әсер ету себебін түсіндірейік.
5. Топқа бөлініп, пікірталас жасайық.

а) Жас Ноян жас қанына тұншыққан соң,
Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзін!
«Жарайды, даярмын!» деп айтып салды,
Ойланып бір минут та қылмай төзім...

ә) Қыз түгіл, қаны бірге өз бауырын
Танымай қалғандай да болды Баян.
Байланған белде сала садағына
Қалшылдап қалды салып қолды Баян...

б) Қалың топ хан ашуын байқаған соң,
Ағытты «әрине» деп сөздің бөзін.
Шешілді сөз, қол енді күтіп қалды,
Елшінің ертеңінде келер кезін...

Берілген үзінділердің астарындағы оқиғаларды еске түсіріп, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қатысты өз пікірімізді білдірейік. Батыр Баянның, бөбек Ноянның, дана Абылайдың орнында болсақ, біз не істейтін едік? Бұл кейіпкерлерді ақтаймыз ба, даттаймыз ба?

6. Берілген тізбек негізінде автор бейнесін анықтайық.



7. Төмендегі мақал-мәтелдерді пайдаланып, поэма мазмұны туралы қорытынды тұжырымымызды айтайық.

1. Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді.
2. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран.

Біз білеміз бе?

Мағжан Жұмабаев 1923 жылы отызға толған шағында Ташкентте Мұхтар Әуезовтің пәтер-үйінде «Батыр Баян» поэмасын бір түнде жазып шыққан. М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының негізінде 1993 жылы кино түсірілген.

М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасынан үзінді тыңдайық (8-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары


1. Батыр Баян шынайы өмірде болған ба? Тарихи деректерге сүйеніп:
 - жоңғарлардың XVIII ғасырдағы қазақ даласына шабуылы;
 - Абылай ханның қазақ шежіресіндегі орны;
 - Батыр Баянның тарихи бейнесі туралы баяндайық.
2. «Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр, Баяндай «Алашым!» деп еңіреп пе еді?..
Поэмада туған елге, туған жерге деген махаббат, азаматтық борыш қалай көрінген? Бүгінгі күннің ұрпақтары өз Отаны үшін не істей алады? Өз ойымызбен бөлісейік.

Зерттеушілік тапсырма

Мағжанның ақындық, азаматтық бейнесі туралы қосымша мәліметтер жинақтайық. Қосымша ақпарат құралдарын пайдалана отырып, М. Жұмабаев шығармаларының өзге тілге аударылуы туралы мәліметтер жинап, салыстырмалы зерттеулер жасап көрейік.

Жазылым тапсырмалары

1. Поэмаға қандай өзгеріс енгізер едік? Өз көзқарасымыз тұрғысынан оқиға желісін дамытып жазып көрейік.
2. «Батыр Баян» поэмасында алаш рухы, ар-намыс мәселесі қалай көрінген? Поэма мазмұнына талдау жасай отырып, әдеби эссе жазайық.
3. Төмендегі суретжұмбақты шешейік.



Кері байланыс: «Зерде»

Алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік.

Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция – сабақтағы көңіл күйім.

Баға – жетістігіме беретін бағам.

Сын – өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея – маған келген жаңа ой.



МҰХТАР ӘУЕЗОВ

(1897–1961)

Әр ұлттың ұлы тұлғалары болады. Ағылшындар үшін – Шекспир, француздар үшін – Бальзак, орыстар үшін – Пушкин, үндістер үшін – Тагор, өзбектер үшін – Науаи, түрікмендер үшін – Мақтұмқұлы, қазақтар үшін – Абай. Сол Абайдың ұлылығы мен данагөйлігін ашқан Мұхтар Әуезов те өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің алыбы¹.



Мұхтар Әуезов – қазақтың ұлы жазушысы, ғалым, қоғам қайраткері, драматург, тұңғыш театр ұйымдастырушысы. Ол 1897 жылы 27 қыркүйекте Семей облысының Шыңғыстау болысы, Бөрілі ауылында дүниеге келген. Бұрынғының салтымен бала Мұхтар атасы Әуез бен әжесі Дінасылдың тәрбиесінде өседі. Болашақ жазушының атасы Әуез ұлы Абаймен заманы ортақ, дос-жаран, туыс болып жақсы араласқан екен. Сол себепті Мұхтар да жас күнінен Абайдың ұрпақтарымен таныс болып, бала жасынан Абай өлеңдерін жаттап өскен.

1908 жылы Семейдегі Камаладдин хазірет медресесінде оқып, одан кейін орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 жылы Семей қалалық бес сыныптық училищенің соңғы сыныбында оқып жүргенде «Дауыл» атты шығармасын жазады. Семинарияда оқып жүріп Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза яки кез болған іс» дастанының негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, 1917 жылы Ойқұдық деген жерде сахнаға шығарады.

1922 жылы Ташкенттегі Орта Азия университетіне тындаушы болып оқуға түседі әрі «Шолпан», «Сана» журналдарында қызмет істейді. Осы басылымдарда «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Кім кінәлі?», «Заман еркесі» т.б. әңгімелері жарияланады.

1927 жылы «Әдебиет тарихы» атты ғылыми еңбегі жарық көрген.

Кейінірек «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек» повестерін, «Қилы заман» романын, «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Абай», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Хан Кене» пьесаларын жазды.

М.Әуезовтің сценарийі бойынша 1940 жылы «Райхан» көркем фильмі түсірілді.

¹ М.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны. Ұжымдық монография.

М.Әуезовтің басты еңбегі – «Абай жолы» роман-эпопеясы. Жазушы алғашқыда екі кітаптан тұратын «Абай» (1942, 1947), одан кейін осының жалғасы болып табылатын «Абай жолы» (1952, 1956) романын жазды. Төрт томнан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының тұтас өмірі қамтылды.

Эпопея дүниежүзі халықтарының 116 тіліне аударылды.

1959 жылы жазушыға «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйлық берілді.

Мұхтар Әуезов 1961 жылы 27 маусымда қайтыс болды.

М.Әуезов – 200 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасында» екі томға не болған дүниежүзіндегі тоғыз қаламгердің бірі.

«Көксерек» повесі

Достар, «Көксерек» повесінен үзінді тыңдайық (9-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тыңдалым мәтініндегі оқиғаны өз қиялымыз бойынша дамытып көрейік. Көк күшік ауылда қалай өмір сүрді?
2. «Көксерек» фильмін көріп, алған әсерімізбен бөлісейік. Фильмде әңгімедегі оқиға желісі сақталған ба? Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайық.

Повестің жалғасын оқиық.

Көксерек және ауыл иттері

Тірек сөздер:

- бөлтірік
- бала
- кәрі әже
- ауыл
- көк шолақ
- Аққасқа
- шабуыл
- туысқан

Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш – итаяқ әзір болды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды. Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында не аяқ жағында көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес.

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп әр жерінен тістеп тартып кетеді.

Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ержете бастаған сайын бұдан несі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі.

Бір уақыт үлкен үйдің үлкен кара ала төбеті оңашада бұны алып соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алып, борбайынан созғылап өлтіруге айналып еді. Шаң-шұнмен балалар, үлкендер жылып кеп иттерді ұрып, зорға айырып алды. Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта «кынк» етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үршіп, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

– Кәпір, кырыс, тағы емес пе! Кеудесін бермейді, жасымайды! – деп ауыл аңыз қылады. Сонымен қатар Көксерек жайында ауыл-үйдің адамдары әр алуан өсек те таратып жүрді.

– Ұры. Асырасаң да мал болмайды. Тұқымы жау емес пе! – десті. Кейбіреулер: «...Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді. Иттен қорыққаннан ғана үйде жатады» деседі. Құрмаш бұл өсектің бәрін елемейді.

Шынында, Көксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемейді. Жалғыз-ақ кісі көзі тайса болды, қазір жоқ қылады. Бірақ, тіпті қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Көрнеу ши ішіне кіріп кетіп, керегеге асулы тұрған ет болса, жас тері болса, қазанда іркіт, қатық болса – барлығын да өзінің ыдысына құйып қойғандай көріп, піскелеп жалап, жеп кетеді.

Кейде сондай жерде ұсталып, таяқ та жейді. Талай рет оқыста төбесіне танқ етіп тиген октау бойын тызылдатып, шыпыртып тиген қамшыны да татты. Бұның жауабы – езуін ғана ыржитады.

Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астын айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып, «же» дейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей кездері алдына дайындап қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді...



Оқылым тапсырмасы

Өз қиялымыздағы мәтін мен повесті салыстырып көрейік. Ұқсастықтар бар ма?

Көксеректің өзгеруі

Осымен жүріп жаз ортасы ауған кезде Көксерек зінгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты. Енді кара ала төбет те талай алмайды. Жота жүні үршіп, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп тап бергенде талай бұралқы төбет, быжыл қаншық қансылай, шәуілдей қашатын болды. Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып «қой-қойлайтын» еді.

Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні кара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үнілген, сүйірленген бір бітімі бар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса, келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сәлектетіп, бүкендеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып түрткілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге жүреді. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер:

– Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек; осы кәпір түбінде ел болмайды, – дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді.

Осымен тағы біраз жүргенде бір күні Көксерек кара ала төбетке майдан берді. Қара ала төбеттің иесі Жұмаш бала жаз бойы Құрмашқа:

– Қасқырың болса қайтейін, менің кара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады. Арашаламасан, әлдеқ ашан өлтіріп тастар еді, – дей беретін.

Бір күні түсте Құрмаш Көксеректі тысқа алып шығып ас құйып жалатып тұрғанда, анадайдан шылапшынның салдырын естіген кара ала төбет үйдің көленкесінен шығып алып, адымды қойып еді. Екпіндеген бетімен жолында жасқап тұрған Құрмашқа қарамастан, келе Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп қауып түсті.

Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен «гүр-р» етіп кара ала төбетті алқымынан ала түсті. Ұстаған жері құлақ-шекеге жақын еді. Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып

жібергенде үлкен төбеттің арт жағы бұлған-бұлған қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті.

Маңайдан жұрт дабырлап жиылып қалып еді. Көксерек қара аланы тамағынан қысып буындырып тұрып-тұрып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді.

Женген жаудың сығымынан зорға құтылған қара ала қынсылап, жүні жығылып бір жаққа кетті.

Қалай ойлайсыңдар?

1. Ауыл иттері жабылып талағанда Көксерек неге «қыңқ» етіп ауырсынған дыбыс шығармайды?
2. Көксерек неге қайта-қайта таяқ жеді?
3. Қара ала төбеттің иесі Жұмаш Құрмашқа не деді? Қара ала төбет пен Көксеректің төбелесі немен тынды?

Осы оқиғаның ертеңінде кешке жақын ауыл жанында жатқан қойға қасқыр шапты. Дөң басындағы қойшының айғайымен қатар ауылдағы кәрі-жас, аттылы-жаяу иттерді айтақтап түгел жүгіріп еді. Көп ішінде «Көксерек те кетті» деп Құрмаш та жүгірді. Бірақ қасқырға ешбір ит жете алмады. Дөң аспай иттің бәрі де, адам атаулы да тоқтап қалды. Сам жақтағы алыстағы сары жотадан ереуілдеп екі зор қарайған асты. Ол екі қасқыр еді. Солардың артында тұмсығын жерге салып, тоқтамай ағызып Көксерек кетіп бара жатты. Бір кезде жотадан о да асты. Артынан Құрмаш пен өзге балалар бірі артынан бірі: «Кө-ө-ө-к-се-ре-к! Кө-ө-к-с-е-ре-к!» деп шақырып айқайлап жүгірді.

Әбден қас қараюға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап басып ауылға келді. Бірақ үйге кірген жоқ, анадайда тұрып қайта-қайта шандатып, жер тырнайды. Сары жотаға қарап-қарап қойып, әрлі-берлі жүріп жер піскелейді. Тыныштала алмағандай.

Көксеректің бұл жайын байқап, Құрмаштың әкесі:

– Түү, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті-ау, тұқымын сезген екен... Қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық, – деп еді.

Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Бірақ осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. Құрмаш қашып кетті деуге қымай, айналадағы ши-қарағанды, жар-жыраларды тегіс арылтты. Таба алмады. Осымен жұрттың бәрі кеттіге есептеп қойып еді, үш күн өткенде бір күні танертең ойда жоқта Көксерек өз-өзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп, қуана қарсы алды. Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан собалақ жүдеу пішінмен келді. Қайта тұрып қалды. Тағы да бұрынғысынша күйленіп, нық семіріп, енді орасан боп өсе бастады...

Қасқырлар жайлы аңыздар

Алғашқы рет амалсыздан көкке карап аузын ашып ышқығанда, ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі ұлығаны осы еді...

Көксеректің даусын естіп, маңайда жүрген қаншық қасқыр мұны іздеп келеді екен. Екеуі екі беттен бірін-бірі көрісімен, қарсы ұмтылысты. Етпеттеп біріне-бірі жақын келгенде «ыр-р», «ыр-р» етісіп, тістерін тигізіспей қағысып өтісті...

Көсіліп алып сайға қарай салды. Екеуі де енді ширақ, қатты жортады...

Осыдан соң екеуінің жұбы жазылған жоқ. Қасына серік ергеннен бері Көксерек зорайып қатты өсті...

Оның есебіне, белгілі аты шулы екі қасқырдан Қараадырдың іші-тысындағы ел түгел көресіні көрді. Даладан қойшы алдынан қой тартып жейтін, жайлаудағы снырға шауып, тайыншадан бастап үлкен снырға шейін жейтін осы екеуі. Ақпан, наурыз кезінде үш-төрт түйе де желінді. Кісіден қорықпайды. Әсіресе бір көк шолақ бар. Қойды алып соғып жарып жатқанда қасына сойылсалым жерге келгенше қашпайды.

«Даладағы қойға тигенде әуелі біреуі келіп шабады, соған қойшы алданып жүргенде бір жақтан келіп екіншісі шабады» десетін болды.

Боранды, аязды түндерде бірен-саран қораға да түсіп көрді. Бір кедейлеу ауылдың қой қорасына түсіп, он шақты қойын жалғыз Көксерек өзі өлтіріп, құтылып шыққан уақыты да болды. Бірнеше ауылдың «қасқырмен таласуға жарайды – ер, сак» деп жүрген әлденеше иттері де желінді...

Торуға мезгіл таңдамайды: танертені, түсі, түні – бәрібір. Күніне бір мардымды жем алмай, қанағат қылмайды...

Қыс қатты. Қар қалың. Қасқырды қар көтереді. Атты көтере алмайды. Сондықтан талай рет ат жаратып, шокпар қамдап, қуамын деген жігіттер болса да, еш нәрсе қыла алмайды.

Бір рет қана белгілі бәйге жирен атымен Арыстанбек шығып соңдарынан түсіп еді. Оны адырдан адырға салып, адастырып кетті...

Мұның бәрі екі қасқыр жайындағы Қараад ыр елінің аңыз-әңгімесі еді. Соңғы бірер айдай бір ауылдың кісісі бір ауылға катынасса, жнын болып көпшілік бас қосса, көп әңгімелері екі қасқыр жайында болатын...



Түз тағылары

Күн жылына бастады. Бірнеше рет шағырмак жақсы күндер болып, әр жердің қары тесілді. Ойдым-ойдым қара жерлер көріне бастады. Жылы күн ұйқыны көп келтіреді, тамақтың артынан бойды көп сергітеді, етті шымырлатады. Ақ қасқыр да ойыншы бола бастады. Өзі келіп Көксеректі піскеп, жалай беретін болды...

Көк молайып, жаз шыққан соң, екі қасқырдан Қараадырдың елі сап болды.

Қараадыр сыртында елсізде екі үлкен ащы көл бар. Соның аралығындағы қалың шидің ішінде ескі ін болатын. Көксерек пен ақ қасқыр сонда. Жақын жерде – қамыс, одан әрі – көл. Қауіпсіз. Адам көзінен алыс жай, бастап келген – ақ қасқыр.

Бұл кезде Көксерек басқа жақтағы елді ториды. Ақ қасқыр ін маңында болады. Қамыс арасында көп құстардың жұмыртқасын жейді...

Бірақ бір емес, екінші, үшінші, тағы әлденешеуі пайда болды. Аяғында жылыды. Күшіктерді жалап, піскелеп, кейде қастарына да жатады. Ақ қасқырға жем таситын болды.

Аздан соң серігі қайта қосылды. Көп ұзап шықпайды. Сонда да талай жерге еретін болды.

Бір күні екеуі бір қозыны жеп келе жатыр еді. Індерінің үстінен көп үлкен жаулар кетіп барады екен. Қамыс арасына бұқты. Жау озған соң інге келді. Бір-ақ қана күшік қалған, бұралып тұра алмайды, арт жағын баса алмайды. Ақ қасқыр тістеп әкеліп қамысқа тықты. Екеуі қайтадан Қараадырға бет қойды. Жарысып, кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді. Түн баласында құлын жеді, тай жеді.

Тыным алмай баяғы іздерімен баяғы елді қайта қан қақсапты. Бұрынғыдан жаман құтырды...

Бұл жазда Көксерек қатты семіз болды. Әлдеқашан түлеген тақыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты. Денесінің толуы, бойының биіктеуі, қайратының молаюы – биылғы жыл ерекше болды.

Күздің ұзақ танында бір дауылды қара түнде топ жылқыға араласып еді. Сонда қысырдың семіз асау тайын бастырмалатып қуып жетіп, құйрығынан алып табандап тұрып қалғанда тай тапжыла алмады. Аз тырмысып-тырмысып тұрып қоя беріп қалғанда, тай екпінімен барып тонқалаң аса түсті. Сонда ағызып келіп бас салып алқымынан «гүр-р» етіп қаба түскенде тай көтеріп тұра алмай, Көксеректің астында ажал тапты.

Қайтадан қарлы, боранды қыс келді. Аязды, елсіз ұзақ далаларда аштық түндері басталды. Ашумен жер тарпып, қар боратып, көп ұлыды. Бір мезгілде ай астында ағараң-ағараң еткен көп топты көрді. Бұрылып бір жаққа қарай жалтарғанша тасырлатып, қар боратып қасына ағызып келіп қалыпты.

Бұлар тілдері салақтаған, ауыздары арандай ашылған, жүгіріп келе жатқанда бәрі тегіс ыр-ыр етеді. Пістері Көксеректің мұрнын жарды. Қарсы аяндады. Қалың топтың алдында зор кәрі шолақ мұның жанынан «арс» етіп желді қауып өтті. Көксерек те тұмсығы ашумен ыржиып, тістерін сақ-сақ еткізді. Екеуі қайта беттесіп келгенде біріне-бірі ұмтылмай, құр ғана жанасып қор-қор етіп ырсылдап тұрды...

Қосымша мәліметтер

- Ауа райы жайлы болса, қасқырлар орман ішінде 9 шақырым жердегі, ал ашық далада 16 шақырым жердегі дыбысты ести алады.
- Қасқыр 200 миллион иісті сезеді. Адам 5 миллионға жуық иісті ажырата алатындығын айта кетелік.
- Қасқырлар тірі жануардың иісін 1,5 шақырымнан анық сезе алады.
- Қасқырдың бөлтірігінің көздері жаңа туған кезде көк түсті болады. Тек 8 айдан соң ғана көздері сарғыш тартады.
- Қасқыр күшіктерін 65 күнде туады. Бөлтіріктер соқыр, саңырау болып туылады. Ал салмағы небәрі жарты килограмм болады.
- Қасқырдың жағы өте күшті болады. Тістеген жерінің 1 шаршы сантиметріне шамамен 300 килограмм күш түседі.

<http://massaget.kz>

Көк шолақ пен Көксерек

Бірігіп алып адырға қарай жарысып жөнелісті. Бұл топтың саны – он шақты. Әзірге басшысы – көк шолақ... Үшеу-төртеуі күшік, оның ішінде бір-екі арланы бар. Бірақ олар көк шолақ пен Көксеректен қаймығады, көп ойнайды. Үлкендерімен ырылдасып, таласпайды...

Топ ішінде Көксеректен күйлі қасқыр жоқ. Бойға, денеге бұнымен көк шолақ қана таласады. Оның мойны Көксеректен де жуанырақ...

Ел орынға отырар кезде ауылға қайтып келе жатқан екі-үш жылқыға келіп араласты. Жылқының екеуі қашып ауылға жақындап қалды да, біреуін Көксерек омбы қарға қамап кеп, белгілі әдісімен жығып алды. Кішілеу құнаншығар еді.

Бар қасқыр айнала тұра қалып, ашқарак ауызды қойып-қойып жіберді. Әлдеқашан іші жарылған құнанның буы аспанға шығады. Қан-жын басы-көздерін жауып, жота жүндері үршип, естері шығып асап жатыр .

Көксерек бұрынғы дағдысымен жемтіктің кеудесіне тұмсығын тығып жіберіп, жұлып асап жатыр еді. Желкесінен «ыр-р» етіп бір ауыз тістей түсті. Бұл орын көк шолақтың орны болушы еді. Жемтіктен басын суырып алып, көк шолақтың асылып тұрған аяғынан қатты тістеп алып, үстінен жұлып тастады. Екеуі де жемтіктен шығып гүр-гүр етісіп тұрып, қайтадан қызылға ұмтылысты. Таласа-тармаса жесіп алды. Соңғы бір-ақ саны қалған уақытта күшік қасқырлар мен қаншықтардың көбі шығып кетіп, екі көк шолақ қана жемтікті жұлмаласып қалды...

Жем бітті. Тағы да адырға қарай тартты. Топ алдында екі көк шолақ қатар жортады. Біріне-бірі жол бермейді. Бірінің алдына бірі түссе, тірсектерінен тістеп ырылдасып қалады. Азу тісінің бірі сынған көк шолақ ызалы, долы. Гүрілдеп сыздана берді. Екі күндей аш болысты.

Жылқы бұрынғы жерінде жоқ. Боран болған, қалың қар жауып, іздер де басылып қалған. Елсіз бір жарды жағалап келе жатқанда кеуегінен шығып қоян қашты. Жардың екі жағына қарай жарылып бөлініп алып ұмтылып куды. Аздан соң қоян жардан шығып, Көксерек жаққа қарай далаға шыға, адырға беттей қашты. Бұл топтың алдында Көксерек еді. Қоянға жақындап келеді. Бір кезде төтеден ағындап жеке-дара болып, көк шолақ ағызды. Қоянға жақындап қысып келіп, Көксеректің алдына түсті. Артқы қасқырлар шұбап алыста қалды.

Адырға кірді. Бірнеше төбелерден өтті. Көксерек кейіндеп қалып еді. Бір ылдида көк шолақ қоянды жұмартып жатыр екен. Көксерек келе ағызды қойды. Екеуі жұлқысып тартысқанда қоянның басы мен кеудесі көк шолақтың аузында кетті. Өзінде қалғанды қапаш-құпаш асап, Көксерек қайта тап берді.

Көк шолақ қоянның басын тастай беріп, арс етіп Көксеректі аяқтан ала түсті. Ойда қар борап, аяқтарының асты аткөпір болды. Шапшып келіп гүрілдеседі. Тістері бір-біріне сатыр-сатыр тиісіп, қарш-қарш шайнасады. Тікейіп шапшыған бойда ұстасып тұрғанда Көксерек басын бұрып жіберіп, көк шолақты құлақ-шекеден ала түсті. Жасынан ауыл иттерінен үйренген әдісі еді. Аузы тиісімен жұлқып бұрап жібергенде, көк шолақ майысып барып астына топ ете түсті.

Жығысымен үстінен басып тұрып, құлақ-шекеден ағызды жылжытып келіп алқымға салды. Тама-



ғынан қапсыра қысып буындырып алып, мойын сүйегін кырт-кырт шайнайды. Көк шолақтың аузы арандай ашылып, тынысы құрып, тыпырлауға шамасы келмей қалды.

Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, көк шолаққа ауыз салысты. Былбырап аққан қызыл қанның иісі аш қарындарға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш төстен мықты, өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда көк шолақтың қаны жосылып ағып, ішінен бұркырап бу да шықты. Бұл арада бар ауыз түтелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта көк шолақтан будыраған жүн мен төрт табан ғана қалды.

Қалған топтың жалғыз даусыз басшысы Көксерек болды...

Құрмаштың өлімі

Артынан ерген тобы аштық көрген жоқ. Бәрі де жонданып, құтырынып, мықты жүргіш болып алды. Шетінен Көксерекше батыл... Түске жақын мезгіл еді. Жота-жотадан қарауыл салды. Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті. Алыстан таныс иіс келіп мұрнына жетті... Көп іздеді. Аяғында күн кешке жақындағанда бір жотаның басында шошайған аттылы қойшыны көрді. Айналасында – сол төбенің бетінде қой шашылып жайылып жүр. Теріп жеуге шашқан шашудай. Бірақ жақында ауыл бар. Алыстан ағындап бет түзеді. Жалғыз-ақ қарасын көріп қалған қойшы айғайды салып, бұған қарсы шапты.

Қойшы үлкен емес, бала даусы шошытпайды. Қой дүркіреп үркіп, қойшыға қарай қашты. Қасқыр жақындап бір қызыл қойға ауызды салғалы ентелеп келіп қалып еді, бағанадан айғайлап келе жатқан қойшы қасына кеп қалыпты. Еріксіз жалтарып бұрыла беріп еді, қойшы бастырып қуып жөнелді.

Бой салып қорқып қашқан жоқ. Содан ба болмаса тегі жүйрік пе, әйтеуір боз ат бастырмалатып жетіп келіп, Көксеректің жотасына жеңіл ағаш сарт етіп тиіп қалды.

Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып, аттыға қарай «арс» етіп шашып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек еді. Ыңғайына бала тонының өңірі ілінді. Соны бөксеріп жұлып түскенде, боз ат оскырып атқып кетті.

Баланың шошыған айғайы шықты. Қасқыр артына айналып тап бергенде, мөнкіп жүрген боздан бала аударылып құлап түсті. Көксеректе қазір де бұрын ешқашан білінбеген долылық, жайындық бар еді. Туғаннан бергі барлық көресі осыдан – екі аяқтыдан дегендей, жығылып домалап жатқан балаға тап берді. Оқыс секіргенде санының жарас ы ашылып, тыз етіп ашып қалып еді. Ол

бұрынғыдан жаман ызаландырып құтыртқандай. Боз ұзап қашып кетті. Қой да жоқ. Екпіндеп секіріп, ырылдап кеп баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнені болатын. Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман араңдай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені – сол...

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде баланың бір жақ көзін копарып алып кетті. Жүріп бара жатып қылғып салды... Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында тайдың ізіндей болып үлкен қасқыр ізі жатыр екен.

Қосымша мәліметтер

- 1600 жылы Солтүстік Америкада қасқырлардың саны 2 миллион болған еді. Қазіргі таңда олардың саны бар-жоғы – 65 000.
- Аш қасқыр бір жегенде 10 килограмм ет жей алады.
- Қасқырлар бір жүзгенде 13 шақырымға дейін шаршамай жүзе алады.
- 1883–1918 жылдар аралығында АҚШ-тағы Монтана штатының өзінде 80 мың қасқыр атылды.
- Қасқырлар 2 минут бойы 32 км/сағ жылдамдықпен жүгіре алады. Ал қауіпті сезген жағдайда 56 км/сағ жылдамдықты да бағындыра алады.

<http://massaget.kz>

Аққасканың айқасы

Құрмаштың жаназасына жиналған Қараадыр елі Көксерек жайынан неше алуан әңгімелер құрды. Көпшілік мұны қорқау қасқыр деді. Кейбіреу құтырған қасқыр емес пе екен деп күдік айтты. Бірақ құтырған деуге орын жоқ. Ондай болса, бір баламен тоқтамас еді. Ауылға да шабар еді. Қойды да қуалар еді. Сол жылында бұны не қылса да ізіне түсіп соғып алуға, өлтіруге сөз байласты. Бұл әңгіменің ортасындағы Қасен еді. Ол – белгілі аншы. Баяғыдан құс салып, ит жүгірткен. Өзі осы маңайдың ауқатты, әлді жігіті. Қараадырдың мырзасымағы. Қалада қызметте тұратын інісі бар. Сол арқылы биыл күздігүні бұның ауылына шетелден қасқыр алатын бір ит келген. Қазір барлық Қараадырға да, маңайдағы өзге елге де данкы шыққан Аққасқа – осы Қасеннің иті.

Келісімен Аққасқа күздігүні бір күннің ішінде бір бөлтірік, бір үлкен қасқыр алған. Өзі екі қар басқан екен. Қазіргі уақытқа шейін алты қасқыр алыпты...

Жыын Көксеректі іздеуге сөз байлаған соң, жаназадан тарай сала Қасен өз ауылына келіп, бес-алты жігітпен бірге Акқасқаны ертіп алып адырға шықты. Күн кешкі бесін кезі еді. Сондықтан ертенге қарап аял қылысқан жоқ. Ең болмаса ізін көріп, бетін аңғармақ. Және жаңадан қар жауған. Сонан енді тағы қар жауып қалмай тұрып ізінен, бетінен Көксеректі танып алу керек.

Қасен Құрмаштың әкесімен ағайындас жақын болатын. Жалғыз баласы – ерке Құрмаштың өлгені әкесіне ерекше батып еді.

Бұның үй ішімен ботадай боздап, бейіт басында да қатты күніреніп жылағанын көргенде тірі жанның бәрінің сай-сүйегі сырқыраған. Құрмаштың әкесі Қасенге:

– Сол жалғызымды өлтірген қасқырды қолыма әкеліп беріп, көзін ойғызбасаң, сен маған туысқан емессің, – деген. Өзге ел де Қасенге: «Бүгін Акқасқа не өлсін, не өлтірсін! Осыдан басқа жерге итіннің керегі жоқ, тіпті!» дескен. Осы сөздердің барлығы Қасенді де асықтырып, ширықтырып еді. Құрмаш ауылы мен Қасен ауылының арасы жақын болатын. Сондықтан көп уақыт өтпей-ақ аңшылар кешегі бала өлген жерге жетті. Ақша қардың үстінде бадырайып үлкен із жатыр. Беті елсізге, Тастықұдыққа қарай кетіпті. Барлық аңшы ізге қарап қасқырдың үлкендігіне қатты қайран болды...

Екі шекесі «торсықтай» деп аңыз қыларлық. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияктанып, күдірленіп дүңкііп тұрады. Оның үстіне, шеке мен мойын тұп-тұтас болып келіп, шеңбер төске қосылған. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқса йды.

Акқасқа өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін долы, ызалы. Сондықтан ауылға келгенде шынжырдан босамайды. Далаға алып шығып, аңның ізіне салғанша, жә, қарасын көрсеткенше ұзын кендірден босамайды. Әйтпесе жолда кез келген иттерге де соқтыға береді. Итке келгендегі жалпы әдеті: өзі барып таласпайды, бірақ ауылдың көп иті алдынан шығып, быжылдап үріп айналасын қамай бергенде яки біреуінің жұлып қашқан тісі тигенде құтырып кетеді. Ондайда топ иттің ішіндегі ең үлкен төбетті секіріп барып құлақ-шекеден алып, топ еткізіп соғып, жаншып-жаншып жібереді. Кісі айырмаса, астына түскен итті өлтірмей шықпайды. Өзі жүрген жерде өзге иттің еркелігін көтермейді. Күзден бері Қасен ауылының екі-үш сақ төбетін өлтіріп салды.

Қатты ашуланып, ашкарақтанып кеткенде несін де қауып жібереді. Күздігүні үй ішінде сойып жатқан қойдың етін жегізбей ұмтылғанда, Қасенді де бір-екі рет қолынан ала түсіп қауып алған...

Қа сендер келісімен-ақ барлық жылқышы мәлім етті: өткен түнде көк шолақ жылқыға шауып, бір жабағыны жеп кетіпті. Жалғыз өзі бір семіз жабағының жарты етіне жақынын жепті. Бұл не деген жалмауыз екенін білмейміз, ... деп қос басшысы сөйлеп еді.

– Ол ұзаған жоқ. Ол болса осы Аксоранның айналасынан табылады.

– Соңғы уақытта қасқырдан тыныш едік. Осы жалғыз қасқыр кешеден келіп араласты. Ізі тайдың ізіндей. Әнеугүні де келіп бір тай жеп кетіп еді.

– Издегендерінің өзі – сол. Ел мен қосқа кезек тиеді. Бір кәпір саркынды. Бәрін істеп жүрген сол. Енді, әттең, дүние, соны ғана бір қолға берсе-ау! – деп жабағысы желінген Бейсембай жылқышы кіжінді... Таң қылаңдап келе жатқанда барлық аншы мен көп жылқышы атқа мінді...

Қасен аяңдап, биіктің басына қарай тартты. Жолшыбай екі-үш жерде Акқасканы сарытып, аунатып, баптандырып алды. Сонымен жарты сағаттан артық уақыт өткенде биіктің басына келіп шықты... Айналасының бәрі де көрінеді... Айналага Акқасқа да анда-санда бойлап-бойлап жағалай қарайды.

Қасен бұны баулыған несіне ішінен бас иіп алғыс айтады. Құрметпен еске алады. Өйткені Акқасқа тау басында қазіргі отырыстың не мәні барын әбден түсініп, ұғынып отырған сияқты. Тыныштыққа бойұрып, жатуды ойлап тұрған жоқ. Күтіп отыр. Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр. Жан-жақтағы қағушылардың бәрінің де алдына қарап өтеді. Кейде түрегеліп те жан-жаққа көз жібереді... Қарсы алдында оқ бойындай жерде, сары жотаның дәл үстінде артына бұрылып қарап тақ тайыншадай бір көк шолақ тұр екен. Жотасы күдірейген, құйрығы шоп-шолақ, бойы тау басында тайдай көрінді. Ертегінің көкжалы. Жотаға шыға бере Акқасқа да көрініп, атылып, секіріп кеп кетті. Ақырын ғана «айт» деп қалып, бәйгекерге Қасен де қамшы ны басты.

Ойлан, тап!

Оқылған мәтін мазмұны негізінде берілген «Құрмаш» атты сөзжұмбақты шешейік.

1. Белгілі аңшы –
2. Қара ала төбеттің иесі –
3. Оқиға болған жер аты –
4. Аптаның бесінші күні –
5. Иттің ас ішетін ыдысы –
6. Иттің баласы –



Көксерек артына карап тұрып байкамай қалып еді. Бір уақыт алдынан шыға қалған сатыр-сұтырға жалт карағанда ағындап келе жатқан Аққасқа мен аттыны көріп, сол жақтағы ойға қарай ытқып, қашып жөнелді. Бір сайға түсіп жосылып барып, екінші оң жақтағы жотадан асып түсті. Соның ойына таман жақындағанда аттының дүбірі басылып қалып еді. Мұның құлап түскен сайы тіп-тік жар болатын. Бірақ дәл сол кезде артындағы қар жиі-жиі шықыр-шықыр басылып, бірдеме жақындап келіп қалды.

Қашып келе жатып артына қарай алмады. Сол-ақ екен, жаралы санынан бір мықты ауыз қауып түсіп, ойға қарай қатты жұлқып көтеріп тастады. Сол сәтте бұның жауы қасынан ағып өтіп кеп, алдыңғы омбыға екпіндеп барып соқтығып, өзі де құлап түсті.

Аққасқаның жұлып кеткен екпінімен етпетінен түсіп қалған Көксерек енді атып тұрып, тап берді.

Бұрын Аққасқа бұндай жұлып өткенде, әсіресе ойдан төмен жүлғанда қандай қасқыр болса да омақасып, тұмсығынан шаншыла түсуші еді. Сондайда қапысыз мықты ауыз тұрғызбастан келіп, алқымынан жабысып қалатын. Бұл жолы олай болмады. Аққасқа өзінен бұрын тұрып, күрілдеп ырғып келе жатқан көкжалды көрді. Бұ да қарсы тап берді. Сол уақытта құлақ-шекесінен тиіп қалған қышқаштай қатты темір ауыз жұлқып кеп жібергенде, ой жаққа қарай ытқып барып түсті. Бірақ Аққасқа жығылған жоқ, тік етіп барып төрттағандап тұра қалды. Ептілік, ынғайлылығымен ғана көк шолақтың аузынан шығып кетті. Көксерек тістенгенде қамти тістей алмай, көбінесе терісінен ала жұлқып еді.

Сол бетімен Көксерек жотаға жүре бермекші болды. Өйткені артындағы дүсір тағы естіліп қалды. Бірақ Аққасқа да қалмады. Ағындап келіп ар жаққа шығып алып, көлденеңнен шапшып-секіріп келіп Көксеректі құлақ-шекеден ала түсті.

Көк шолақ бұл жолы да жығылмады. Аққасқаны көтере жоғары шапшыды. Алғашқы алған жерден Аққасқаның аузы босап кетті. Екеуі бетпе-бет келіп, шапшып тұрып қаршылдасып ұстасты. Енді бірінен-бірінің босап кетуіне жол жоқ. Бұл күй не қылса да біреуінің астына түсуімен бітуі керек. Және етіне тіс тиіп, ашынып алған Аққасқа қазірде долылықтан өртенгендей еді. Қасқырмен көп кездесіп, қыркылжың тарта бастағаннан бері қарай Аққасқа бойына тіс тигенше онша өлерменденбеуші еді. Дәл қазіргі күй жалғыз тал қылына шейін қоздырып, күйдіріп-жандырғандай.

Көксерек те бағанадан қалыспаған ітке енді шын ойынды бастаған. Екеуі шапшысып тұрған бетте біріне-бірі құлақ-шекеден де, алқымнан да алғызбайтын болды. Алдыңғы аяқтарымен ұстасып

тіресіп тұрып, сол сәтті андығанда екеуі де тез іс бітпейтінін ұққандай болды.

Қозданған қан толқынып кеп тағы бір дем басқа шыққанда, Аққасқа қарсы алдында арандай ашылып тұрған ауызға сақ еткізіп тістерін салып жіберді. Бұл қасқырдың төменгі тістері мен тілін қоса шайнағанда, қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп кірші-кірші кірді. Ашулы тістер сытыр-сытыр, қарш-қарш шайнасады, әлі шапшысып тұр.

Дәл сол уақытта жоғарғы жотадан шыға сала төмен қарай кер ат пен ақ бие де аңырап еді. Қасен мен Бейсембай «а, құдайлап» сойылдарын онтайлап келе жатты.

Өр жақта – Аққасқа. Шайнасып тұрған ауыздардан сілекей мен қан аралас ағып, сырылдап тұр.

Аққасқа Қасен даусын ести сала ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда, көк шолақтың бөлі бұраң етіп барып дүрс етіп құлап түсті. Ауыздары бір-бірінен айырылған жоқ. Екеуінде де үн жоқ. Шайнасу үстінде желімдей қайнасып қатып қалған сияқты. Ең аяғы, болымсыз болса да, тыныс алған дыбыс та білінбейді.

– А, Құдай!.. А, Құдай!.. Иә, сәт! Иә, сәт!.. Иә, аруак! Иә, аксарбас!.. – дей бере екі атты үстеріне жығыла-жығыла үйіле түсті. Аттар босанып шықты.

– Опыр-ай!.. Опыр-ай!.. Аузын!.. – деп келіп, Қасен жуан камшының сабын Көксеректің көмекейіне тығып жіберіп, мықтап басып тұрып жауының тұмсығын жоғары қарай қайырып жіберді. Аққасқаның қан басқан тұмсығынан көк шолақтың тістері бір-бірлеп шығып кетті. Аққасқа сонда ғана бүйірін тартып тыныс алды.

Бірақ әлі де жанын шығарғанша қасқырдың төменгі жағын күрт-күрт шайнап жатыр. Бұл кезде Бейсембай да кара пышақты Көксеректің өкпесіне салып-салып жіберіп еді.

– Осы... осы... осы ит! – десті. Көксеректің жаны әбден шыққан соң, Аққасқаны Қасен, Бейсембай екеулеп отырып зорға дегенде айырып алды. Құйрықтан қысып алып, алысқа сүйреп апарған соң ғана Аққасқа есін жиыды. Бірақ әбден әлсірегендіктен, сол апарған жерге сілейіп жата кетті. Барынша шаршап, талған екен.

Ес жиған соң жұрт көк шолақтың құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап кейбіреулердің көздерінен жас та шықты. Ауылға әкелгенде Құрмаштың әжесі боздап келіп:


– Қураған-ай, ненді алып ем?! Не жазып едім?.. Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?!.. – деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті.

Оқылым тапсырмалары

1. Түсініксіз сөздердің мағынасын ашып, түрлерін (көнерген сөздер, тұрақты сөз тіркестері, ауыспалы мағыналы сөздер) ажыратып көрсетейік.
2. Әңгімеде кездескен ерекше тілдік қолданыстарды тауып, мысалдар келтірейік:
 - а) бейнелі сөздер;
 - б) афоризмдер;
 - ә) тілек (бата, алғыс, қарғыс) сөздер;
 - в) мақал-мәтелдер.
3. Әңгіменің композициясын құрастырайық.



4. Топтарға бөлініп, композиция бойынша әңгімені өз сөзімізбен мазмұндайық.
5. Жазушы шығармасын неге «Көксерек» деп атаған? Әңгімеден алған әсерімізді білдіре отырып, шығарманың негізгі идеясы туралы тұжырым жасайық.



6. Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, берілген тапсырманы орындайық. Өз мүмкіндігіңе сәйкесін таңда.

А оқушы: Кинофильмдердегі бөрілер бейнесі (ресурс: түрлі халықтардың көркем фильмдері мен деректі фильмдері).

Ә оқушы: Ертегілер мен аңыздардағы бөрілер бейнесі (ресурс: түрлі халықтардың ертегілері мен әңгімелері).

Б оқушы: Халық мақал-мәтелдері мен нақыл сөздеріндегі бөрілер бейнесі (ресурс: түрлі халықтардың мақал-мәтелдері мен нақыл сөздері т.б.).



Әдебиет теориясы

Символ – балама бейне. Оған негізгі ойды, айтқалы отырған нәрсені, құбылысты сол балама бейне, сурет арқылы тұспалдап көрсету тән.

Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде символға мынадай анықтама беріледі: «Символ – қандай да бір құбылыстың мәнін шартты түрде білдіретін сөз немесе зат».

Айтылым тапсырмалары

1. Әңгіме авторы және шығарма кейіпкерлері; Құрмаш пен оның әжесі және т.б. «Кейіпкер орындығына» шақырып, өзімізді толғандырған сұрақтарды қояйық.
2. Шығарма мазмұны, кейіпкерлер жауабы арқылы адамдар болмысын анықтап көрейік. Олар (балалар мен үлкендер) қандай? *Үлгі:*

Салыстыру аймағы	Қандай?	Мысалдар арқылы дәлелдей аламын
Құрмаш		
Ауыл адамдары		

- Барлық көзқарас тұрғысынан (ауыл иттері, ауыл адамдары, Құрмаш) «бөлтірік Көксерек», «көк шолақ Көксерек», «арлан Көксеректі» сипаттайық. Шығарма үзінділері арқылы дәлелдейік.
- Өз жұбымызбен бірге повестегі қасқыр мен иттің тартысын еске түсіріп, Көксерек пен Аққасқаны салыстырайық.



- Топтағы оқушылармен ақылдаса отырып берілген сұрақтар төңірегінде өз пікірімізді білдіріп, дәйектемелер ұсынайық.
 - Әңгімедегі ауыл адамдарының, Құрмаштың, Көксеректің іс-әрекеті туралы біздің көзқарасымыз қандай?
 - Адам табиғатты бағындыра ала ма?
- «Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» деген даналық ойда қандай мағына бар? Қалай түсінесіңдер?
- «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген нақыл сөзде қандай өнеге бар? Не үшін айтылған?

Біз білеміз бе?

«Көксерек» повесінің дүниеге келуі туралы жазушының әйелі В.Николаевна былай дейді: «Бірде мен қабырғаға ілетін күнтізбе сатып алдым. Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілініп тұратын. Онда қысқы түн, қар жамылған меніреу дала, сонау көз ұшында қар басқан шағын қыстақтың оттары көрінеді. Алдыңғы көріністе түнде жортқан қасқыр тұр. Міне, сол сурет Мұхтарға бозбала кезінде аңшылардан естіген әңгімелерін еске түсірген болуы керек».

Бұл, біздіңше, себеп қана. Жазушы С.Бегалин осы шығарманың жазылуы туралы: «Мұхтар 1916 жылы Семей семинариясында оқып жүріп Семей уезіне караған Шаған болысындағы белгілі Моллабай деген байдың ауылына орысша бала оқытуға келіпті. 1915–1916 жылдың күзінде Моллабайдың Мұсатай деген баласы таудан қасқырдың күшігін алып асырап, қолға үйретіп, қасқыр алғызбақ болғанын, кейіннен сол бөлтіріктің қорадағы малға шауып, қозыда жүрген баланы талағанын естіп-білдім», – дейді. Сол оқиға белгілі мөлшерде «Көксеректі» жазуға әсерін тигізген. Тіпті шешуші мәні болуы да ғажап емес¹.

Жазылым тапсырмалары

- РАФТ (Рөл/Аудитория/Форма/Тақырып) формуласын пайдалана отырып, шығармаға сыни шолу жазайық.
- Өзіміздің сүйікті үй жануары немесе басқа жануарлар туралы әңгіме жазып көрейік.
- Ғаламтор көздерін пайдаланып, ғалымдардың қасқырлар әлеміне жүргізген түрлі тәжірибелері туралы танымдық бағдарламалармен танысып, өз жобамызды құрастырайық.

¹ Жұртбай Т. Бесігінді аяла!.. Монография-эссе. Астана: Фолиант, 2003.

Зерттеушілік тапсырма

Көкбөрінің киесі, түркілердегі *көкбөрі* ұғымы жайында ақпараттар жинақтайық.



Кері байланыс: «Қызық. Қиын. Құнды»

Жапырақ бөлімдеріне Мұхтар Әуезовтің «Көксе-рек» әңгімесін оқу барысында біз үшін қызық, қиын, құнды болған тұстарды жазып, ой қорытайық.

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ

(1918–2016)



Қасым Қайсенов 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында дүниеге келген. Ол – Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, данқты партизан, майдангер-жазушы, Халық қаһарманы.

1938 жылы Өскемендегі саяси-ағарту техникумын бітіріп, 1939 жылы әскери мектепке түседі. Екі жылдан кейін Оңтүстік-Батыс майданына жіберіледі. 1942 жылы Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Партизан отрядының сапын да Украина, Молдавия, Чехословакия

мен Румынияда фашистерге қарсы арпалысқан данқты партизан 1944 жылы туған елге оралып, әртүрлі жауапты қызметтер атқарды.

Қазақ прозасында Екінші дүниежүзілік соғыс жайында жазылған шығармалар аз емес. Алайда Қасым Қайсенов сол соғысты көзімен көрген партизан-жазушы болғандықтан, оның жазғандары шынайылығымен ерекше. Оның шығармаларының арқауы – өзі көріп, куә болған өмірдің өзі. Жазушының «Жас партизандар», «Жау тылындағы бала», «Балдай тәтті балалық шақ» т.б. әңгіме-повестерінің негізгі тақырыбы – соғыс кезіндегі балалар тағдыры.

Қ.Қайсенов шығармашылығы тек қана өз республикамызда ғана емес, шетелдерде де танымал. Бірталай шығармалары орыс, украин тілдеріне аударылды. Ал қазақша шыққан «Ілько Витряк» (1955), «Переяслав партизандары» (1956), «Ажал аузынан» (1959), «Жау тылындағы бала» (1960), «Днепрде» (1963) кітаптары балалардың да, үлкендердің де қызыға оқитын туындыларына айналды.

«Жау тылындағы бала» повесі

Қ.Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесінен үзінді тыңдайық (10-аудио).

Тірек сөздер:

- соғыс
- фашист
- жау тылы
- жас партизандар
- ана мейірімі
- бейбітшілік

Тыңдалым тапсырмалары

1. «...Сол баланың өмірі туралы жолдастарыммен әңгімелесіп, оқиғаның ұзын-ырғасын баяндап бергенімде: «Жазсаңшы осыны, балаларға мұндай жағдайды білудің өзі бір сабақ емес пе? Жаз, оқысын замандастарың», – дейтін еді.
Қалай ойлайсыңдар, жазушы кім туралы жазбақшы? Повестегі басты тақырып не туралы болмақ? Өз болжамымызды білдірейік.
2. Болжамдарымызды шығарманың толық нұсқасымен салыстырайық. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтары бар?
3. Автордың «Кешегі сұрапыл соғыс» деп отырғаны қандай соғыс? Тарих пәнінен білетінімізді еске түсіріп, мына сұрақтарға жауап беріп көрелік:
 - а) Ұлы Отан соғысы ұғымын қалай түсінесіңдер? Осылай атау дұрыс па?
 - ә) Бұл соғыс қай жылы, қай елдердің арасында болды?
 - б) Соғыстың себептері, яғни алғышарттары не болған еді?
 - в) Екінші дүниежүзілік соғыс батырларынан кімдерді білеміз?

Партизан-жазушының әңгімесін мұқият оқиық.

Күтпеген шабуыл

– Тұрып кнініндер де, дайын болыңдар! Шегарадан фашист армиясы өтіп кетіпті. Біздің полкте соғыс дабылы соғылғалы бес минут болған екен, – деп қысқа жауап қатты да, майор Жамалы мен Серігінің беттерінен сүйіп, киімдерін апыл-ғұпыл түзей салды да, үйден жүгіріп шыға жөнелді...

Серігін құшақтап нардың астында отырған Жамал қарсысындағы полк комиссары Савченконың әйелі Анна Ивановнаға ойлы пішінмен көз тастап, әлденені айтқысы келгендей қарай береді. Анна Ивановна да Борясының басын көкірегіне қысып, әлденеден қауіптенгендей сыртқа құлағын сала тындап, вагонның есігінен көз алмай қарап отыр. Ересек балалар, әйелдер вагон есігінің тесіктерінен сығалап тұр...

Бір кезде бірнеше бомба жақын бір жерден жарылды да, вагондарды дірілдете-солқылдата, шайқап-толқытып жіберді. Сол-ак екен, сырттан:

– Вагоннан тез шығыңдар, эшелон өртенді. Тез шығыңдар! – деген бір еркек адамның ащы даусы санқылдай естілді...

Жамалда ес жоқ. Екі өкпесін қолына алып, сүріне-қабына жүгіріп келе жатыр еді, бір самолет төмендей түсіп, оған оқты боратып

жіберді. Ол баласын құшақтаған күйі бір шұңқырға етпетінен құлап түсті де:

– Серігім! – деп дауыстап жіберді. Ышқына шықты үні...

– Серікжан, оқ тиген жоқ па, қарашығым?! – деді...

Әкесі алдыңғы шепке аттанып, анасы далада қаза тауып, жас Серік бұрын аяғы баспаған алыс жерде тірі жетім боп, жалғыз қала берді. Қайда барады, не істейді, не күтіп тұр алдында? Бәрі оған мәлімсіз.

Серік анасының қасынан кете алмай тұрған шақта, сол маңдағы бір ағаштың түбінде толық денелі, орта бойлы, қою сары шашты, отыздың екеу-үшеуіне келген бір әйел отыр еді. Бұл полк комиссары Савченконың жұбайы, партия мүшесі Анна Ивановна Савченко болатын. Оның жанында ағашқа сүйеніп, он бір-он екілер шамасындағы ақ сары шашты, көк көзді жалаңбас бір ер бала тұр. Бұл сол Анна Ивановнаның Борис деген жалғыз ұлы болатын. Ол станция жаққа ағаш арасынан көз алмай ұзақ қарап тұрды.

– Мама, ана жерде біреу отыр. Ол мұнда келіп неге тығылмайды? – деді. Анна Ивановна орнынан тұрып, баласының нұсқаған жағын қарап еді, шынында, ашық алаңда біреу отыр екен.

– Мама, анау Серік қой! Танып тұрмын, Серік! – деді тағы да манадан бері көз алмай тұрған Борис...

– Боря, сен осы жерде тұра тұр. Мен барып не болғанын біліп келейін, – деді. Боря басын изеді. Анна Ивановна жедел басып Серіктің жанына келгенде, ол орнынан ұшып тұрып, Анна мен шешесіне алма-кезек қарап, егіліп жылап қоя берді.

– Серік, неге жылайсың? Мамаң жаралы ма? – деп Анна Ивановна Жамалдың бетіне үніле қарап тамырын ұстап көрсе, ол жантәсілім берген екен. Енді Анна Ивановна да не істерін білмей, Серіктің басынан сипап аңырып тұрып қалды...

– Серік, мамаң өлді. Маманды фашистер өлтірді! – деуі-ақ мұн екен, Серік тағы да тізерлеп отыра қалып, мамасының өлі денесін құшақтап еңіреп жылап қоя берді. Анна Ивановна да егіліп тұр еді... Сосын:

– Серік, жүр кетейік! Әне, фашистер самолеттері тағы да ұшып келеді. Жүр, әне жерде Боря тұр, соған барайық, – деді ол Серіктің қолынан ұстап. Көзіне жас толған Серік мамасының денесінен көз алмай: «Бармаймын, осы арада боламын» дегендей басын шайқап, орнынан қозғалмады.

– Серік, мұның не? Жүр, мамаң, өлді. Енді папанды тауып алайық! – деді Анна Ивановна, оны мамасынан күдер үздіріп ертіп әкетейін деген оймен. Сол арада жау самолеттері де қаптап кетті. Серік артына жалтақ-жалтақ қарап, Анна Ивановнаның соңынан еріп бүлкектеп кете барды...

Анна Ивановна село адамдарынан жол сұрап алды да, түс ауа олармен қоштасты.

Қалың орманнан шыққан соң, село адамдарының айтқан «бас паналар бүргені де жоқ» ашық даламен жүруге тура келді. Сонда да жолдан бой тасалап, тағы бір күн жүргеннен кейін үлкен өзен кездесті. Кешіп өтуге болмайтындығын сезген ана амалсыздан көпір іздеді. Судың бойымен жоғары қарай үш-төрт шақырым жүрген соң, темір көпір көрінді. Көпірге жақындаған кезде, оның аузында тұрып қалды. Есі кетіп: «Енді не істеймін?.. Бұл судан қалай өтемін?» деп тұрған ананың ойын:

– Ком, комая! – деп барқ ете түскен неміс сақшыларының бірінің даусы бөліп жіберді. Анна Ивановнаның қорқынышы мынау: ол талай қауіпті күндерден бері көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан партиялық билеті болатын. Оны соңғы күндері Серіктің вельветкасының жағасының ішіне тігіп берген еді. Бірақ қайда тықса да неміс жендеттері көріп тұрғандай, тінткен жерде оны тауып алып қоятындай болып көрінетін-ді оған. Әсіресе соны қауіп қылып кишақтап қалды.


Шақырып тұрған сақшының алдына қанша барғысы келмесе де, амалсыздан екі баласын екі жағына алып, қолдарынан мықтап ұстап, көпірге қарай беттеді...

– Бұл жерде не іздеп жүрсін? – деп сұрады бір солдат орыс тілін әзер құрап сөйлеп.

– Үйге кетіп бара жатырмыз, – деп жауап қатты Анна Ивановна.

– Үйге!.. Үй қайда?.. – деп әлгі солдат қайта барқ ете түсті де, жанындағы солдаттарға «тінтіндер» дегендей неқ қакты. Үш, төрт солдат әрі тінтіп, бері тінтіп Анна Ивановнаның паспорты мен қолсағатынан басқа еш нәрсе таба алмады.

– Басқа документтерің қайда? – деп тебінді әлгі солдат.



– Басқа документім жоқ, – деп Анна Ивановна қысқа ғана жауап берді. Не қыларын білмей аптығып тұрған әлгі солдат:

– Мынау кімнің баласы? – деп сұрады Серікке қадала қарап.

– Өзімнің балам! – деп Анна Ивановна іркілмей жауап берді де, Серіктің пығынан ұстап өзіне қарай тартты.

– Өтірік айтасын, мынау азиат. Орыс емес, украиндық емес! – деп ақырды әлгі солдат.

– Азиат, азиат!.. – десіп жамырасып кетті солдаттардың барлығы... Анна Ивановнаның аузынан: «Өзімнің балам, өзімнің балам», – дегеннен басқа сөз түспеді. Бастапқы солдат қолсағатты өз қалтасына салды да, паспортты Анна Ивановнаға қайтып берді. Сөйтіп тұрғанда, көпірдің арғы жағынан үстін брезентпен жапқан он шақты жүк машинасы келе қалды. Алдыңғы машинаның кабинасынан басына мандайы шошайған қалпақ киген бір неміс офицері қарғып түсті де, Анна Ивановналардың қасында үймелеп тұрған солдаттарға қолын бұлғап айқай салды. Барлығы соған қарай жүгіре жөнелді. Жүгіріп бара жатқан солдаттардың ең сонындағы біреуі тұра қалды да, артына қарап сәл кідіріп барып, Анна Ивановнаға жүгіріп келді.

– Мен чехпын. Біз туысқан адамдармыз. Бұлардың өздері кісі жегіш! Ел тонағыш тағылар! Тез кетіңіздер, – деп түстік жақты нұсқады да, ол қайта жүгіре жөнелді. Анна Ивановна екі баласын жетектеп көпір аузынан түстікке қарай ұзай берді...

– Мама, «тез кетіндер» деген неміс жақсы екен. Бізді аяп кетті ғой деймін! – деді Борис балалық мінезбен.

– Ол неміс емес. Өзі чехпын деді ғой. Ол – чех. Тіпті немістердің ішінде де жақсылары бар. Олардың барлығы фашистер емес, – деді Анна Ивановна зат салатын дорбасының аузын шешіп жатып.

Сұрақтарға жауап берейік.

1. Серіктің әкесі қайда кетті?
2. Анасы мен баласы қайда жолға шығып еді?
3. Анасынан айырылған балаға қамқор болған кім?
4. Анна Ивановнаның айырылып қаламын ба деп қорыққан партбилет дегені не нәрсе? Оны не үшін көрсетуге болмайды?
5. Неміс пен фашист ұғымдарының аражігін ажырата аламыз ба?

Сатқындық

Анна Ивановна туған селосына үшінші күні кеш батып, қас қарайған шақта ғана жетті. Ол тура өзінің әкесінің үйіне бармай, жолда селоның батыс жақ шетіндегі жастайынан бірге оқып, бірге өскен Тамараның үйіне соға кеткісі келді. Оның үйіне бірден кірмей, екі баланы үйдің арт жағындағы тасалау жерге қалдыра

тұрып, өзі аяғын ептеп басып терезеге жақындады. Терезеден шам жарығы көрінбеген соң, жан-жағындағы үйлерге қарады. Ол үйлердің де терезелерінен жарық көре алмады. Сонан соң: «Бұл селоның адамдары қайда кеткен?» деп ойлап, сәл анырып тұрды да, әлгі үйдің терезесіне құлағын төсеп, тың тыңдап еді, құлағына күбірлеп сөйлеген адамның даусы келді. Енді Анна Ивановна: «Бұл үйде адам бар екен», – деп терезенің бұрыш-бұрышынан мұқият қарай бастады. Бір кезде төргі бөлменің терезесінен саңылау тауып сығалап қараса, үсті ішімдікке толы үстел басында немістің бір офицері отыр екен. Барлық формасымен емін-еркін арақ ішіп отырған неміс офицерін көргенде Анна Ивановнаның жүрегі су ете түсті. «Тамара үйде жоқ шығар. Ол не шығысқа қарай кетіп қалды не болмаса мына жендеттер өлтіріп тастаған ғой!» деп ойлады. Офицердің жанында біреу отыр, бірақ оның офицерге қарай созған рюмка ұстаған қолының көлеңкесі ғана көрінді. Анна Ивановна қанша сығалағанмен, оның кім екенін байқай алмады. Сонан соң ол екі баланың жанына қайтып келді де, «кеттік» дегендей белгі беріп, өз үйіне қарай жүріп кетті. Келсе, өз үйінде де жарық жоқ екен. Тағы да терезеге келіп қараса, ол ішінен жабылмаған. Үйде мүлде жарық жоқ. «Кемпір мен шал сорлыларды да құртқан екен ғой!» деп ойлап анырып тұрып қалды. Екі бала да жанына келіп тұрды. Анна Ивановна өз көзіне өзі сенбей, терезеге тағы үнілді. Сол кезде үйдің ішінен біреу қараңдап көрінді де, терезеге жақындап келіп:

– Бұл кім? – деп сұрады. Бірақ Анна Ивановна бірден жауап бермей, кідіріп қалды.

– Бұл кім? – деп әлгі адам даусын қаттырақ шығарып, екінші рет сұрағанда барып Анна Ивановна өз әкесінің даусын танып қуанып кетті.

– Папа, папа! Мен Аня ғой, Аня! – деп Анна Ивановна сыбырлап, терезе шынысына аузын төседі. Қарт та қызын таныды, білем:

– Құдай-ау... Аночка! – деп сол сәтте-ақ ғайып болды. Терезеден кейін шегіне бергенде Анна Ивановнаны әкесі мен шешесі қабаттасып келіп құшақтай алды. Біраз құшақтасып мауқын басқан соң:

– Жүр, жүр үйге! – деп сыбырлады әкесі. Барлығы үйге кірді. Терезені ішінен тұмшалап жауып, шам жақты. Иван Дементьевич қызын тағы құшақтап, солқылдап жылай берді.

– Папа, қой жылама! – деді Анна Ивановна. – Ана Борис пен Сержаны көрдіңіз бе?

Иван Дементьевич көзінің жасын сүртіп, екі баланың маңдайынан сүйді.

– Аночка, бұл дүние не болды?! Құрыдық қой! Біздің армияға не болды?... – деп Иван Дементьевич тағы да сарыуайымға салынып, Анна Ивановнаға қарады...

– Осында Антон Архипович, Тамара Чуляктар немістердің алдынан нан мен тұз алып шығып, «Совет үкіметі құрыды» деп жүр, – деді қарт. Сол кезде Анна Ивановнаның көзі шарасынан шығып кете жаздады. Ол сасқалақтап:

– Папа, не дейсіз? Тамара дейсіз бе?.. Антон шалды қойшы. Ол өмірі колхоз мүлкін ұрлаумен абақтыда келе жатыр. Ал Тамараны не қара басты? Бәсе, бәсе!..

Ойланайық!

1. Антон шал мен Тамараның әрекетін қалай бағалар едіңдер?
2. Өз басының амандығын ойлап, еліне сатқындық жасаған адамдарға деген көз-қарастарың қалай?
3. Тамара мен оның әкесінің тағдыры қалай өрбиді деп ойлайсыңдар?
4. Опасыздық пен сатқындық туралы қандай оқиғаларды білесіңдер?

Ана махаббаты

Анна Ивановна «Екі баланызбен комендантка келіңіз» деген шақыру қағаз алды. Ол не істерін білмей сасып қалды. Бірақ, амал не, бармаса болмайды. Екі баланы ертіп комендантка келді...

Үстіне көк шұға жапқан төрдегі ұзын үстел басында отырған ат жақты, көзілдірікті, ұзын бойлы неміс Анна Ивановна мен екі балаға көзілдірігінің үстінен сүзе қарады. Неміс офицерінің сол жағында отырған москал әйел:

– Фамилияңыз кім? – деп сұрады орыс тілінде.

– Полищук, – деп қана солғын жауап берді Анна Ивановна...



– Комиссар Савченконын зайыбы емессіз бе? – деп тілмаш әйел сикырлана күлді.

– Иә, бұрынғы күйеуім комиссар екені рас. Бірақ онан айырылып кеткеніме он бір жыл болды. Қазіргі күйеуім – паровоз машинисі, ұлты – қазақ. Одан бір балам бар. Мынау бала соңғы күйеуімнен, – деп Анна Ивановна Серікті нұсқады...

– Шыным сол. Шынымды айттым! – деп қысқа жауап қатты Анна Ивановна...

Ашуға булығып, екі көзі қанталап кеткен жендет Анна Ивановнаны бар пәрменімен жақтан салып жіберді. Сол кезде «Мама!» деп Серік бар даусымен айқайлап жіберді де, бетін алақанымен баса қойды. Борис те баж ете түсті. Залым комендант Серікке жетіп барып, «Мама, мама!» деп қабырғаға сүйеніп тұрған Анна Ивановнаны нұсқады. Серік енді өзін ұрады екен деп тағы «Мама!» деп баж ете түсті. Сонда ғана комендант шегініп, үстел басына барып тілмаш әйелге бірдемелерді айтқандай болды. Ол әйел «білмеймін» дегендей екі нығын қусырып, басын шайқады...

Тілмаш әйел иттің қарғыбауын босатып қоя беріп, Серікті өзіне шақырды. Серік көзінің жасын сүртіп, аяғын ақырын басып оған жақындады.

– Мынау сенің мамам ба? – деп сұрады.

– Мамам. Менің мамам! – деп іркілмей жауап берді Серік. Серік жауабы сокқы көріп тұрған ана жанына ерекше бір қозғау салғандай еді осы кез. Бала мінезі, бала өжеттігі Анна Ивановнаны да жігерлендіре түскендей болды...

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Соғыс кезіндегі балалар тағдырын суреттейтін фильмдерді есімізге түсірейік.
2. Бақытсыз балалық шақ, жетімдік тақырыбына арналған қандай көркем шығармаларды білеміз?
3. Достарымызға осы тақырыпта өзімізге ұнаған кітаптарды оқуға, фильмдерді көруге кеңес берейік.

Бейкүнә Миша

Ертеңінде ел орынға отыра терезе қағылды да:

– Николай Михайлович, есік аш. Мен ғой, – деген бір ер адамның даусы естілді сырттан. Абраменко елен етіп: «Бұл кім болды екен?» – деп сәл кідіріп Марияға қарады да, есік ашты. Сып беріп үйге бір он жеті-он сегіздерге келген, орта бойлы, қою қарашашты, кара торы бала жігіт кіріп келді. Бұл осындағы астыртын комсомол ұйымының мүшесі Иван Гаман еді. Ол үйде бөтен ешкім жоқ па дегендей төргі бөлмеге басын сұғып қарап, үйде өздері ғана екеніне көзі жеткен соң, қайта Абраменконың жанына келді.

– Не жаңалық бар? – деп сұрады үй иесі келген жігіттен.

– Николай Михайлович, жаңалық көп. Біздің үйге кеше түнде Иван Кузьмич келді...

Иван Кузьмич Примак алып денелі, жасы отыздардың ішіндегі, жалынды, Отанның қажымас солдаты еді. Осы Киев, Полтава облыстарында партизандар қозғалысын ұйымдастыруға әдейі қалдырылған. Ол, міне, Мироновск, Переяслав, Канев аудандарында болып, осы Ржищев ауданына екінші рет келген беті. Бұл сапарында осы аудандағы астыртын ұйымдардың жұмысымен танысып, олардың алдағы іс-әрекеттеріне жөн сілтеп, ақыл бермек.

– Шын ба? Ол қазір қайда? – деп Абраменко Иванның сөзін бөліп асығыс сұрай берді.

– Біздің үйде. Мені сізге жіберді. Сізге жолыққысы келеді.

– Ендеше осында жеткізіп сал. Ол жалғыз жүр ме?

– Жалғыз.

Гаман асығыс үйден шықты да, үй артындағы іше ағашына байлаулы тұрған кер атқа қарғып мініп, көзден ғайып болды...

Гамандар ата-анадан төртеу еді. Әке-шешесі соғыстың алдында қайтыс болып, төрт бала жетім қалған. Оның үлкені Иван – он жетіде, комсомол мүшесі, комсомолдардың астыртын жұмысының басшыларының бірі. Одан кейінгілері – Мария, Галя және Миша. Аралары екі жастан. Ең кішісі он бірдегі Миша болатын. Олар қазір сонда қонып жатқан Абраменконың Витясымен өрімдей бесеу. Осы бесеуін ойлағанда Анна Ивановнаның денесі тітіркеніп кетті. «Енді не істеу керек? Қазір оларға тезден хабар бермесе, Гаман семьясы да тұтқындалады...»

Анна Ивановна ақылды қой көзін қарсы алдында отырған Бориске қадады да:

– Боря, анада түнде Серік екеуің Иван деген жігітке еріп селоларға листовка таратқанда, сол Иванның өз үйінде болдыңдар ма? – деп сұрады. Борис ойланып қалды да:

– Гаман Иванның ба? Әлгі Миша деген кішкене інішегі бар? – деді шешесіне қадала қарап.

– Иә, иә! Сен қазір сол үйді таба аласың ба? Таба алсаң, қазір қалай да солармен байланыс жасап, сақтандырып қою міндет боп тұр. Борис: «Таба аламыз ба?» – дегендей Серікке қарады. Манадан бері сөзін ұйып қана тындап отырған Серік:

– Таба аламыз. Мен табамын. Ол мына жактағы хуторда, – деп түстік-батыс жакты кішкене көп-қоныр сұқ саусағымен нұсқады...

Екі бала селоның шығыс жақ шетіне екі жүз метрдей жақындап келді де, бір топ бүргеннің түбін паналап отыра кетті. Екеуі де ентіге, деміге дем алып село жакқа ұрлана қарайды...

Осы кезде ойында ештеме жоқ, сәби Михаил Гаман Македон селосынан шығып, үйіне қарай келе жатты. Ол кеше кешке Виктор екеуі Ольга Карповна Семещенко апайдың үйіне келіп, сонда қонып қалған. Виктор Ольга апайдың Женя деген қызымен ойнап қалды.

Ольга апайының берген бір табақ бидайын Миша аға-апаларына жеткізбек. Ол қара жолдың шетіне демалайын деп отыра кетті. «Мені үйде іздеп отырған шығар» деген ой келіп, хутор жаққа қарады. Дереву орнынан атып тұрды. Кішкентай жүрегі алып-ұшып қорқып кетті. Жолдан алыстап қаша жөнелді. Бірақ Миша кеш қалды...

Міне, жасына жетпей бұлтиған сәби жүзіне айуандық қолдың ізі түскен Мишаны кезекті жауапқа Пн селосына алып келді. Староста үйінің алдындағы сарайға әкеп, оның жалғыз өзін қамады. Ол бірер сағаттай отырғаннан кейін сарайдың есігінен сығалап қараса, сыртта ешкім жоқ екен...

Не заматта сарайдың сырт жағынан біреу: «Миша, Мишенька!» дегендей болды. Ол елен етіп бұрылды да, дауыс шыққан жерге барды. Кішкентай бір санылаудан, айтқандай, Игнат Исаковичтің алып денесін көрді. Миша санылауға аузын төсеп:

– Игнат аға, Игнат аға? – деп жылап қоя берді.

– Мишенька, жылама! Сені босатады, жылама! – деп жұбатқан болды Игнат Исакович...

– Миша, мына жерден шығып қаш, – деп екінші бір тактайды босата бастады. Миша есік жаққа қарап қойып, әлгі жердегі Игнат Исакович сыртқа қарай табандап тартып жатқан тактайды тізерлей отыра қалып екі қолымен итере бастады. Енді әлгі тактай аралығы едәуір кеңіп қалды...

Миша дереу етпетінен жата қалып басын тесікке тығып, сыртты болжады.

Сәл кідіріп, көзін ашып орнынан атып тұрды да, тесіктен жып-жылдам сыртқа шығып алып жүгіре жөнелді...

Жан ұшырған Миша орманның шетіне ілінді. Сол кезде қуып жете алмайтынын біліп, орманға кірсе көз жазып қалармыз деген жөндеттер екі автоматтан оқ жаудырып жіберді. Миша орманның шетіндегі бір жіңішке қарағайды құшақтай алды...

Повестің жалғасын тыңдайық (10. а-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тыңдалымдағы әңгіме кімдер туралы?
2. Олардың балалық шағы қалай өтуде?
3. Балалық шақ деген ұғымды қалай түсінеміз?
4. Адамның балалық шағы қалай болуы керек деп ойлайсындар?
5. Сендердің ойларыңша, адам балалық шақта немен айналысуы керек?

Серік пен Бористі алда қандай тапсырмалар күтіп тұрғанын білу үшін повесті әрі қарай оқиық.

Жас барлаушылар

Серік жас тайынан үлкен әкесі Мерген шалдың қолында, колхозда өскен. Ауылда жастайынан атқа мініп үйренген, аттың құлағында ойнайтын. Талай рет тойларда ат жарысына қатысқан. Міне, Серіктің осы сырын білетін командир Вовко оны тастағысы келмеді.

– Сережа, бері кел! – деп Серікті қасына шақырды да: – Өскенде кім болғың келеді? – деп сұрады.

– Мен бе? – деп Серік сәл кідіріп қалды да, «Осы шын сұрап келе ме?» дегендей командирге қарады.

– Иә, сен кім болғың келеді өскенде? – деп Вовко қайта сұрады.

– Атты әскер командирі не болмаса артиллерист болғым келеді, – деді де, Серік күрсініп қойды...

Серік оң жағына қарап еді, оның көзі бір сұмдықты шалып қалды. Селоның бергі жағындағы шағын орманға қарай село жақтан келе жатқан бір топ кара киімділерді көрді. Барлауға жиі шығып, тәжірибелі партизандардың жанында көп жүріп қалған Серік тоқтай қалды. Екі көзі сол село жақта. Қара киімділер сонынан көк киімділер шұбап келе жатыр. Олардың саны тым көп сияқты көрінді. Әлгі шағын орманға кіріп жатыр, кіріп жатыр, кіріп жатыр... Олардың кара киімділері полицайлар, көк киімділері неміс солдаттары екенін Серік бірден білді. Ол енді жаудың қалай бет алып келе жатқанын анықтап білгісі келді де, атын тасаға байлап, өзі ағаш-ағаштың қалқасымен бұтағын жан-жағына еркін жайып тұрған жуан сары карағайдың түбіне келді. Әлгі жакка көз жіберіп еді, ештеңе көре алмады. Сонсоң карағайға өрмелеп шыға бастады. Жоғары шығып барып қарап еді, бүкіл село, оның маңайындағы шағын ағаштар аяғының астында жатқандай болып көрінді. Көк киімділердің соны шағын орманға жақындағанда, кара киімділердің алды ол орманнан шығып, бораннан ықтап келе жатқан малдай Серіктің өзіне тура келе жатқандай болды. Серік ағаштан түсті де, атына мінді. Ол енді жан-жағына қарамастан шаба жөнелді. Сол шапқан бойы тосқауыл жасап жатқан салт атты партизандар тобына келіп, алдынан шыққан Иван Ломакодан:

– Командир қайда? – деп сұрады.

– Оны қайтесің, аттан түс, әнгімелесейік, лагерьдегілер аман ба екен? – деді Иван Серіктің тізгінінен ұстай алып.



– Керек, жау келіп қалды, ана жақтан келе жатыр. Командир қайда? – деп Серік тебініп қалғанда қара төбел атып кетіп, Иван тізгінінен айырылып қалды. Иван: «Ана ағаштың түбінде жатыр», – деп командир жатқан жерді нұсқап жіберді. Серік командирдің жанына келіп атынан түсе қалды да, оған көрген-білгенін түгел баяндады. Командир кішкентай барлаушының сөзін мұқият тыңдап алды да: «Ол жендеттер шықпай, Днепр бойымен келген ғой», – деп күбірлеп жүресінен отыра кетіп, планшетінен алған ақ қағазға бірдемелерді жаза бастады. Серік командирдің ендігі бұйрығын күткендей атының тізгінін ұстап тұра берді. Қара төбел ат пысқырып, жер тарпиды. Ол атының жалынан сипап, мойнынан қағып қояды. Командир жазған қағазын төрт бүктеп, орнынан тұрды да:

– Осы жерге өзіміз жүріп келген жолды білесің ғой. Сол жолмен шауып барып мына қағазды Иван Кузьмичтің өз қолына тапсыр. Олар біздің ізімізбен келе жатыр. Түсіндің бе, Сережа? Тез бар. Бұл жауапты тапсырма, – деді Вовко.

– Түсінікті, – деп Серік қағазды вельветкасының төсқалтасына салды да, атына қарғып мінді.

– Жолың болсын, Сережа! – деді командир байланысшысына сүйсіне қарап тұрып...

Серік партизандар тобының алдына түсіп, Кузьмичпен қоштасқандай, ат үстінен қолын бұлғады. Командир Серікке «сақ бол» дегендей, сұқ саусағымен белгі берді. Сол арада отряд екіге бөлінді де, жартысы айқасқа аттанып, жартысы лагерьге қарай беттеді...

«Жау орманға кіріп кетті, неге атпадық?» дегендей Серік командирге тандана қарады. Константин Иванович «кіре берсін, оларды жігіттер ұстайды» дегендей қолын сермей салды Серікке. Серік командир ойын түсінгендей болып, қайтадан алғы жаққа көз жіберді. Жакындап қалды. Серік пен Бористің неге оқ атпайды деп тағаты кете бастады. Константин Иванович Спижевой жиырманың төртеу-бесеуіндегі кара торы, бұйра шаш, денелі, сымбатты жігіт еді. Көркемдігіне ақылы сай, ұстамды, сабырлы командир. Партизан соғысы әдісін әбден меңгерген адам. Ол бұл айқастың жөн-жосығына қанық. Сондықтан ол уақыты жетпей қозғалмас...

Жау көздеулі жерге келген кезде Константин Иванович ракетничасын ілгері қарай созды да, жауға қарай қызыл ракета тастады. Сол-ақ екен, пулеметтер оқты бората бастады. Атылған пулемет, автомат, винтовка даусына қол гранатасы көмекке келді. Осы бір төрт-бес минут ішінде орман жаңғырып, аспан астын күңіретіп жіберді. Оқ астында қалған жау кейін қарай ойысты. Сол сәтте сол жақтан Вовко аттылары шыға келіп, шегінген жауға тап берді. Жаудың ойдан бері шығып үлгере алмағандары сайды құлшылап Днепрге қарай бассауғалап барады. Осы жаналыс-жанберіс ай-

кас үстінде командир Серікті пакетпен Вовкоға, ал Бористі оң қанаттағы Янцелевичке жіберді. Командир пулеметшілерді оң қанатқа жылжытып, қашып бара жатқан жауды өкшелей атуға бұйрық беріп, өзі команда пунктінде қалды. Жан-жақтан тықсыра сокқан партизандардың тегеурінді шабуылына төтеп бере алмаған жау кез келген жаққа бассауғалап, көбі окка ұшты да, жартысы қолға түсті. Днепрге қарай ойысқан жау тобын оң қанаттағы Янцелевич партизандары жойып жіберді. Аттылар айқасы ұзаққа созылып, олардан бір взводтай жау құтылып, сол жақтағы қалың орманға өтіп кетті. Вовко аттыларынан он шақты адам окка ұшып, біразы жараланды. Осы соғыста Серік қолынан жараланып, қара төбел ат окка ұшты.

Күн бата бұл соғысқа қатысқан партизан бөлімшелерінің басына жиналып, көптеген қару-жарак, оқ-дәрі, азық-түлікті қолға түсіріп, елу сегіз тұтқынды лагерьге айдап әкелді. Келесі күні командирлердің ұсынуы бойынша байланыс жұмысында ерлік көрсетіп, ерекше көзге түскені үшін отряд командирі Серік Мергенбаев пен Борис Савченкоға партизандар сапы алдында алғыс жариялап, екеуіне сыйлыққа автомат тапсырды...

Сөз маржан

Мосқал – біраз жасқа келген, егде, қарт кісі.

Түстік – мәтінде оңтүстік жақ дегенді білдіріп тұр.

Тағы – жабайы, қолға үйретілмеген.

Ауыздық – жүгеннің ат аузына салынатын темір бөлігі.

Тізгін – аттың басын тежеу үшін жасалынған қайыс.

Қарғыбау – иттің мойнына тағатын бау.

Оқылым тапсырмалары

1. Тобымызбен оқыған бөлімдерді басқа топтарға мазмұндайық.
2. Бір-бірімізге сауалдар қойып, әр бөлімді талқылайық.
3. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, әр бөлімнің сюжеттік жоспарын құрайық.
 - Негізгі ой қалай басталады?
 - Әрі қарай қалай өрбиді?
 - Оқиғалардың шиеленіскен кезеңінен үзінді келтірейік.
 - Қай эпизодты бөлімнің шарықтау шегі деп есептейміз?
 - Оқиғаның шешімі қалай болды? Сенің көңіл күйіңе әсері қандай?
4. Бөлімдердегі негізгі ойлардың бірлігінен туындайтын бүтін шығарманың басты идеясын анықтайық.



5. Шығарма кейіпкерлерінің типін айқындайық.



6. Шығармада кездескен көркемдеу құралдарын табайық. Не үшін қолданылғанын түсіндірейік.
7. Шығарманың толық нұсқасын оқып, фашистер мен сол кездегі елін сатқан опасыздардың халқына қарсы шыққан полицейлердің әрекеттерін анықтайық. «Сот» әдісі арқылы олардың бейкүнә сабилерге, қауқарсыз қарттар мен қорғансыз әйелдерге жасаған опасыздығын әшкерелеп, әділ үкім шығарайық.
8. Он сөйлеммен ойтолғау жазайық.
Автор «Жау тылындағы бала» шығармасын жазу арқылы өз мақсатына жетті ме? Бұл туынды арқылы біз нені үйрендік? Қандай ой түйдік?



Әдебиет теориясы

Прототип (грек тілінен бірінші немесе саусақ таңбасы, із) – автордың образ сомдауына негіз болған нақты тарихи тұлға немесе өмірде болған яки өмір сүріп жатқан адам. Яғни, прототип авторға әдеби кейіпкер жасауда үлгі ретінде қызмет атқарады.

Кейбір жазушылар қаһармандарын өмірде болған адамның бейнесіне лайықтап жасайды. Прототипті білу жақсы білдім деген кітаптың өзінің жаңа беттерін ашады.

Айтылым тапсырмалары

1. Соғыс тақырыбына берілген төмендегі суреттерді пайдаланып диалог құрайық.



2. Тобымызбен ой алмаса отырып, кейіпкерлер бейнесін ашып әңгімелейік:
 - а) Өзге демей, өз ұлындай көрген Анна Ивановна... Партизанның анасы... Шығармада аналар бейнесі қалай көрінеді?
 - ә) «Көк орманда» көз жұмған Миша... Шығармада балалар бейнесі қалай көрінеді?
 - б) Өзін ойлап, Отанына опасыздық жасаған Антон Архипович, Тамара Чуляктар... Шығармада сатқындар бейнесі қалай көрінеді?
3. Мәтіндегі оқиғалар негізінде бала Сереганың Серік Мергенбаев болып қалыптасқанға дейінгі өсу жолдарын еске түсірейік. Төмендегі үлгіні пайдалана отырып, кейіпкеріміздің даму динамикасын анықтайық.
4. Өз жұбымызға кейіпкерлер бейнесін айқын танытатын жолдарды жатқа айтайық.
5. Пікірімізді білдірейік.
 - Серік-Сереганың өскенде кім болғысы келеді, не себепті осындай таңдау жасады деп ойлайсындар?
 - Барлаушы болу үшін адамда қандай қасиеттер болуы керек?
6. Шығармадан үзінділер келтіре отырып, ақпараттар жинақтайық. Майдангерлер үшін маңызды қасиеттер мен құндылықтар қандай?
7. Сен құрметте оны! Тіzedен кесіп аяғын.
Түсіндің бе, қарағым? Еріккеннен ұстап жүрген жоқ,
Ол ақшаға сатқан жоқ, Қолтықтағы ұзын таяғын... –



деп ақын Әбу Сәрсенбаев өз жырында қасиетін дәріптеген қадірлі тұлғаларымыздың кешегі майдангер, бүгінгі ардагерлеріміздің қоғамдағы орны қандай?

8. Қосымша ақпарат көздері мен бұрыннан білетін ақпараттарымызды пайдалана отырып, берілген тапсырманы орындайық. Өз мүмкіндігіңе сәйкесін таңда.

А оқушы: «Ерліктеріңіз жүрегімізде!» атауымен Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбында өлең жазып, мәнерлеп оқиды.

Ә оқушы: «Ерліктеріңіз жүрегімізде!» атауымен соғыс тақырыбындағы әндерді нақышына келтіріп орындайды.

Б оқушы: «Ерліктеріңіз жүрегімізде!» атауымен соғыс тақырыбында сурет салып, мазмұнын таныстырады.

Зерттеушілік тапсырма

- Басқа қандай майдангер-жазушылар бар? Ақпараттар жинақтап, сыныптас-тарымызбен ой бөлісейік.
- «Қасым» фильмін тамашалайық. Фильм мен шығарма оқиғаларын салыстыра отырып талдау жасайық.

Жазылым тапсырмалары

1. Повесте жиі кездесетін большевик, комиссар, партиялық билет, совет адамдары, партизан т.б. сынды бүгінгі күнде қолданылмайтын, бірақ тарих пәнінен белгілі сөздердің мағынасын түсініп, олардың сол күндегі маңызы мен бүгінгі қолданысын салыстырып, пікірімізді жазайық.

2. Шығарма мазмұны негізінде «Отан үшін от кешкендер» тақырыбында әдеби эссе жазайық.
3. Шығармадағы өзімізге ерекше әсер еткен эпизодты әрі қарай дамытып жазайық.
4. Азаматтық лирика жанрында «Отанға махаббат, елге қызмет» идеясын сақтап, өлең немесе ойтолғау жазайық.

Кері байланыс: «Қызық. Қиын. Құнды»

Жапырақ бөлімдеріне Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесін оқу барысында біз үшін қызық, қиын, құнды болған тұстарды жазып, ой қорытайық.



САНСЫЗБАЙ САРҒАСҚАЕВ

(1925–1995)

Сансызбай Сарғасқаев 1925 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Сұлутөр ауылында дүниеге келген. Сол замандағы өзге балалар секілді ол да ертегі-аныздарды ұйып тындап, өлең-жырларды жаттап өскен. Алғаш он бір жасында қалам алып, сол кездегі «Октябрь балалары» (кейіннен «Қазақстан пионері», қазіргі «Ұлан» газеті) газетіне хабар жазған. Жазған хабары жарияланған соң, қанаттанып өлең жаза бастаған.



Жазушының шығармашылығына зер сала қарасақ, оның кейіпкерлерінің көпшілігі – балалар. Тақырыбы – достық, адалдық, татулық. Балалардың сабақты жақсы оқуына да, кемшіліктен арылуына да, әділ болып өсуіне де ерекше көмегін тигізетін – достық.

С.Сарғасқаевтың 1953 жылы шыққан «Достық» атты әңгімелер жинағында «Сәуленің жаңа достары», «Сұлутөрдін балалары», «Бір көшенің бойында» атты повестер жинағында, «Балалар» атты әңгімелер жинағында достықтың адам өміріндегі мәні, балалардың мінез-құлқы шынайы суреттелген.

Сонымен бірге автордың «Жұмбақ қыз», «Тәмпіш қара», «Біз төртеу едік», «Алға, командир!» және т.б. мазмұны өте қызықты әңгіме, повестері бар.

«Тәмпіш қара» повесі

Соғыс жылдарындағы балалар қандай еді? Олар қандай ойындар ойнады? Тәмпіш қара деген кім? Оның тағдыры не болды? Осы сұрақтардың жауабын білгің келсе, повестің төменде берілген ықшамдалған бөлімдерін оқиық.

Танысу

Тірек сөздер:

- көлшік
- еңбек
- газет
- сурет
- радио
- пионер

Содан бері талай-талай жылдар өтті. Сол кезде мойындарына ал қызыл галстук тағып, сапка тұрып: «Бір-екі, үш... жастар – алып күш» деп ауыл көшелерімен ән шырқап жүретін балалардың кейбірі бұл күндері немересін сүйіп отыр. Көбі күні кешегі Ұлы Отан соғысы майдандарынан оралмай да қалды. Топырағы торқа болсын олардың!

Ал күні бүгінге дейін бейнесі көз алдымда елестеп тұратын тәмпіш мұрын

қара баланың тағдыры не болғаны маған белгісіз. Үлкен-кіші оны «өзіміздің тәмпіш қара» дейтін. Осы бір сөзден-ақ соншама бір ықыласты, ыстық сезімді аңғару қиын емес. Шынында да, ол өзіміздің Тәмпіш қара еді.

Ол кезде біз Сұлутөрдін етегіндегі Қосарық деген жерде тұратынбыз. Колхозымыздың аты да «Қосарық» болатын. Бұлай деп кім, қашан қойып жүргені бізге беймәлім. Бірақ әр жерде бір шокиған тапал тамдардың ара-арасымен прелендеп ағып жататын жалғыз арық бар болатын. Неше жылдар бойына су шайып, мүжіле-мүжіле арнасының екі жиегі биіктеп, жарқабақтанып кеткен. Соның түбінде жылыстап аққан суды кей жерлерінен бөгеп, өзімізше терең көлшік жасап алатынбыз. Мұның өзі соншама мекхнаты көп ауыр жұмыс еді біз үшін. Жазғы шілденің тандай күйдірген ыстығында қорғалақтап жанға сая шақыратын жерің сол көлшік болса, суды бөгемеске шараң не? Былай-ақ түсейін десең, суы тым саяз...

Жасыратыны не, мектебіміз сол маңайда мақтан етерлік, енселі, биік, төбесі қызыл қаңылтырмен жабылған, терезелері де үлкен, әдемі үй болатын. Рас, едені сол өңірдегі барлық үйлердей топырақ еді. Кейіннен Келдібай деген жаңа директор келіп, ұзын залдың табанына жалтыратып тас салған. Кейін білдік, цементпен сылатқан екен ғой. Кей күндері біз терезеден жасырынып түсіп, осы тас еденге асық ойнаушы едік.

Мектептің карауылы Әміре деген қатып-семген жүдеу көк көз шал еді. Шіркіннің шінкілдеген даусы құлағыңды жаратын. Оның бір ұл, бір қызы бар. Ұлы менімен бірге үшінші класты бітірген сол жазда. Бірақ менен үш жас үлкен. Қызы бір класс жоғары оқығанмен, жасы ересек, нағыз бойжеткен. Әміре шал көктем шығысымен-ақ ауылдың сыртындағы бақшасына барып, күрке жасап, соған көшіп алады. Сары күзге дейін оның карасын көрмейсің. Сонда мектепті күзету – ұлы Оналбек пен әпкесі Күлдәрінің еншісінде. Шешесін сырқаты көп адам дейді. Өз басым көрген емеспін.

Оналбек екеуміздің ым-жыммыз бір болатын...

Бізді жасырып мектептің ішіне кіргізетін Оналбек те, ал көре қалса, бізді тырқыратып қуып шығатын – Күлдәрі. Оның қолына түссен, аямайды. Ұрса бір сәрі ғой, құрғырың шымшиды. Ұстаған жерін жұлып алады-ау!

Бір жолы мен де қолына түстім.

Оналбекке апам пісірген таба нанның бір үзімін беріп, үш-төрт бала мектепке кірдік. Күн жаңбырлы еді. Көше мибатпақ. Мұндайда ермегің – асық ойнау. Оналбек асығын ұттырып қойған екен. Оған бір уыс асық беріп көңілдендіріп қойғам, өз басым асыққа сарандығым жоқ. Себебі бұл төніректе асықты менен шебер ешкім ойнай алмайтын. Көздегенімді мүлт жібермейтін ем. Ендеше балалардың бар асығы менікі болмай қайтсін.

Бастапқыда балаларды қызықтыру үшін қашанғы амалымды қолданып, ойынның бір-екі кезегінде ұтылдым. Сонан соң қолым жүре бастап еді, қайдан сап ете түскенін кім білсін, Иманбек тап бола кетті. Ол келді дегенше ойынның шырқы бұзылды дей бер.

Айтпақшы, оны таныстырайын. Кейде біз оны «Көсеуқол» дейміз. Айтса айтқандай, бойы да, қолы да ұзын бала. Өзі ап-арық. Жүргенде дәл сұрақ белгісі секілді басын төмен салып иміп жүреді. Жағына пышак жанығандай, терісі сүйегіне жабысып қалған. Көзі де мөлсіп, өлімтік малдың көзі құсап тұрады. Қысқасы, кескінсіз.

Қашан көрсен де кішкентай балалардың арасында жүргені. Кейде біздің бөгетке келіп суға түсетіні де бар. Тек жүрмейді, балаларды шағыстырып, төбелестіріп қоятын әдеті. Мұндайда ыржақ-ыржақ күліп, өзінше мәз болады. Ілмсіп алып қарулы. Сондықтан оған көп үндемейтінбіз.

– Ей, Ертай, – деді ол маған, – кел, ойнайсың ба?

Мен басымды шайқадым.

– Кел, ойнайық. Әлде қорқасың ба? – деді ол.



Балалар да бұл кезде:

– Ойна. Неден қорқасын? – дей берді. Шамасы, өздері ұтыла бастаған соң, мені Иманбекпен дауластырып, қызыққа батқысы келетін сияқты. Сөйтіп, мені мұқатпақ ойлары болуы да мүмкін. Осындай ой келді де, намысым қозып кетті.

Иманбектің өз асығы жоқ екен. Маған көбірек ұтылған сары баладан алды.

– Қазір ұтып, бәрін саған берем. «Ұтарсың көкенді!..» деймін іштей кіжініп.

Иманбек пәлендей көздемпаз болмаса да, арам ойнайды екен. Көзімді алдай беріп, артық аттап басып, екі рет сақамды «өлтіріп» кетті.

– Сен арам ойнайды екенсің, – деп ем, ол мұрнын шүйіріп: – Тапқан екенсің. Міне, көрдің бе... дәл басып тұрмын ба?.. Ал енді қара! – деп алға еңкейіп резеккеше созылғанда анадайда жатқан сақаға қолының қалай жеткенін де білмей қалдым.

– Ж-о, мұның болмайды, – деп мен қарсы шығып ем, ол менің төбеме төніп келіп, дәл төбемнен шертіп-шертіп жібермесі бар ма! Ол кезде қазіргідей шаш қою қайда! Шашы бар баланы көрсек, оған қызыға қарайтынбыз.

Иманбектің ұзын біз саусағы дәл төбемді шырт-шырт шерткенде, көзімнің оты жарқ ете түскен еді.

Төбемді екі қолыммен жауып, баж ете түстім...

Осы кезде біреудің қолы құлағымды шап етіп ұстай берген еді. Ыстық, жұмсақ алақан.

– Әп, бәлем, түстің бе қолыма!

Қыздың даусы. Қарасам – Күлдәрі. «Мына сайтан қайдан кеп қалды?» деп ойлауым мұн екен, бүкіл денем мұздап, жүрегім су ете түсті. Оң құлағымның түбі күтірлеп, бүкіл құлақ-шекем суырылып кеткендей болды...

Тәмпіш қарамен алғаш кездесуім де, міне, сол жазда болған еді.

Маусым айының аяқ кезі. Егін орағы басталған. Ауылда қолына орақ ұстар жан қалмаған. Бәрі егіс басында...

Бұл күні күн ашық еді...

Әрине, мұндай күнде үйде пысынап отыратын баланы табу қиын. Дүннені күйдіре жалмап тұрған ыссы күннен қорынатын жерің – көлшік. Суға түсіп сайран салғанда шақырайған күнмен егеске түскендей әсерде боласың.

Бұл күні әйтеуір көлшігіміз бұзылмапты. Ерте бардым-ау десем де, бірнеше бала суға түсіп үлгеріп, боз топырақта аунап жатыр екен. Кейбірін танымын, кейбірін танымаймын...

Келдім де дереу шешініп, суға қойып кеттім.



Көп ұзамай бұл арада балалар құжынап кетті. Суды шалпылдатып шашамыз, сүңгіміз. Жүгіріп барып топыраққа аунаймыз. Тіптен тамаша!

Осы арада ойламаған жерден шатақ шықты. Су қызығымен жүріп әбден тонғанымды білмеппін. Енді жағаға шығып киінбек боп жейдем мен шалбарымды іздесем, ұшты-күйлі жоқ. Шашылып жатқан балалардың киімдері арасынан да таппадым. Әбден жыларманға келіп, қарғысты жаудырдым-ай кеп...

– Ей, сен не оттап отырсың! Дауыс желке тұсымнан шықты. Қарасам, Иманбек. Қасымда Онолбек тұр. «Тыққан осы» дегендей көзімен белгі беріп, қасын қағады.

– Сенің не шаруаң бар? – дедім Иманбекке.

– Кімді қарғадың?

– Кім жасырса, соны. Шығар күнді көрмесін, жер бетінде тірі жүрмесін. Осы көргені көп болсын, үрім-бұтағы жоқ болсын! – деп тағы да шұбыртып ала жөнеліп ем.

– Міне, саған жоқ болған! – деп Иманбек жауырынымнан теуіп жіберді. Арқамды сипалай бақырып мен де орнымнан ұшып тұра беріп ем, Иманбек қарсы алдыма топ ете түсті.

– Әй ... – деп төне бергенім сол еді, біреу:

– Токта! – деп кеудемнен кейін серпіп итеріп жіберді.

Иманбек те әлдекімді балағаттап тұра бергенде, тағы да жерге ұзынынан түсті. Сонда ғана барып байқадым, Иманбекті ұшырып түсірген де, мені итеріп жіберген де – тәмпиш мұрын қара бала.

Ол жығылып жатқан Иманбекті нығынан ұстап көтеріп алды да:

– Давай, қайқай! – деді сабырлы зілді үнмен. – Түйедей болып ұялсаң етті!

Міне, қызық! Әншейінде әркімге бір тиісіп, орынды-орынсыз коқаңдай беретін қылжақбас Иманбек жүні жығылған әтешше тілге келместен тайып тұрды.

Ал енді тәмпіш мұрын қара балаға келейік. Кетіп бара жатқан Иманбектің артынан біраз қарап тұрды да, басын шайқап, мырс етіп күлді. Әлгі бір қадалған көзіндегі суық айбардан із қалған жоқ. Дөңгелек жүзіне сүйкімді бір арай ойнап шығып, қысыңқы көзінің ноқаттай қара жанарында ерекше бір ұшқын тұрды. Ол ұшқын балаларды өз маңына үйіріп, оның ақкөңіл жанын айқара ашқандай. Сонымен бірге осы бір ұшқыннан бұрын мен көрмеген, маған тіптен беймәлім бір батылдықты андағандай болдым.

Бейтаныс баланың түр-әлпетінде пәлендей сымбат жоқ еді. Денесі түтінге ысталғандай қара қоңыр әрі май жаққандай жылтырап тұр. Бұлшық еттері білеуленіп шығып, бұлк-бұлк етеді. Оның суға түскенін байқамасам керек. Екі шекесі торсықтай жалпақ маңдайынан ұйысып түскен бұйра қара шашында су тамшылары күн сәулесімен таңғы шықтай жалтырайды. Қабағы да, төңкере салған кесе секілді бетінің еті де қалың. Бірақ ерні жұқа. Ақырын ғана жымшып күлгенде қаз-қатар аппақ тістері тізілген ақ моншақтай көрінді. Оншама бойшан да емес, төртбак, шымыр.

Балалар Иманбек ұзап кеткенше артынан ыскырып, келемеждеп мәз боп жатқанда әлгі бала күлімдеген бойы маған қолын ұсынды:

– Кел, танысып қояйық. Менің атым – Шаншатай.

– Менің атым – Ертай.

Екі алақан енді еш уақытта ажырамастай шарт етіп қабысты. Қолы темірдей қатты екен.

Шығармашылық талпыныс

1. Қосарық балаларының жаздағы өмірі туралы әңгімелейік.
2. Бұл бөлімде кейіпкерлер қақтығысы қалай көрінеді?
3. Өз ойымыздағы тәмпіш қараның суретін салып көрейік.



«Әзілі ме, шыны ма?»

Бізғарлы қыстан кейінгі әсем жаздың хабаршысы секілді көктемді ала келетін ала бауыр қарлығаштай «Октябрь балаларын» қолдан-қолға тигізбей жабыла оқыдық. Шаншатай әкелген сол газет бізге жаңа бір қымбат дос тауып бергендей болды. Сол газет бетінен өзіміз секілді Амантай, Әзілхан, Құрманғали деген балалардың суреттерін, жазғандарын көріп менің де кеудеме әлдебір шок түскен еді. Оның үстіне, Шаншатайдың айтқаны жел беріп, әлгі шокты маздата түсті. Мен енді қолым сәл босаса болды, суретті төпелеп сала бастадым. Сурет маған енді жай ғана ермек емес, арманымның бастау көзі болып көрінді. Салғандарымды дәйім Шаншатайға көрсететінмін. Оның аузынан «нашар» деген сөз шықпайтын. Бірақ «жаксы» деуге де саран еді. Көбіне: «Мынау былай болса қайтеді?» – деп арғы шешімін өзіме тастайтын. Тек бір жолы ғана:

– Мына салған суретіндегі бала жаксы екен, – деді «Октябрь балаларын» оқып отырған баланың суретін көріп.

– Әрине, жаксы болуға тиіс. Бұл пионер ғой, – дедім мен, оның мақтау сөзіне есіргендей көзім жайнап.

– Пионер дейсін бе? – Ол астыңғы ернін сәл жымқыра тістеніп, басын сәл қисайтынкырап ойлана қарап тұрып қалды.

– Иә, – дедім мен оның мына сұрағына түсінбей.

Ол маған қарады.

– Пионер болса, галстугі неге жоқ?

– Түу, сол ма, – дедім, енді көңілім жайланып орнына түскендей. – Ол оңай ғой, қазір-ақ жасай саламын.

– Қағазға салу оңай ғой, – деді ол қабағын сәл шытынып. – Бірақ бұл бала нағыз пионер ме сонда?

Мен мына сұраққа түсіне алмағандай нығымды комдадым.

– Енді не керек? – дедім солғын үнмен. – Өзі газет оқып отыр. Өзінің ұқыптылығы да байқалады, тазалықты да сүйеді. Қарашы жаксылап.

– Көріп тұрмын. Бірақ галстугін ұмытыпты ғой.

– Түу, – дедім күліп, – ұмытқан ол емес, мына мен ғой.

– Әңгіме де сонда, – деді Шаншатай, – жаксы пионердің суретін салу үшін әуелі өзін де сондай болсаң ғой.

Мына сөз маған тікенеңтей тиді. Шамданып қалдым.

– Сонда?

– Сен жаксы баласың. Мен сені бір көргеннен ұнатып, дос болуға ұйғардым. Сен еріншек те емессің. Өтірігің де жоқ.

– Әнеүгүнгі өтірік ауырғанымды шынымен-ақ білмеді ме екен?.. Мен Шаншатайдың көзіне қарап ем, жанарынан жымысқылық көрмедім.

– Өнерің де бар. Балалардың айтуынша, оқуың да жақсы екен. Бірақ сонда да мен сендерді пионер дей алмаймын.

– Неге?! – даусым ышқына шықты. Талай кештерде Павликтей нағыз пионер болуды қиялдап, арман толқынына жүзгенімде дәл мынандай сөз естімін деген жоқ едім.

– Сен өте жақсы баласың, – деді қайталай сөйлеп Шаншатай. – Шынымды айтсам бар ғой, мен сені жақсы көремін. Бірақ бір ғана түсінбейтінім – сенің мойнынан келгелі галстук көрмедім. Әлде пионер болудан ұяласың ба?

Мына сөзге тіптен сасқалақтап қалдым. Бар ынта-тілегім, бар арманым жақсы пионер болып, коммунистей атаның нағыз жеткіншегі, комсомол ағаның арқасүйер інісі болып өсу емес пе!

– Галстукті, – дедім мен жүзімді төмен салып, – мектепке барғанда... мереке күндері...

Шаншатай басын шайқады.

– Галстукті кашанда жарқырата байлап жүру керек. Көрсін жұрт!

Сол күні Шаншатай маған значогы мен галстук берді. «Мұны қайдан алды екен?» десем, әне бір мен ауырған күні оның ауылға барып қайтқаны рас болды. Газетті де, галстукті де сонда әкепті. Маған берген галстукі су жана. Оны қысып қоятын значок та жарқырап тұр. Оның бетіндегі үш жалын лапылдап тұрған секілді...

Екі арада қабырға газетіміздің тағы бір санын шығарғанбыз. Бұл жолы сыннан гөрі мақтау басым болды. Екпінділердің аттарын қызыл бояумен бадырайтып жазып, өлеңмен құттықтадық. Сондағы өлеңіміздің түрі мынадай:

Жәмшпа апай қайратты,
Еңбек десе жанады.
Орағы, әне, жаркылдап
Алда кетіп барады.
Апайдан үлгі алындар,
Астықты жаппай орындар !

Өлеңді жазатын – Шаншатай, осындай өлеңдерінің өзіне бәріміз мәз-мейрам боп қалатынбыз.

Осы жолғы газетімізге Бейсекүл де ілінген. Мен оны жамандайын деп Шаншатаймен ренішке келсем, енді оны мақтап жазуыма тура келді.

Еңбек десе жайнаған,
Бейсекүл – жас пионер,
Масак терген ерінбей,
Бейсекүл – біздің нағыз ер!

Бұл өленді де жазған – Шаншатай. Ал мен болсам газет бетіне ішім удай ашып отырып көшірдім. Жаңа ғана табысқан Шаншатаймен со кызға бола тағы да ренжіскім келмеді. «Мұны көрсе такылдап, құлағыңның етін жеп, төбеңде ойнар әлі» деймін іштей. Айтқанымдай-ақ, мұнан кейін Бейсекүл тіптен сөзге ырық беруді қойды.

– Мықты болсаң, газетке шығып көр, – дегенді шығарды.

Біреу бірдене десе:

– Кел, жарысасың ба? – дейтін болды.

Несін жасырайық, Бейсекүл масақ теруге шебер-ақ еді. Талдырмаш денесі мен сүйірік саусақтары масақ теруге әдейі жаралғандай. Шіркіннің, қолы-қолына жұқпайды-ау!

Онымен жарысқа түсуге, әрине, ешкімнің батылы бармайды. «Сені мактағаны дұрыс», – деседі ақыры.

Сол Бейсекүл кеше кешкісін сурет салған менің қасыма келіп біраз отырған-ды. Салған суреттерімді де көрген.

– Мұншама көп суретті қайтесің? – деп сұраған.

– Газетке жіберем, – дедім мен алаңсыз көңілмен.

– Қай газетке?

– «Октябрь балаларына».

– Дәмесін қарай гөр. Пішту! – деп ернін шүйіріп, сықылықтап күлген еді ол. Мына сөз шымбайыма батып, кеудемдегі намысты осып түскен еді. «Қап, бәлем!»

Сонымен жұрт танғаларлық керемет сурет салуды ойладым. Түнімен осы ой қажап дөнбекшіп шықтым...

Бейсекүлдің мұқатуынан кейін жұмыстан бос кезде жатсам-тұрсам ойлайтыным – керемет бір сурет. Ақыры, Шаншатаймен ақылдастым.

Ол біраз ойланып барып:

– Сен Бейсекүлдің суретін сал, – деді. «Бейсекүлдің?! Мынау не айтып тұр? Жынданғаннан сау ма өзі?!»

– Саған күн өткен жоқ па? – деп маңдайынан ұстадым.

Шаншатай көзін сығырайтып, қулана күліп:

– Сап-саумын. Ақыл-есім де дұрыс, – деді. – Мен шын айтып отырмын. Бейсекүлдің масақ теріп жүрген кезін байқашы. Суретінің атын «Орақта» деп қоясың.

Ол сол күлген бойы жүре берді. Мен аңқиып тұрдым да қалдым. «Мынау не деп кетті, ә? Әзілі ме, шыны ма?!»

Қалай ойлайсыңдар?

1. Пионер деген кім?
2. Повестің бұл бөлімі мен «Дос жылатып айтады» деген мақалдың қандай байланысы бар?

Бұдан кейінгі күндерде...

– Бал алар, жүріндер, радио орнатамыз, – деді.

Мына хабар бізге дүниенің барлығын да ұмыттырды. Бір сәтке «ғашықтық мәселесі» де кейінге қалдырылды.

Біз күс-күс табанымызды қарыған ыстық шаңды бұрқыратып Келдібай ағайдың сонына ердік.

«Радионын» бар екенін естігенімізбен, әлі күнге көрген жоқпыз. Сырттай құмартып, бір тындауға ынтығатынбыз. Енді оның ауылға келуі үлкен жаналық еді...

Қолындағы кара кобдишасы ауыр екен. Ат үстінен бізге беріп еді, Оналбек екеуміз әрең көтеріп жерге қойдық.

Естуімізше, радио баған арқылы сыммен келуге тиіс. Ал мынадай кобдиша сөйлейді дегенді естіген емеспіз.

Сонымен, не керек, сол күні жатақхананың төбесінің екі жағына ұзын-ұзын екі сырық қағылды. Сырықтардың басына сым тартылды. Енді бір сым оларға жалғастырылып, ұшы «Қызыл бұрыштын» терезесінен ішке кіргізілді. Мұны «антенна» дейтінін кейіннен білдік қой. Қобдишамыз – радиоқабылдағыш екен.

«Қызыл бұрышқа» радио орнатылып жатқаны туралы хабар ауылдың үлкен-кіші бәріне жетіп үлгеріпті. Күн енкейе бере жатақхананың алды адамға толып кетті.

Оналбек екеуміз осы радионың қожасы секілдіміз. «Қызыл бұрыштын» есігінен кішкентай балаларды тырқырата қуамыз. Сыртта тұрған ересек адамдарға:

– Жөндеп жатыр...

– Құлағын шырт еткізіп бұрады.

– Қыр-қыр етті.

– Гуілдеді, – деп деміл-деміл сыртқа жүгіріп шығып хабар береміз.

«Қызыл бұрыш» ішінде Келдібай ағай мен дядя Петр дейтін орыс мұғалім екеуі әлгі кобдишаны кешке дейін шұқылады да, ақыры сілесі қатып:

– Қалғанын ертең жөндейміз, – десті.

Мұны да біз іліп алып:

– Бүгін тарандар! Ертең сөйлейді, – деп хабарладық. Жұрт осыған да риза болып жөн-жөндеріне кетті...

Ол күні радио сөйледі. Жаз бойы аты ауыздан түспей, үлкен-кішіні тамсандырған Күләш апайдың даусын алғаш рет сол күні естіп ек...

Ойламаған жерден

Ойда жок жерде келе қалған тәмпиш кара бала әбден сүрлеу болған біздің бұрынғы әдетімізді лездің арасында өзгертті. Біздің қолымыздан пайдалы іс келетінін, біздің де жаз күндері басымыз бірігетінін ойын екеш ойынды да ойнай білсек, онда да бір мақсат барын көрсетті. Бойымызда бұғып жатқан өнерімізді ашып, өз күшімізге өзімізді сендірткен еді.

Біздің де игі мақсат үшін күрес қолымыздан келетінін білдік. Қос басында шығарған жедел газетіміз де, қойған ойынымыз да, күнде ертенгісін барабан қағып, сап түзеп, ән айтып көшеде жүруіміз де, бір жағынан, бойымызда қаншама күш-қуат барын басқаларға көрсетсе, екінші жағынан, өзіміздің де санамыз өсіп, көңіліміз марқая түсті.

Бөріктепек, асық, ләңгі ойындарынан өзіміз де жерігіп¹, доп қуу ойнына құмартқанымыздың өзінде сол тәмпиш қараның әсер-ықпалы бар емес пе! Кешкісін алқа-қотан отырып алып оның айтқан әңгімелерін тыңдағанда баяғының жезтырнағы, кара дәуі, мыстан кемпірлері өз алдына адыра қалып, біздің көз алдымызда бүгінгінің батырлары тұрушы еді ғой. Сол әңгіме әсері емес пе, біздің келесі күндері «Қызыл» мен «Ақ» боп ойнайтынымыз, Амангелді, Чапай болуға таласатынымыз.

Енді ойлап тұрсам, біз сол ойындарымызбен қызу күреске араласыппыз. Біз көре білмегенді тәмпиш кара көрген екен.

Өз еркіміз өзімізге тиген жазғы демалыс тұрмақ, оқудың нағыз қызу кездерінде кейбіріміз ата-анамыз желкелемесе, сарсылып отырып кітап оқушы ма ек. Оқулықтардан басқа кітаптар мен газет-журналдарға мойнымыз жар бермеуші еді ғой.

Енді қарасақ, біреудің қолынан кітап не журнал көрсек, таласатын болдық. Оқуға құныққанымыз сонша, «Амантайдың ауылын» талай рет жарыса оқыдық. Өтебай ағайдың «Қарлығашын» жаттап алдық. Әттең, тек кітап жоқ. Әйтпесе аранымыздың ашылғаны соншама, бір жазда талайын қылқыр ек.

Ал сонда бұрын бізге кітап оқы деп ешкім айтпады дейсің бе? Әкеміз базарлап қайтқанда соңғы тынға «Саңылаусыз болма, ұлым» деп кітап әкеп бермеуші ме еді. Бірақ соны тесіле оқымыз ба? Ертен қажет болар деп құнғаппыз ба? Өлең кітап болмаса, қарасөзбен жазылғандарын оқымаушы едік қой?

¹ Жерігу – мағынасы көп. Бұл жерде: жирену, безу, кашкақтау, кашу деген.

Енді біз лезде қалайша кітапқұмар бола қалдық? Кітапты оқығанда шәрбат ішкендей неліктен құмарымыз қанбайды? Осының бәріне желіктірген тәмпіш қараның сиқыры бар ма?

Оны білу үшін, шіркін, бір кеште біздің қасымызда отырып Шаншатайдың әңгімесін тыңдасаң...

Үш күн қалғанда

Көңілім өсіп, жүрегім лүп-лүп соғады. Осы әсер үстінде шешем үйге кіріп, төрдегі абдыраны ашты да, ішінен су жана киімдер алып:

– Мә, ки! – деді. – Сыртта достарың күтіп тұр. Есік алдында Оналбек, Ықсан, Бейсекүл, Назым, Иманбек тағы басқа балалар тұр екен.

– Ой, Ертай, сүйінші! – деп Бейсекүл бір газетті төбесінен жоғары бұлғап айғай салды. Балалар маған көрмеге қойылған заттай танырқай қарап, қоршап алған.

– Суретің «Октябрь балаларына» шығыпты. Құттықтаймын! – деді Назым қолымды алып. Басқа балалар да қолымды қысып жатыр.

– Кәне, көрейінші!

Суретте – масақ терген Бейсекүл. Суретте ол маған сұлу көрінді. Астына «Егін орағында» деп қойыпты. Аты-жөнімді жазыпты.

– Ой, Ертай! Сен жақсы баласың! – деп осы кезде Бейсекүл екі қолымен мойнымды айқара құшақтады да, бетімді шөп-шөп сүйді. Жүрегім шым ете түсті... Шынын айтқанда, мен жақсы достардың бәріне ғашық едім.

Газетпен бірге хат келген екен. Онда «Нағыз пионердің суретін салып жібер» депті.

Көз алдымда тәмпіш қара Шаншатай тұрды.

Сөз маржан

Мехнат – ауыр азап, бейнет, қиыншылық.

Күрке – көшуге ыңғайлы, икемді шағын баспана, лашық.

Қобдиша – кішкене сандықша, шағын қорап.


Абдыра – үй жиһазы, киім-кешек, бағалы зат салатын үлкен сандық.

Оқылым тапсырмалары

1. Шығарма неге «Тәмпіш қара» деп аталған? Біз қалай атар едік?
2. Повесте кездескен түсініксіз сөздерді теріп жазып, мағынасын ашайық.
3. Берілген үзінділерді бөлімдерімен сәйкестендіріп, оқиғаларды әрі қарай баяндайық.

1. Танысу **А** – Жақсылығыңызды ұмытпаймын, аға, – деді жытмсырап.
– Алғысыңды мыналарға айт, – деді директор бізді көрсетіп.
2. Тілеп алған азап **Ә** Суды кей жерлерінен бөгеіп, өзімізше терең көлшік жасап алатынбыз.
3. Өзілі ме, шыны ма? **Б** Айдаладағы кішкентай тапал тамның қасынан мен сұлу атты, әдемі қызды кездестіремін деп ойладым ба екен? Ғажап!
4. Өкініш **В** Неге екені белгісіз, көз алдыма манағы көрген түсім қайта оралды. Мұның неге есте қалғанына таным бар.
5. Теке қарт **Г** Сөйтіп, біз орақ басында ұзаққа қармалдық. Енді денеміз суға емес, терге малынды.
6. Не болды бізге? **Ғ** Мен Мешітбайға ұқсатып түнде бір молданың суретін салғанмын. Енді соның астына жазуға өлен керек.
7. Бұдан кейінгі күндерде **Д** Ол біраз ойланып барып: «Сен Бейсекүлдің суретін сал», – деді.
8. Ойламаған жерден **Е** «Бүгін тарандар! Ертең сөйлейді», – деп хабарладық. Жұрт осыған да риза болып жөн-жөндеріне кетті.
9. Үш күн қалғанда **Ж** Мені көріп ақырын жымиды. «Балаларға айтпай-ақ кой», – деді.

4. Шығармаға композициялық талдау жасап, бағдаршаларға әр бөлімнің атауларын жазайық.



Әдебиет теориясы




Эпитет (сипаттама) – заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді. Мысалы: *алма мойын, бота көз, қолаң шаш, қоңыр дауыс т.б.* Бұлар қалыптасқан эпитеттер десек, поэзияда әр ақынның өз қолтаңбасын танытанын әсерлі, күрделі эпитеттер мол кездеседі.

5. Шығарманың өзіміз оқыған басқа шығармалардан қандай тілдік ерекшеліктері бар? Повесте қолданылған көркемдегіш құралдарын теріп жазып, түрлерін ажыратайық.
6. Дәйектер келтіре отырып, шығарма кестесін толтырайық.

Атауы	Жанры	Негізгі идеясы, тәрбиелік мәні	Менің түйген тұжырымым

7. Топтарға бөлініп, шығарма кейіпкерлеріне талдау жүргізейік.
- Повестегі кейіпкерлерді атайық.
 - Тобымызға берілген кейіпкерлер бейнесі айрықша анық көрінетін тұстарды шығармадан тауып мазмұндайық.
 - Жасалу тәсіліне қарай кейіпкердің типін анықтайық.
 - Шығармаға сүйене отырып, кейіпкердің портретін жазайық.
 - Тірек сызбаны пайдаланып, кейіпкер туралы ой қорытайық.



Айтылым тапсырмалары

1. Қазіргі заман балалары мен повестегі балалардың айналысатын істерін, қызығушылықтарын салыстырайық.
2. Шығарма мазмұнына сүйене отырып, берілген сұрақтарға қатысты өз көзқарасымызды білдірейік.
 - Балалар мен үлкендердің қарым-қатынасы қандай болу керек? Шығармада қалай көрінген?
 - Шығармада автор кімнің атынан сөйлейді? Неліктен осы шығарманы жазған?
 - Повесті өзгертіп жазуға мүмкіндік болса, қай жерін өзгертетін едік? Не себепті?
3. Повесте кездескен мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндірейік.
4. Өзіміз қалаған эпизод бойынша сахналық көрініс көрсетейік.

«Тәмпіш қара» повесінен үзінді тыңдайық (11-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тыңдалым мәтінінде не туралы баяндалады?
2. Ертай – суретші, Шаншатай – ақын. Біздің бойымызда қандай өнер бар? Осы сұрақ төңірегінде жұбымызбен диалог құрайық.
3. Шаншатайдың Ертайға: «Сен суретті көп сал. Жақсысын сонда жібереміз, сөзсіз басады» деп айтуының себебі неде?
4. Ертайдың «Октябрь балалары» газетінде жарық көрген «Егін орағында» деген суретін салып көрейік.

Біз білеміз бе?

Ең алғашқы радио дат ғалымы Ганс Християн Эрстедтің 1820 жылы жүргізген кездейсоқ тәжірибесінен кейін дүниеге келді. Ол электр мен магнетизмнің арасындағы байланысты анықтайды. Ал ең алғашқы аппарат 1895 жылы жасалды. Оның авторы – орыс ғалымы Александр Степанович Попов екен. Алайда Поповтың авторлығына келгенде таластар бар. Оның басты «бәсекелесі» ретінде италиялық радиотехник Гильельмо Маркони аталады. Ол 1896 жылы дәл осыған ұқсас аппаратты ойлап тапқан көрінеді. 1909 жылы (ол кезде Попов қайтыс болып кеткен) Маркони мен неміс инженері Карл Браун сымсыз телеграфты ойлап тапқандары үшін Нобель сыйлығын алған.

massaget.kz

Жазылым тапсырмалары

1. «Шаншатайдан үлгі алуға бола ма?» тақырыбында эссе жазайық.
2. Ауыл балаларының еңбегі туралы сыни шолу жазайық.
3. Тәмпіш қара сияқты қандай лақап аттарымыз бар? Бір-біріміздің лақап аттарымызды пайдаланып, шағын әңгіме жазайық.

Зерттеушілік тапсырма

«Октябрь балалары» газеті қазір шыға ма? Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, осы газет туралы мәліметтер жинайық.

Кері байланыс: «Бес бармақ»

Ақ паракқа алақанымызды қойып, жнегін айналдырып бастырайық. Салынған саусақтарға төмендегі сұрақтар бойынша жауап жазайық.

Бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?

Орған терек – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім?



III тарауға арналған тест сұрақтары

1. Төмендегі еңбектердің қайсысы Мағжан Жұмабаев шығармасына жатпайды?
 - а) «Сауатты бол»;
 - ә) «Педагогика»;
 - б) «Жүсіп хан»;
 - в) «Көксерек».
2. «Қуарған-ай, неңді алып ем?! Не жазып едім?! Бауырына салып өсіргеннен басқа не қылып еді, менің құлыным?!» деген үзінді қандай шығармадағы қай кейіпкердің сөзі?
 - а) «Батыр Баян» поэмасындағы Баянның;
 - ә) «Көксерек» әңгімесіндегі Құрмаштың әжесінің;
 - б) «Жау тылындағы бала» повесіндегі ананың;
 - в) «Тәмпіш қара» повесіндегі мектеп қарауылының.
3. Қай жазушының шығармаларының басым көпшілігі соғыс тақырыбына, соғыс кезіндегі балалар тағдырына арналған?
 - а) Қ.Қайсенов;
 - ә) С.Сарғасқаев;
 - б) М.Әуезов;
 - в) М.Жұмабаев.

4. Заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын білдіретін көркемдеу құралының түрін көрсетейік:
- эпитет;
 - теңеу;
 - метафора;
 - метонимия.
5. Киім-кешек, бағалы заттар салуға арналған үлкен сандық қалай аталады?
- қобдиша;
 - абдыра;
 - көбе;
 - әбзел.
6. «Батыр Баян» поэмасындағы бас қаһарман Баян үшін ең бірінші кезекте не маңызды болды деп ойлайсыңдар?
- соғыстағы жеңістері;
 - Абылай ханның мақтауы;
 - алты алаштың намысы;
 - қалмақ қызға деген көңілі.
7. Аталған шығармалардың қайсысы М.Әуезовтің еңбегі емес?
- «Еңлік-Кебек»;
 - «Қыр суреттері»;
 - «Жолсыз жаза»;
 - «Қилы заман».
8. «Жау тылындағы бала» әңгімесіне қандай тарихи оқиға арқау болған?
- Екінші дүниежүзілік соғыс;
 - қазақ-қалмақ соғысы;
 - адамдар мен қасқырлар арасындағы оқиғалар;
 - қазақ-қырғыз ақындарының тартысы.
9. «... Денесі түтінге ысталғандай қара қоңыр әрі май жаққандай жылтырап тұр. Бұлшық еттері білеуленіп, бүлк-бүлк етеді. Оншама бойшаң да емес, төртбақ, шымыр». Бұл кімнің портреті?
- «Батыр Баян» поэмасындағы Баянның;
 - «Жау тылындағы бала» әңгімесіндегі Серіктің;
 - «Тәмпіш қара» повесіндегі Шаншатайдың;
 - «Көксерек» шығармасындағы Қасеннің.
10. Автор шығармасының негізгі кейіпкеріне айналған, өмірде болған немесе өмір сүріп жатқан адамды әдебиет теориясында қалай атайды?
- портрет;
 - образ;
 - прототип;
 - кейіпкер.

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнамай
Ар сақта, оны біл...

Шәкәрім



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Достар, сендер ұлы ойшыл, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген даналық сөзін естіген боларсыңдар. Демек, біз әдебиет пәні арқылы біліміміз бен тәрбиемізді қатар дамытамыз.

«Ұрпақ тәрбиесі» тарауында:

- Мұхтар Шахановтың «Нарынкүм зауалы» поэмасын оқи отырып, қаламы мен қылышын қатар сермеген Махамбеттей ақынның батырлығымен қоса аңғалдығын көреміз.

Поэманың соңына таман сатқындықты сүйекке түскен таңба деп санайтын әкенің қатал үкімін естіміз.

Шығарманы оқып біткеннен кейін екіжүзділіктің ешқашан жақсылық әкелмейтін қасиет екеніне тағы бір рет көз жеткіземіз.

- Ақын Темірхан Медетбектің «Тәуелсізбін» өлеңін оқып, бүгінгі тәуелсіздіктің онайлықпен келмегенін түсінеміз; тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымызды мақтаныш ететін боламыз.

- Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» деген әңгімесі оқырманын ата-ана мен ұрпақ арасындағы қарым-қатынас қандай болу керек деген ойға жетелейді. Шығарманы талдай отырып, әрқайсысымыз өзімізге «Өмірдегі маңызды құндылықтар қандай?» деген сұрақ қоямыз.

«Алыс жолдан немерем келеді, бала-шағам келеді» деп күтумен жүретін қариялармен қатар қуанып, қатар мұңаятынымыз анық.

- Орыс поэзиясының жауһары А.С.Пушкин «Ескерткіш» өлеңінен «Ақын деген кім?», «Оның мақсаты не?» деген сұрақтарға жауап табамыз.

Тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде өз халқымыздың әдебиетін терең білу – тәрбиелі ұрпақ болуымыздың кепілі емес пе?

Келіндер, бірге оқыық!

МҰХТАР ШАХАНОВ

Мұхтар Шаханов – ақын. Ол 1942 жылдың 2 шілдесінде Оңтүстік Қазақстан облысының Қасқасу ауылында дүниеге келген.

Ол – Қазақстан Республикасының халық жазушысы.

М.Шахановтың алғашқы өлеңі 1959 жылы «Сырдария» деген атпен жарияланып, 1966 жылы «Бақыт» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді.

Ақынның «Балладалар», «Ай туып келеді», «Қырандар төбеге қонбайды», «Ғашықтық», «Махаббатты қорғау», «Ғасырларды безбендеу», «Уақыт бедерлері», «Зерде» атты өлеңдер, балладалар, поэмалар жинақтары жарық көрді.

«Танакөз», «Сейхундария», «Күретамырды іздеу», «Сенім патшалығы», «Махаббатты қорғау», «Нарынкүм зауалы» мен «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» атты поэмалары оқырмандардың сүйіспеншілігіне бөленді.

«Өркенпеттің адасуы» атты жинағы Мұхтар Шахановты әлемдік әдебиеттегі белестерге көтерді. Шығармалары бірнеше тілге аударылып, шетелдерде жарық көрді.



«Нарынкүм зауалы» поэмасы

Тақырыпашар тапсырмалар

1. *Ізгілік, парасат, дала заңы, ата дәстүр, туған жердің топырағы ұғымдарының мәнін өз көзқарасымыз тұрғысынан түсіндіріп көрейік.*
2. *«Баз бір адамдарда болашағын елден ерек сезіну, түйсіну күші болатынын ғылым жоққа шығармайды... Махамбет ақын өлерінен екі күн бұрын айналасындағыларға өзінің жаншошырлық сұмдық түс көргенін, түсінде иығынан үзіліп түскен өз басы өзіне қоштасу айтып тұрғанын әңгімелеген», – дейді ақын поэма прологында. Оқиғаның әрі қарай не болатындығын білу үшін:*

Мұхтар Шахановтың «Нарынкүм зауалы» поэмасынан «Махамбеттің соңғы сөзі» бөлімін тыңдайық (12-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Махамбет монологінің негізгі ойы қандай? Ақын неге сенеді? Сөйлем түрінде санамалап жазайық.
2. Ақын қандай сезімдерді бастан кешіруде? Мысал келтіре отырып айқындайық.
3. Қалай ойлайсыңдар?
«Мен сенемін, күні ертең
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем...» –
деп ақын армандаған күн туды ма? Пікірімізбен бөлісейік.
4. Берілген жолдарды қалай түсінеміз?
 - а) Бір таныс қол соғып өтті әлдекімді паналап,
Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ;
 - ә) Батырлығы жоқ адамнан
Үлкен ақын шыққан емес ешқашан;
 - б) Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,
Оның тартар азабы да соншама.
5. Махамбеттің монологін жаттап алайық.

Тірек сөздер:

- сыйлық
- түс
- әке мен бала
- үкім
- зұлымдық
- жаза
- құрмет

Махамбеттің өмірмен қоштасуына қандай оқиға себеп болғанын білу үшін поэманың жалғасын оқиық.

Әке үкімі

Шомбал жігіт кіріп келді ентелеп:
 – Әке, – деді ол кірген бойда, –
 Әке, – деді еркелеп, –
 Жүруші едің маған ылғи өкпелі,
 Кеюші едің
 «Мал болмайсын» деп мені.
 Сол сөзінді, сірә, қайтып аласың-ау, шамасы,
 Аты шулы Баймағамбет сұлтанның
 Маған берген сыйлығына қарашы!

Төрде отырған әкесінің алдына
 Маң-ман басып барды да,
 Алтын жіппен әдіптелген жағасы
 Сұр ішікті тастай салды баласы.
 – Иә, сөйле, – деді әкесі, –
 Қандай ерлік көрсеттің,
 Екі ай бойы, кәне, қайда жол шектің?
 Баласы айтты:
 – Топ бастадық төрт адам.
 Махамбеттің жақыны
 Ықыласты үгіттеп,
 Мақтап, қағып арқаға
 Қосып алдық ортаға.
 Бұл – түгелдей мына ұлынның ақылы
 Еркін жетер әңгіме бір танға.
 Қапысызда ¹ қармақ салып,
 Махамбетті алдап соғып,
 Басын кесіп сыйға тарттық сұлтанға.
 – Ой, залым-ай,
 Жүзіқара залым-ай!
 Мұнша залым екенінді қалай келгем танымай?!
 Бұдан өткен зор қасірет болар ма,
 Бұдан өткен зор қасірет болар ма?! –
 деп әкесі жас үйірді жанарға.
 – Қабағынды жаба қалды неге мұн,
 Әке, сенің қай сөзіңе сенемін,
 Есінде ме,

¹ *Қатысызда* – абайсызда, андаусызда, кенеттен.

Менің бала күнімде
Махамбетті жек көремін дегенің?
– Рас, ұлым, айтылған сөз окпен тең,
Бір кезде мен Махамбетті жек көргем.
Әлде кемшін шағым ба еді ол ақылға?!
Пенделік қой салған мені тақымға ¹.
Оған себеп –
Сенің анаң жасынан
Ғашық болған сол Махамбет ақынға.
Азаппенен атса да асау таңдарым,
Қайрағам жоқ қызғаныштың қанжарын!
Іштен тынып жүре бердім төзген боп.
Өзін шексіз құлай сүйген жан барын
Қайран ақын сезген жоқ.
Анаң марқұм ол дегенде от жалындап көзінен,
Тамсанатын
Нақ бір бакыт табардай әр сөзінен,
Ұлы ақынға деген інкәр ² сезімін
Көрге бірге ала кетті ол өзімен.
Әттең, біздің сор маңдайлы Жайықта
Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа!
Тым кеш ұқтым,
Махамбеттей батырға
Бүкіл қазақ ғашық болса, айып па?
Құдіретті шындығынан танбаған,
Парасатын ізгілікке жалғаған,
Ақын деген киелі аққу самғаған.
Ал ендеше аққуды атқан пендені
Қай атаннан көріп едің онбаған?!
Бұл салада сен бірінші адамсың,
Адам емес,
Ең бірінші надансың –
Ел дәстүрін,
Ер дәстүрін қорлаған.
Нақ мынадай қасиетсіз оқиға
Бұрын қазақ топырағында болмаған.
Қандай қиын кезеңде де

¹ *Тақымға* – тақым сөзінің мағынасы өте көп. *Бұл жерде*: сонына түсу, жек көру.

² *Інкәр* – ынтық, ынтызар, құмар.



Атырау облысындағы Махамбет кесенесі.

Туған ел
 Ақындарын жанын салып қорғаған.
 Түсінбедім,
 Армандап ең нені, ұлым?
 Ертең сені қойып желдің өтіне
 Үзәлі ұрпақ түкіреді бетіне.
 Сол қорлықтан құтқарайын сені, ұлым!
 Және ол зар оңайлықпен тыйылмас,
 Қанымыз бір,
 Жолымыз да шырлас.
 Енді сенің кесіріңнен
 Маған да
 Туған жердің топырағы бұйырмас.
 Жә, не қайыр, налы, мейлі, налыма ¹,
 Сорлы балам,
 Туыпсың-ау сорыма,
 Өзің түстің өзін қазған орына.
 Кеттік, кәне,
 Ішігінді ал қолына!
 Ұясына күн тұр еді батқалы,
 Түксиеді меніреу ² құм шатқалы.
 Олар үлкен кара жолға түсіп ап
 Бір төбенің қасына кеп тоқтады.
 – Мынау төбе саған соңғы шығар шың
 Болатынын ұғарсың.

¹ *Налы, налыма* – өкін, өкінбе.

² *Меңіреу* – 1) делқұлы, дел-сал; 2) қалың орман, дүлей жыныс (джунгли);

3) *тып-тыныш, жым-жырт*. *Бұл жерде*: үшінші мағынада.

Сен, әрине, құралайды көзге атқан,
 Атқан оғын маздатқан
 Менің мерген екенімді ұмытпаған шығарсың? –
 деді әкесі құлазып нар көңілі.
 Дір-дір етіп:
 – Ұмытқам жоқ, – деді ұлы.
 – Балам, үміт-қызығымның өлшемі
 Өзін едін,
 Қайғым болдын еңселі.
 Басына шық, кәне, мына төбенің,
 Осы арада қалдырамын мен сені.
 Қараладың қасиетті мекенді,
 Жараладың тұрмастай ғып әкенді,
 Мына жолмен өткен жұрттың аузынан
 Махамбеттің жырын тындап жат енді.
 Мүмкін, сонда ұғынарсың қатенді.
 Кім аяққа басса заңын даланың –
 Ұмытқаны қатал тарих сабағын.
 Кешір мені,
 Таусылды бар амалым.
 Дала заңы – баба заңы, қарағым, –
 деп әкесі қолына алды садағын ...

Сөз маржан

Шомбал – ірі, шымыр, тұтас, кесек, зор, алпамса, етжеңді.


Жүзіқара – оңбаған, қарабет.

Шатқал – жіңішке, жартасты терең сай.

Әдіп – киімнің етек-жеңіне салынған көмкерме.

Оқылым тапсырмалары

1. Поэманың композициялық жоспарын құрастырайық.



2. Құрастырған жоспар негізінде поэманың мазмұнын сақтай отырып әңгімелейік.
3. «Әке үкімі» бөлімінің негізгі идеясы қандай?
4. Поэма неліктен «Нарынқұм зауалы» деп аталады? Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, туындыдағы оқиғаны тарихи деректермен салыстырайық.
5. Әкесі, ұлы, автор болып поэманы рөлдерге бөліп, көрініс көрсетейік.

6. Поэмадағы көзқарастар мен ұстанымдардың қайшылығына назар аударып, автордың, Махамбеттің, әкесінің, ұлының көзқарастарын айқындайық.



7. Жұбымызбен бірлесе отырып, поэманың көркемдік қуаты мен әсерлілігін арттыруға көмектескен тілдік бірліктерді табайық. Не үшін қолданылғанын түсіндіріп берейік.
Үлгі: Ақын деген киелі аққу самғаған. Бұл – метафора. Автор метафораны ақынның таланты мен қаламының, жазылған жырының қасиетін биіктету үшін киелі аққуға балап қолданып отыр.



8. Поэмадағы негізгі кейіпкердің типін анықтайық. Оның бейнесін ашатын жолдарды тауып, қарасөзбен жазайық.



Әдебиет теориясы

Поэма – өлеңмен жазылған көлемді шығарманың бір түрі. Шығу тегі жағынан эпосқа жатады. Ғалымдар қазіргі поэмалардың поэма-роман, поэма-повесть, поэма-новелла, поэма-лирикалық цикл секілді түрлерін ажыратады.

Айтылым тапсырмалары

- Поэмаға талдау жасайық: авторы – тақырыбы – жанры – негізгі идеясы – құрылысы (шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас).
- Тобымызбен ақылдасып, төмендегі сұрақтар төңірегінде көзқарасымызды білдіріп, өзіндік бағамызды берейік.
 - Қапысызда қармақ салып,
Махамбетті алдап соғып,
Басын кесіп сыйға тарттық сұлтанға...
Ұлының осындай іс-әрекетке баруына не себеп болды?
 - Балам, үміт-қызығымның өлшемі
Өзің едің,
Қайғым болдың еңселі.
Басына шық, кәне, мына төбенің,
Осы арада қалдырамын мен сені.
Әкесі неліктен осындай іске барды? Дұрыс па, бұрыс па?
- «Әттең, біздің сор маңдайлы Жайықта
Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа!
Тым кеш ұқтым,
Махамбеттей батырға
Бүкіл қазақ ғашық болса, айып па?..» – деген ақын толғанысын қалай түсінеміз?
- Әдебиет, тарих, музыка пәндері және поэма мазмұны бойынша Махамбет туралы бар білетін ақпараттарымызды жинақтап айтайық.

Біз білеміз бе?

«Жұмыр қылыш» күйінің тарихы.

Бұл күй ақынның қуғынға ұшырап, ел көзінен жырақ жүрген кезінде туған. Бірде ақын келіп отырған ауылға Баймағамбет сұлтанның тыншылары да келіп қалады. Сондай тығыл-таян¹ қиын шақта ағайынды Жұмыр, Қылыш деген жігіттер Махамбетті үйіне жасырып, аман алып қалған. Батыр-ақын жігіттердің осы қамқорлығына риза болып, оларға арнап осы күйді шығарған екен.

Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйін тыңдайық.

1. Күйден қандай әсер алдыңдар?
2. Махамбеттің басқа қандай күйлері бар?

Жазылым тапсырмалары

1. «Махамбеттің есімі – өмірдегі қасиеттің синонимі, қасиеттің символы», – дейді академик Зейнолла Қабдолов. Осы сөзді пайдаланып, Махамбеттің қазақ халқының тарихы мен әдебиетіндегі орны туралы әдеби эссе жазайық.
2. «Дала заңы – баба заңы, қарағым...»
Поэмада ұлттық құндылықтар мен қазақ халқына тән қасиеттер қалай көрінген? Осы тақырыпта сыни шолу жазайық.
3. Махамбет кім? Махамбет туралы өз ой-түйінімізді бір сөйлемге сыйдырып жазайық.

Зерттеушілік тапсырма

Махамбеттің өмірі, туындылары туралы мәліметтер жинақтап, ол туралы жазылған зерттеулермен, әдеби шығармалармен танысайық.

Кері байланыс: «Зерде»

Алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік.

Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция – сабақтағы көңіл күйім.

Баға – жетістігіме беретін бағам.

Сын – өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея – маған келген жана ой.



ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕК

Темірхан Медетбек – 1945 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Амангелді ауылында дүниеге келген ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қоғам қайраткері.

Алғашқы жыр жинағы «Жанымның жас құрағы» деген атпен 1970 жылы жарық көрді. Оннан астам өлең жинақтары жарияланып, оқырмандар мен сыншылардың жоғары бағасын алды.

¹ Тығыл-таян – сын есім. Қысылтаян, тығыз-таян, асығыс-үсігіс, қарбалас, аласапыран сөзінің синонимі.



«Көк түріктер сарыны» атты жинағында (2002) замана зары мен бүгінгі күн мәселелері ежелгі түркі жырлары үлгісінде айтылған.

«Махамбет рухының монологі», «Күлтегін», «Тоныкөк» дастандары – ұлттық бояуы канық, поэтикалық қуатты шығармалар.

«Абай әлемі» (1995) және «Баба дәстүрдің мұрагері кім: туған әдебиет туралы ойлар» (2001) атты әдеби-сын еңбектердің авторы.

Ақын украин, өзбек тілдерінен В.Гужва, Э.Вахидов өлеңдерін аударған.

Т.Медетбекке 2000 жылы «Тағдырлы жылдар жырлары» жинағы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

«Тәуелсізбін» өлеңі

Тақырыпашар сұрақтар

1. Достар, *Тәуелсіздік* ұғымын қалай түсінесіңдер?
2. *Тәуелсіз ел* деген қандай ел?

Тәуелсіздіктің қадірін ұқтырар өлеңнің үзіндісін мәнерлеп оқыық!

...Құтылмаған кінәраттан ¹,
 Күнәдан,
 Бар шындықты іштей үнсіз құраған,
 Ағыл-тегіл көздің жасын көл етіп
 Күні кеше мен былай деп жылағам:
 «Жаным кетті қарайып,
 Қопарылды тірегім,
 Айтындаршы,

Халайық,
 Қалай өмір сүремін?!

Қалай жүрем
 Темірден
 Соғып шыдам,
 Төзімді...
 Көріп едім бәрін мен
 Ойып алды көзімді.

Тірек сөздер:

- азаттық
- бостандық
- теңдік
- тәуелсіз
- заман

¹ *Кінәрат* – 1) кемістік, ақау, мін; 2) ауру, сырқат, кесел; 3) қаяу, кірбін. Бұл жерде: бұл сөз поэтикалық қолданысқа түсіп, көңілімдегі өкініш деген мағына беріп тұр.

Қалай жүрмін –
Құламай!
Қазды менің түбімді.
Сөз айтып ем –
шыдамай!
Қыркып алды тілімді.

Қай жерде мен тайқып ем?!¹
Сынап тағы бағымды –



Ойымды мен айтып ем,
Отқа салды жанымды.
Төктім үнсіз жасымды,
Кеуіп қалды таңдайым.
Көтеріп ем басымды
Қақ айырылды маңдайым!»

Күні кеше дәл осылай жылағам!
Жылағанмын –
Көздің жасын бұлағам.
Үнілеген менің өксік демімнен
Теңіз толқып,
Тау күңіреніп құлаған.

Соны ойласам –
У мен зәрді ішем мен.
Соны ойласам –
Қайғы-мұңға түсем мен.
Тудық біздер көрінбейтін бұғаумен²,
Жүрдік біздер көрінбейтін кісенмен³.

Өз жерімде ала алмастан рұқсат,
Өзімізге жүрдік біздер құрық сап...
Үндепестен тас тықты да көмейге,
Қойды сонсоң аузымызға құлып сап.

Қапаландық,
Жәбірлендік,
Зарладдық.

¹ *Тайқып* – бұл жерде: ем көмекші етістігімен бірігіп қашқан жоқпын, тай-салмадым, қыындықтан қашып жалт бермедім деген мағынаны білдіріп тұр.

² *Бұғау* – бұл жерде: еркі, құқы жоқ, яғни отаршылдық саясат.

³ *Кісен* – қолға, аяққа салатын темір бұғау. *Бұл жерде де:* отаршылдық саясатты айтып тұр.

Өзгелерге жанды кіздік,
Арнадық...
Таптап,
Қырқып,
Жок етті де нуымды,
Жазирамды отқа салды қуырды.
Жуынды етті кәусар менен суымды,
Шұлғау етті қасиетті туымды.
Мұның бәрін,
Мұның бәрін ұғынам...
Жүрек жара –
Зар заманның мұнынан.
Сол кезде мен азаттық деп,
Тендік деп
Бөрі болып Айға қарап ұлығам!
Тәуелсізбін, енді, міне,
Мен бүгін.
Келді кіріп азаттығым,
Тендігім.
Бостандықта бойлығым мен ендігім!
Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім.
Кеуделерді тарылтастан кек қысып,
Кетеді одан өр далама өрт түсіп...
Құсқа айналып кеудемдегі жүрегім,
Сүйіншілеп келер күнге кетті ұшып.

Сөз маржан

Шемен – 1) қайғы-қасірет, уайым, шер; 2) қол-аяғы жіңішкеріп кететін ауру.
Шұлғау – қонышты аяқкиім ішінен аяққа орайтын қалың мата.
Жуынды – тамақ қалдығы, ыдыс жуған су.
Жазира – араб тілінен енген. Қазақ тілінде *кең дала, құрлық жер* деген.
Бойлық – *геогр.* экватордан меридианға дейінгі градуспен белгіленетін аралық, арақашықтық.

Оқылым тапсырмалары

1. Өз ойымыздағы *тәуелсіздік* ұғымы мен өлеңде сипатталған тәуелсіздік ұғымын салыстырайық.
2. Өлеңге сатылай кешенді талдау жасайық (авторы, тақырыбы, жанр түрі, негізгі идеясы, өлең құрылысы: шумақ, тармақ, буын, бунақ, ұйқас).
3. Өлеңдегі лирикалық кейіпкердің көңіл күйін түсіндіре отырып суреттейік.

4. Таптап,
Қырқып,
Жоқ етті де нуымды,
Жазирамды отқа салды, қуырды.
Жуынды етті кәусар менен суымды,
Шұлғау етті қасиетті туымды... –


деп автор нені тебірене есіне алады? Қазақ халқы тәуелсіз ел болу жолында қандай оқиғаларды басынан өткерді? Төмендегі суреттерді пайдаланып, тарихи деректермен толықтырайық.



Өлеңнен үзінді тыңдайық (13-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тәуелсіз елдің сипаты қандай? Үзіндідегі тіркестерді пайдалана отырып, өз ойымызды жазайық.
2. Жазған сипаттамамыздың негізінде Қазақстанның тәуелсіз ел екенін дәлелдейік.
3. Қазақстанның өткені мен бүгінін салыстырайық. Өткен күннің бүгінгі күнмен байланысын айқындайық.



4. Топтарға бөлініп, ұсынылған тақырыптарға бейнесюжет түсірейік. Бейнесюжетте мына сұрақтарға жауап табылуы керек.
 - Аталған салалардың даму деңгейі және оған нақты дәлелдемелер бар ма?
 - Осы салалар турасында қоғам мүшелерінің (оқушы, мұғалім, әкім т.б.) пікірі қандай?
 - Берілген тақырып төңірегінде өз көзқарастарыңды білдіре аласыңдар ма?
 I топ. Тәуелсіз Қазақстандағы ғылым мен технология.
 II топ. Тәуелсіз Қазақстандағы мәдениет пен дәстүр.
 III топ. Тәуелсіз Қазақстандағы спорт және денсаулық.

Айтылым тапсырмалары

1. Тәуелсіздік туралы өлеңдер мен әндерді есімізге түсіріп, сыныпта орындап көрейік.
2. Т.Медетбектің «Тәуелсізбін» өлеңінен үзінді жаттап алайық.
3. Қазақ елінің тәуелсіздігіне үлес қосқан қандай тұлғаларды білеміз? Сыныптастарымызбен ой бөлісейік.
4. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, тәуелсіздік, азаттық туралы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, орамды ойларды тауып, тобымызда талқылайық.
5. «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы.



Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұратына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел», – дейді Н.Ә.Назарбаев. Осы идея төңірегінде өз пікірімізді білдірейік. Біз «Мәңгілік Ел» болу мақсатына қалай үлес қосамыз?

Біз білеміз бе?

«Бөрі батып айға қаран ұлығам ...» Қасқырды түркілер бөрі дейді. Көкбөрі – түркі халықтарына кең тараған тотем, мифтік бейне.

Көкбөрі туралы аңыздардың бірінде тұтас бір халықтың жаугершілік заманда қырылғандығы, батпақ ішінде аяқ-қолы шабылып, жараланған он жасар бала ғана тірі қалғандығы айтылады. Ол балаға бір қасқыр жолығып емізіп, жарасын жалап жазып алады. Ол ұл есейіп, үйленіп, көбейіп үлкен елге айналады.

Қасқыр – қолға ұстап үйретуге көнбейтін аң. Сондықтан қазақ халқы қазіргі күнге дейін ержүрек, батыл жігіттерді көкбөріге теңеп, көркем шығармаларда бөріні батылдық пен батырлықтың символы ретінде бейнелейді.

Жазылым тапсырмалары

1. РАФТ формуласын пайдалана отырып хат жазайық.

Рөл	Аудитория	Формат	Тақырып
Оқушы	Ақынға	Хат	Алған әсерімен бөлісу
	Елбасына		Сырласу, пікірін айту
	Тарихи тұлғаға		Ризашылығын білдіру, құрметтеу

2. «Тәуелсіздік ұрпақтары – тәуелсіздік жайында» тақырыбында эссе жазайық.

Зерттеушілік тапсырма

Қазақстан тарихындағы елеулі жылдар мен оқиғалар туралы ақпараттар жинақтап жазып, сыныптастарымызбен ой бөлісейік.

Кері байланыс: «Білім кемесі»

Кеме желкенін сәйкес түске бояп, тақырып бойынша өз жетістігімізге баға берейік.

Жасыл түс – толық түсінік пен белсенділік.

Сары түс – қиындық пен толқыныс.

Қызыл түс – түсініксіздік пен алаңдаушылық.



ТӨЛЕН ӘБДІКОВ

Қал амгер Төлен Әбдіков 1942 жылдың 4 қыркүйегінде Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Енбек аулында туған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. 1965 жылы Қазақ ұлттық университетін бітірген.

Шығармалары 1964 жылдан жариялана бастады. «Көкжиек» (1969), «Күзгі жапырақ» (1971), «Ақиқат» (1974), «Айтылмаған ақиқат» (1979) әңгіме, повестер жинақтарын, «Өліара» (1985), «Ақшоқыда қыс қатты» (1987), «Парасат майданы» (2002) романдарын жариялады. Әңгіме, повестері орыс тілінде «Истина» (1980, 1981) деген атпен шықты. Грек аңыздары – «Эллада ерлерін» (1977) қазақ тіліне аударған.



Халықаралық Кафка және Қазақстандағы ПЕН-клуб сыйлықтарының лауреаты (2003). Қаламгер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

«Қонақтар» әңгімесі

Тақырыпашар тапсырмалар

1. Мейман, қонақ, қонақжай сөздерінің мағынасын түсініп, өз ойларымызды ортаға салайық.
2. Төменде берілген мақал-мәтелдердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсініп алайық.
 1. Қонақ келсе – құт.
 2. Құтты қонақ қонса, қой егіз табады.
 3. Қонақ қойдан жуас.
 4. Қонақ келсе есікке, жүгіріп шық, кешікпе.
3. Қазақ халқы қонақ деп қандай адамды айтқан?
4. «Қыз – қонақ» деген ұғым бар, ал ұл бала өз үйіне қонақ бола ала ма?

Т.Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесінен үзінді оқыық.

Ерғабыл карттың ойы

Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолай үйге соқпақ болған балаларын күтіп, Ерғабыл шал түн ортасы ауғанда жатса да,

Тірек сөздер:

- қарт
- ой
- немере
- сағындырған бала
- келін
- ауыл адамдары
- ән мен әңгіме

ертеңіне күн шықпай оянды. Алағеуімде үндемей жүріп киініп алды. Мәсісін де, шұлғауын да ешкімнен сұраған жоқ. Кенет әжептәуір қатқыл дауыспен:

– ...Кеше ноктаның сағағын байламапсың ғой, кер құлын ағытылып кетті.

– Иә, бұған бірдене айтсаң, бұл бірдене айтады.

– Е, неғыл дейсің маған. Бала... ыһ... тартып жіберші мына шетін, көтерсейші

басынды... мықтап ұста... ешқайда кетпес, оралар... Туып-өскен жері, елі... Ұста деймін, қаттырақ ұста. Қарайған малды тастап қайда барасың?

– Сен, шал, алжисың. Осы ғой, міне, алжыған деген осы шығар. Екі бие сенің басына көктас¹ қоя ма, а-а-а?..

Ерекең ыңырана әндетіп, таяғына сүйенді.

– Ойпыр-ау, белім шоғырылып қалғаны несі?! Осы мен таң намазын оқыдым ба?

– Намазды оқытын болсаң, оқы да, оқымайтын болсаң, қой, не ол, бір күн тастап, бір күн оқып.

– Құдайдың өзі кешірер, мен бір әдейі істейді деймісің соны. Жүрегім басында жел тұрғанын карашы... Қой, сен кемпір мылжындай бересің. Намазымды оқып, биеге кетейін.

Ерекең сыртқа шықты. Күншығыс аппақ. Ауа сәл-пәл дымқыл екен. Қолын көлегейлеп, маңайына қарады. Көкжиек² шынылтыр ашық болатын. Бірақ шалға тұманытып көрінді. «Кеше кер құлынды бастау қосақтап едім, оралып қалмады ма екен, – деп ойлады ол. – Анау Қарабидайықтың³ табанында жүрген солар шығар. Тұсауымен сонша жерге кетеді. Бұл иттерді байлап қоямын ба, не істеймін?»

Бір қолымен белін ұстап, шық басқан көк шөптерді таяғымен анда-санда қағып қойып, шабылған бидайықтың жиегімен келе жатты. Лезде белі ұйып, шаршап қалды. Таяғына сүйеніп аз тұрды да, буындары сытырлап, сүрлеу жиегіндегі төмпешікке келіп отырды.

– Кәрілік! Е-е, жарықтық-ай! Уһ! – орамалын алып, терін сүртті. – Күн жылынған шығар, – деп жұқа барқыт пешпентін шешіп қолына алды. Укаланған өңірін жазып жатып: «Ертең сүйегіме

¹ *Көктас* – бұл жерде: өлген адам бейітінің басына қойылатын тасмүсін.

² *Көкжиек* – аспан мен жердің көз жететіндей түйіскен жері.

³ *Қарабидайық* – бидайық: 1) көпжылдық шөптесін өсімдік; 2) жыртқыш құс; 3) қар және жаңбыр суы жиналатын ойпаң жер. *Бұл жерде*: үшінші мағынада.

шапан жетпей қалса, – деді ішінен, – Бектемірден қалған жалғыз Ермабылдың асында түк болмады деген атакқа қалармын...»

Шал күлімсіреп таяғын ұстады. «Айдалада өлген кәрі қасқырға ұқсамай, ел-жұрттың алдында абыроймен өту – осыдан артықтың енді керегі жоқ». Орнынан тұра беріп:

– Сапабекжандар кеше келмегені несі? – деді күшене сөйлеп. – Телеграмда кеше еді ғой...

Ерекен енді байқады, күн шығыпты. Бірен-саран қарайған малдар болмаса, төңіректе қыбыр еткен пенде жоқ. Әлі ұйқыдан оянбаған секілді. Кер бие дымқыл көк шөпті анда-санда бір шалып, күрт-күрт шайнап, біресе пыскырып, біресе «дұрыс қой, дұрыс қой» дегендей басын шұлғып қояды. Кер құлын шапқылап озып кетті де, ойнақтап қайта оралып, қайта шапты...

Кер бие үйреншікті желінің басына тоқтады.

– Немене, ұзап кетіп пе? – деді кемпірі құлынды байлап жатып. – Қажыған шығарсың, шай қояйын ба, мызғып аласың ба?

– Шөлдедік. Шайыңды қой.

Ерекен есік алдындағы бөгетке шықты. Әлдебір мұңды әнді ыңылдай айтып, таяғына сүйеніп біраз тұрды. Өзен жиегіндегі қыстауын көріп, бағанағы кемпірінің сөзін есіне алды. «Осы Қаратүбек басында жұмақ тұрғандай екі елі қия баспайсың. Балаларға еріп өзім кетем...»

Көптен күткен қауышу

Ерекен шай үстінде көп сөйлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқшып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ақ селеу сақалын сипап ойланып отыр. Бас жағында сүйеулі тұрған ескі домбыраға шұқшып қарады, қолына алған жоқ.

– Бір құй, – деді тершіген ақшыл білегімен кесесін нұсқап, – шөл қанатын емес...

– Сапашжандар неге кешікті екен? Кеше емес пе келем дегені?

– Келетін шығар бүгін.

– Сен шал осы жөнінді айтшы дұрыстап. Осы келгенде Жөністайды алып қаламын деп тұрсың ба? Жоқ әлде еріп өзіміз кетеміз бе?

– Бос сөз сөйлемес...

– Ойбай, бала келіп қалды! – деп кемпір үйге жүгіріп кірді. – Әй, біліп ем ғой бүгін келерін.

Заматта¹ гүріл үй сыртына келді. Бір-екі рет үстемелете арылдап, өшіп қалды. Машинадан улап-шулап түсіп жатыр. Бала даусы, әйел

¹ *Заматта* – бұл жерде: сол уақытта, сол мезгілде деген мағынада.



даусы... Ерекен капелімде тұра алмай қалды. Тырбындап қолымен жер тіреп жатқанда:

– Ассалаумағалайкүм, – деген бірнеше дауыс қатарынан шықты. Ауыл жігіттерінің бірі болу керек:

– Ұйбай-ұйбай, шалды қара, тұра алмай жатыр, – деп шикылдап күліп жіберді. – Қуаныш қой, қуаныш. Қуанған мен қорыққан бірдей дейді ғой.

– Қуаныш құтты болсын!

Ерекен жаңа қаз тұрған балаша тәлпіректтей көтеріліп, ат жақты, қапсағай сары жігітті құшағына қысты. Одан соң омырау, жендері ашық, шұбар көйлек киген, шашын қидырған, топ-

толық ақ сары, ажарлы келіншекті шміркенікіреп ¹ маңдайынан сүйген болды.

– Әлгі жаман қайда? Әкеліп пе едіңдер?

– Әкелдік қой. Әй, Жәніс қайда? Жәніс!

– Жәніс!

Жаюлы сөреден құрт алып үлгерген аяқ-қолы шидей, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды.

– Бар, бар, атана бар.

Шал өзіне зорға келген немересін бауырына басып, бетінен сүйді. «Ой, тентек, атаны сағынбайсың-ау», – деп жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сүртті.

– Кел, келе ғой, әй, – деді есік жақтан көрші кемпірлердің бірі қолын созып. – Шалдың баласысың ғой, кел.

Ұл енді ешкімге бармады. Тіпті шақырған Ерекеннің өзіне де жолаған жоқ.

– Келсенші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан? – деп әлгі кемпір қапсағай ² сары жігітке қарады.

Сапабек алдына келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп:

– Ептеп түсінеді, – деді.

– Қой, қазақша үйретіндер.

– Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, – деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп, ақ сары келіншегіне қарады.

– Тома, мынаның бет-аузы кір, жуын дыршы, – деді орысшалап.

¹ Шміркенікіреп – 1) түршігу, тітіркену; 2) ауыспалы мағынада қысылу, қымсыну. Бұл жерде: екінші мағынада.

² Қапсағай – зор денелі, ұзын бойлы, сүйегі ірі деген.

Дастарқан басында

Көп ұзамай ауыл қонақтары да жиналып қалды. Ерекең сыртқа шығып қой-ешкілерін жинап, бір семіз тоқтысын ұстап бауыздап, «қолыңның қаруы бар ғой» деп кепкесін теріс киген бір жігітке терісін іреттіртіп ¹, мүше-мүшеге бөліріп, қалғандарын әйелдерге тапсырып, үйге кіргенде бағанағыдай емес, әңгіме қыза түсіпті. Көрші ауылдан шалдар келген. Сөйлеп отырған – Сапабек.

– Жалпы геология халық тіршілігінің ең басты қажеттілігіне айналды, – деді ол. – Мұны тыңдап алындар, бұл өте қажет жері, – деді балаларды өзіне қаратқан мұғалімдей жастар жағын көзімен шолып. – Мынау тұрған жердің асты – тұнған байлық. Біздің Қазақстанда өте сирек кездесетін элементтер бар. Асыл тастар қаншама! Меруерт, маржан, інжу, жақұт, гауһар – не керек, бәрі бар. Гранитке байланысты пайда болатын мөлдір, қызыл, көк түсті слюда, ашық қызыл микроклин, мөлдір көк флюорит, қою жасыл турмалин, қан қызыл граниттердің өзі неге тұрады. Бұл жөнінен бар ғой, бұл жөнінен біздің Қазақстан бүкіл дүниежүзіне әйгілі.

– Шырағым-ау, – деді қатар отырған қонқақ мұрынды Абыл қарт. – Сол тасыннан өзі пайда бар ма? Маған біреуін әкеп берсенші.

Тілі ащы шалдың қықар сөзіне бұрын күліп үйреніп қалғандар қарқылдап күлісіп алды.

– Оның пайдасы деген, пайда шаш етектен ², ақсақал. Мәселен, сонау Украина гранитті бізден алады. Оны өңдеу тәсілін шығарған да біздің ғалым. Жалпы мұның маңызы деген, маңызы тіптен керемет.

– Қайдам, – деді Ерекең. Осының маңызына онша түсінгісі келмей, – осы бір тастардың соңында кеттің ғой өзінмен-өзің болып. Тым болмаса жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіңдер.

Сапабек әлденеге қынжыла күлді. №2 ферманың санитары, жуан кара Ерментай шалдың надандығын бетіне басты.

– Шалдар бар ғой, әйтеуір кері тартасындар да отырасындар. Ал сенің қасында қалды, бала бақты, сені бақты. Ал сонда не бітірмек? Осынша оқып, мына колхоздың жұмысын істемек пе? Мейлі, бағы алда. Ғылым қуды... Абай айтқан емес пе «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп. Сол айтқандай, осы сендер мен біз құр қалған қалпымызда қала берейік. Балаларға тыйым салуға болмайды. Солай емес пе, Бәке?

– Әрине, әрине, – десті біреулер.

¹ *Іреттіру* – бұл жерде: іре – сойған малдың не аңның терісін жұдырықпен сыдыру, сылу.

² *Шаш етектен* – тұрақты сөз тіркесі. Бұл жерде: пайдалы, пайдасы мол деген.

Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына каратып, өзінің Лондонға, Будапештке, Мароккоға, Италияға барған сапарларын әңгімеледі. Бөтен, жат халықтардың дәстүрін, мәдениетін, адамдарын мақтады. Италиядағы кедейлердің ауыр тұрмысына аяныш білдірді. Шалдарға бұл әңгімені түсіну тым қиын еді. Сондықтан олар жастарға араласпай, өздеріне түсінікті басқа әңгімеге ауысты. Босағада отырған Тома мүлде жалғыз қалды. Қала қыздарына тән епсіздікпен кішкентай қықша көрпенің үстінде қалай отырарын білмей, біресе қолымен жер тіреп, бір жамбастап, жұрттың сөздеріне толық түсіне қоймай, әркімге бір қарап үнсіз отырды. Кенет енесінің самауыр көтеріп келе жатқанын көріп жүгіріп барып:

– Аже, бер, дайте мне, дайте, – деді елпектеп...

Даладан жүгіріп келген ұл Томаның жанына тізерлеп отыра қалды:

– Мама, мама, ребята идут к озеру...

– Ты что сума сошел! – деді Тома әрі сөйлетпей. Даусы шанқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді. Тома ұялғандай болып, баласының құлағына зәрін төгіп сыбырлады.

– Біздің мынау да геолог боламын деп жүр, – деді Сапабек пегімен ұлын көрсетіп.

– Әке жолын қуалайын деген ғой.

– Бос сөз сөйлемендер! – Ерекен жастар жағына зекіп қалды. – Әке жолын қуса, мына менің жолымды қусын! Ие болсын мына ку шаңыраққа!

Жұрттың бәрі тым-тырыс.

– Жастардың бәрі сол, Ереке, – деді Абыл күрсініп. – Менің әлгі кішкентайым, Құдай-ау, немене дейді... бірдене боламын дейді. Мені бакпайсын ба десем, хе-хе-хе... бакпаймын дейді. Хе-хе-хе.

– Eh-eh-eh... сол-сол.

Ерекен күлген жоқ.



– Сонда бұлар кім үшін туған? – деді кейіп. – Кімге керек сонда бұлар?

Сапабек осы сөздердің тура өзіне айтылып отырғанын мойындағандай, манайындағыларға көзін қысып, жымшып қойды.

Жұрттың бәрі шай ішіп болып, Ерекен бәле-жаланың бәрін жатқа жіберіп, бақ пен ырыс, несібені отбасы, ошақ қасына қалдырып, шаңырақтың амандығын тілеп, бата қайырды...

Аспандиярдың әні

Ерекен еттен соң ұзын, сүйір аршасымен¹ тісін шұқып отырғанда, Сапабек қайдағы бір қар адамы жайында, Америкадағы ұлттардың теңсіздігі жайында, қазіргі жетілген техника жайында қызық бір әңгімелерді соғып отыр еді.

– Әй, доғаршы енді, – деді Ерекен шыдай алмай. – Анау өзіміздің Аспандиярға домбыра берші, ән салсын.

– Ал ән тыңдайық, – деп қисайып жатқан жұрт бастарын көтеріп алды.

Негі шығынқы, ірі, қапсағай жігіт кішкене ескі домбыраның ішектерін арбиған саусақтарымен еріне шертіп, құлағын бұрады. Біраз даңылдатып отырып, сен үшін айтып отырмын дегендей Сапабекке карап, жуан қоныр дауыспен жеңіл бір әнді былқылдатып бастап кетті. Әнді толық айтпай, ортасынан үзіп тастап, домбырасын қайта бұрады.

Ерекен ашық түндіктен жұлдыздарға карап жатқан. Әлдеқалай көңілі онша көтерілмей, немересінің шақырғанға келмегеніне, келінінің аяқ-қолының жалаңаш отырғанына, Сапабектің таусылып бітпейтін мылжың әңгімесіне қырыстанып отырған.

– Әй, айтатын болсаң, айтсаңшы, – деді ақырып. – Кешегі әкен Дүйсенбі домбыра саусағына тиер-тиместе айғайлайтын. Неден мұнша жаман болып тудындар.

Аспандияр бағанадан осы сөзді күтіп отырғандай, домбыраны тырнақырап қағып-қағып жіберіп, тамағын кенеп алды. Кенет соншалықты зор, биік дауыспен шырқай көтеріп, тынып қалып, домбыраны қайта сөйлетті. Одан соң алғашқы ащы айқайға түк қатысы жоқ жоғарғы ішектен күмпілдеген бір әнге ілесіп кетті...

Ерекеннің көзінен бір от жылт етіп:

– Е, осылай термене бас, – деді.

Балалы арқар баурайшы,
Баласыз арқар зарлайшы.
Атасы жаман қандай-ды,
Бас білмейтін нардай-ды...

О, шіркін, сөз-ақ қой!

Аспандияр термені аяқтап, домбырасын қайта тыңқылдатып азкем отырды. Сырттан ән тыңдауға келген қыз-келіншектерге есік жактан орын болмай, қайсыбіреулері үйге кірмей, даладан сығалап тұр...

Ән бітті. Сапабек қайран қалып басын шайқады.

¹ *Аршасымен* – арша – кипарис тұқымдасына жататын, мәңгі жасыл көпжылдық өсімшік. Бұл жерде: сол арша бұтағынан жасалған тіс шұқығыш.

- Тамаша, тамаша! Не істейсін қазір, Аспандияр?
- Тракторшы, – деді баска біреу ол үшін.
- Тракториспін, – деді содан кейін Аспандиярдың өзі.
- Мынау дауысты құртуға болмайды. Мынау деген нағыз оперный баритон ғой. Так же, Тома? Тебе как, нравится?
- Мощный голос, – деді Тома басын шайқап.

Ақталмаған үміт

Біраздан соң қонақтардың бәрі тарқап, үй іші өздерімен-өздері қалды. Өз төсегінде малдасын құрып отырған Ерекен:

– Тағы бір қонып кетесіңдер ме? Жок, боласындар ма біраз? – деді баласына тура қарап.

– Ертең жүруіміз керек. Отпускамыз бітті, көке-ау, онсыз да кешігетін болдық. Курорттан қайтарда сіздерге соға алмай кетеміз бе деп әбден састым өзім. Жол бойында ұшаққа отырудың өзі құдайдың бір азабы, халық көп...

– Баланы ше? Жеңісті тастап кетпейсіңдер ме? Екеуден-екеу қашанғы отырамыз сойднып.

– Оны өздерің білесіңдер, мазаларыңды алады демесендер...

Ерекен үндеген жоқ. Төсегін салдырып жатып қалды. Бірақ ұйықтамады...

Ертеңіне тұрысымен Сапабек қайтуға жиналды. Әке-шешесіне алған базарлықтарын, біраз жинаған ақшаларын қалдырды...

– Ал енді мына балаларың, – деді Жеңісті көрсетіп, – бір түйір қазақша білмейді. Шабаданының аузын жаба алмаған болып біраз қиналды. – Таттанып қалған ба немене?.. Ал енді оқу басталып қалды. Бұл арада орыс мектебі жоқ. Мұны қалай оқытамыз деп отырсындар? Биыл жетіге келді.

Ерекен төмен қарап, үн-түңсіз ұзақ отырды.

– Алып кет, өзінмен бірге, – деді бір кезде даусы қарлығып. – Оқыт, өзіндей қанғыбас етіп шығар.

Сапабек тағы да қынжыла күлді.

– Ой, көке-ай, мені бір баласырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе...

– Бар, бар, алып кет, – деді Ерекен. – Жолдарың болсын!

Түстен кейін жалдап алған машинаны а кабинасына Жеңіс пен Томаны отырғызып, сыртқа Сапабектің өзі отырып, әке-шешелерімен тура өткен жылғыдай сүйісіп қоштасып, «ренжімендер» деп ақыл айтып, ауылдан шығып кетті. Машина қарасы үзілген кезде ғана кемпір үн-түңсіз жаулығының шетімен көзінің жасын сүртті...

Сөз маржан

Алагеуім – таң жарығы әлсіз, күңгірт шақ, елең-алаң мезгіл.

Шақша – сиыр, серке, тауешкілердің мүйізінен жасалған құты.

Сағақ – жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы.

Сөре – үстіне құрт, ірімшік жаятын төрт аяқты биік қондырғы.

Түндік – киіз үйдің шаңырағын жауып тұратын, жаңбыр өткізбейтін төрт бұрышты шағын киіз.

Оқылым тапсырмалары

1. Әңгіменің композициялық жоспарын жасап, сюжетін 10 сөйлеммен баяндайық.
2. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, өз тұжырымымызды жазайық.
 - а) Әңгіменің «Қонақтар» аталуының мәні неде? Басқаша қалай атауға болады?
 - ә) Автордың бұл туындыны жазудағы мақсаты неде?
 - б) Әңгімені оқу арқылы мен қандай қорытындыға келдім?
3. Шығармада қолданылған көркемдеу құралдарын тауып, мысалдар келтірейік.
4. Тобымыздағы оқушылармен бірге FILA формуласын пайдаланып, әңгіме кейіпкерлеріне талдау жасайық.

F /Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау.

I /Пікір/ – кейіпкер туралы өзіндік пікірі мен бағасы.

L /Сұрақ/ – кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар қою.

A /Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерді суреттеуде қолданған тәсілі.

Кейіпкер	Дерек	Пікір	Сұрақ	Іс-әрекет

5. Ауылдағы Ерғабыл қарт пен қалалық болып кеткен баласы Сапабектің әңгімелерінен олардың мақсаттары мен көзқарастарының қайшылығы қалай көрінеді? Пікір қайшылықтарының болуы олардың ауылда немесе қалада тұратындығына байланысты ма? Ойымызды әңгімеден үзінді келтіре отырып дәлелдейік.

Әке көзқарасы

Бала көзқарасы

6. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» және «Атадан пұл қалғанша, ұл қалсын» деген нақыл сөздердің негізгі мағынасын шығармамен байланыстыра талдап, қорытынды тұжырымымызды айтайық.

Айтылым тапсырмалары

1. Қазақ халқының ұлттық танымын байланыстыра отырып, төмендегі сұрақтар төңірегінде өз пікірімізді білдірейік.
 - а) «Осы Қаратүбек басында жұмақ тұрғандай екі елі қия баспайсың. Балаларға еріп өзім кетем», – дейді кемпірі. Ерғабыл қарт неліктен кеткісі келмейді?
 - ә) Қарттың: «Таяқты ешкімге бермеймін, баламдікі» деп айтуының себебі неде?
 - б) «Әке жолын қуса, менің жолымды қусын! Ие болсын мына қу шаңыраққа!» деп Ерғабыл қарт нені меңзейді? «Шаңыраққа ие болу» дегенді қалай түсінеміз?
 - в) Қазақта «Шаңырақ иесі» деп неліктен ұл балаларды айтқан? Шаңырақ иесі болатын жігіттің бойында қандай қасиеттер болуы керек деп ойлайсыңдар?

2. Әңгімедегі Ерғабыл қарттың келіні мен қазақ келіндерін салыстырайық. Берілген үлгі кестені негіз ете отырып, олардың ұқсастықтары мен ерекшелектерін анықтайық.
3. «Қазақ келіндері қандай болуы керек?» деген тақырып төңірегінде сұхбаттасайық.

Қазақ
келіндері

Салт-дәстүрді
құрметтейді

Ерғабыл
қарттың
келіні

Қала өміріне
бейімделген

4. Ерғабыл қарт пен Сапабектің іс-әрекетіне өзіндік баға бере отырып, пікірталас ұйымдастырайық.
Жақтаушы топ: Сапабектердің ісі – заман талабы.
Даттаушы топ: Ерғабыл қарттың ойы – ұрпаққа үлгі.

«Қонақтар» әңгімесінен үзінді тыңдайық (14-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Ерғабыл қарттың арманы не?
2. Неліктен қарт балаларына еріп қалаға кетпейді? Себептерін анықтайық.
3. Осы үзіндіден қазақ танымындағы қандай киелі ұғымдарды аңғаруға болады? Мысалдар келтіре отырып, қазақ халқындағы басқа да қасиетті ұғымдар туралы тобымызбен талқылайық.
4. Шал Құлекеұлының толғауын тыңдайық. Толғау мен әңгіме арасындағы үндестікті анықтайық.

Жазылым тапсырмалары

1. Кейіпкердің (Ерғабыл қарттың, Сапабектің) атынан монолог жазайық.
2. Әңгіме мазмұнын қатыстыра отырып, «Ата-анамыздың алдындағы перзенттік парызымызды өтей аламыз ба?» тақырыбында сыни шолу жазайық.

Біз білеміз бе?

Қара шанырақ – үлкен, қадірлі, қастерлі, қасиетті. Қара шанырақ – ел қадірлейтін не әкенін, не атанын, не бабанын дәстүр бойынша кенженің еншісіне тиген үлкен үйі.

Қазақ шанырағында әуелі әке, сосын ана осы отбасының ұстазы болмақ. Ата-анасы отбасында имандылыққа тәрбиелесе, ол бала тілалғыш, адал, үлкен-кішіге қамқор болып өседі. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін-бірі сыйлауынан, қадірлеуінен, әсіресе баланың қартайған әке-шешелеріне қамқор болуынан көрінеді. Үлкен балалары отау тігіп, бөлек шыққанда ен кенже ұл әкесімен бірге қалады.

Қара шанырақ, үлкен үй деп атайтын әке үйіне болашақта кенже ұл не болып, қарттарды бағып-қағатын көне салт бүгінгі қазақ отбасыларында да сақталған. Ал үлкендері үйленіп үй болысымен еншілерін алып бөлек шыққан. Жасы кіші болса да, кенже иеленген үлкен үй басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі, қасиетті үй ретінде саналған.



Кері байланыс: «Білім кемесі»

Кеме желкенін сәйкес түске бояп, тақырып бойынша өз жетістігімізге баға берейік.

Жасыл түс – толық түсінік пен белсенділік.

Сары түс – қиындық пен толқыныс.

Қызыл түс – түсініксіздік пен алаңдаушылық.

АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ПУШКИН

(1799 – 1837)

Александр Сергеевич Пушкин – орыс классикалық әдебиетінің негізін салушы, ақын, жазушы, сыншы, драматург, публицист. Ол 1799 жылы 6 маусымда Мәскеуде дворян отбасында дүниеге келген. Оның балалық шағы Мәскеу қаласында өтті. 12 жасынан Царское селосында (қазіргі Пушкин қаласы) лицейде оқып, ақындық шеберлігін шындай түсті. Лицейді аяқтаған соң Петербургке қоныс аударып, әдеби-қоғамдық өмірге белсене араласты.



Ол «Свобода», «Чаадаеву», «Деревня» секілді өлеңдерін, «Руслан мен Людмила», «Кавказ тұтқыны», «Цыгандар», «Евгений Онегин» поэмаларын, «Борис Годунов» драмасын, «Полтава», «Медный всадник» және т.б. да туындыларын жазып, ақын әрі тарихшы ретінде танылды.

Ақын біраз шығармаларында халықтың ертегі-аңыздарын өзінше өрнектеп, халықтық поэзиядағы көркемдік ой-сезімінің нәрін теңдесі жоқ ақындық шеберлікпен жеткізіп береді. Пушкин қарапайым халықтың, орыс шаруаларының тағдырын «Дубровский», «Капитан кызы» сияқты шығармаларында шебер бейнелеген.

А.С.Пушкин Орынбор, Орал қалаларында болған кезінде (1833) казактың лиро-эпостық жыры «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» жаздырып алып, осы тақырыпта шығарма жазуды жоспарлаған.

Абай Пушкиннің ең таңдаулы туындысы «Евгений Онегин» атты шығармасын аса жоғары бағалап, оның жеке үзінділерін асқан көркемдік шеберлікпен казакшалап берді. Абай казак тіліне аударып, арнайы ән шығарған «Татьяна хаты» әні халық арасында кең тарап, ең сүйікті өлеңдердің біріне айналды.


Пушкиннің аталмыш туындысы орыс халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, адамдардың түрлі мінез-құлқын өте жетік бейнелеген. «Евгений Онегин» романын В.Г.Белинский «орыс өмірінің энциклопедиясы» деп бағалаған.

Пушкин шығармаларын казак тіліне аударуда Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Ілияс Жансүгіров, Қасым Аманжолов, Тайыр Жароков, Өтебай Тұрманжанов, Әбділда Тәжібаев, Қалижан Бекхожин, Қуандық Шаңғытбаев, Жұбан Молдағалиев және т.б. көрнекті ақындарымыз елеулі еңбек сіңірді.

А.С.Пушкин 1837 жылы 10 ақпанда қайтыс болды.

«Ескерткіш» өлеңі

«Ескерткіш» сөзін қалай түсінеміз?




Тірек сөздер:

- мұнара
- халық
- ақын
- өлең
- муза
- тіл

Достар, А.С.Пушкиннің «Ескерткіш» өлеңін мұқият тыңдайық (15-аудио).

Тыңдалым тапсырмалары

1. Тыңдалым мәтініндегі түсінік сөздерді жазып, мағынасын ашайық.
2. Сызбадағы сұрақтарға жауап берейік.



3. Өлең мазмұнына сәйкес сөйлемдерді толықтырайық.
 Өлеңнің негізгі кейіпкері – ...
 Ақынның ескерткіші ол – ...
 Ақынның мақсаты – ...

Өлеңді мәнерлеп оқиық.

«Ескерткіш» өлеңі

Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,
 Ел ізі оған салған суи білмес.
 Асқақтап Александр мұнарасынан ¹
 Жоғары, оқшау шығып тұр ол дербес.
 Жоқ, өлмен – жаным жасар өленімде,
 Шірімей, жасаңғырар денем мүлде.
 Бар болса, жалғыз ақын ай астында,
 Ардақтап қасиеттер мені әр күнде.
 Дабысым ұлы Ресейге кетер жалпак,
 Тіл біткен жүрер менін атымды атап.
 Славян елдерінің пәк ұрпағы,
 Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ.
 Халқыма калаулы ұзақ болар жерім,
 Қаулағтым өленіммен мейірімдерім.

¹ Мұнара – 1) мешіттің намазға шақыруға арналған биік күмбезі; 2) тік цилиндр түрінде жасалатын сәулеттік құрылыс; 3) барлау мақсатта биік етіп тұрғызылған әскери күзет қондырғысы; 4) үлкен, зор, алып; 5) ауыспалы мағынада: биік белес, үлкен іс, атақ, мәртебелі кәсіп. *Бұл жерде:* екінші мағынада.

Жыр етіп тар заманда еркіндікті,
Мархабат пақырларға тілегенмін.

Уа, муза! Құлағың сал, сөзіме бақ,
Жабықпа жәбірлеуден, тілеме атақ.
Мақтауды, жаламенен тында салқын,
Тіреспе тіл үйіріп, не десе ақымақ.

Сөз маржан

Оқшау – өзгеден жеке-дара, бөлек, оңаша.

Дабысы – бұл жерде: көне сөз. Баршаға таралып, жұртқа жария болған атақ, даңқ деген.

Мархабат – ізгі ниет, жақсылық.

Әдебиет теориясы

Лирика (грек. *Lyra*) – ақынның көңіл күйін, ішкі сезімін суреттейтін поэзия түрі. Лириканың басты ерекшелігі – адамның көңіл күйін, сезім дүниесін, көзқарасын терең, әсерлі бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығармалар тақырыбына, мазмұнына қарай *азаматтық лирика*, *махаббат лирикасы*, *көңіл күй лирикасы*, *табиғат лирикасы* деп бөлінеді.

Лирикалық кейіпкер – ақынның өзі. Ақын, ең алдымен, өз жайын, мұңын, арманын, қуаныш сезімін жыр ету арқылы халықтың тағдырын, қайғысын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек-мақсатын білдіреді.

Оқылым тапсырмалары

1. Үлгі сызбаны пайдаланып, өлеңге талдау жасайық.



2. Өлеңнен лирикалық кейіпкер бейнесін ашатын тірек сөздерді жазайық. Жазған тірек сөздерімізді пайдаланып, кейіпкер туралы баяндайық.



3. Өлеңде қандай маңызды мәселелер көтерілген? Санамалап көрсетіп, үзінділер арқылы дәлелдейік.
4. Ақын қандай құндылықтарды дәріптейді? Неліктен?

Айтылым тапсырмалары

1. «Уа, муза! Құлағың сал, сөзіме бақ,
Жабықпа жәбірлеуден, тілеме атақ.
Мақтауды, жаламенен тыңда салқын,
Тіреспе тіл үйіріп, не десе ақымақ...» –
деген жолдар төңірегінде тобымызбен ой бөлісейік. Қалай түсінеміз?
2. Өлеңге қатысты жұбымызға үш сұрақ дайындайық.
3. Өлең мен өмірдің байланысын айқындап, өз көзқарасымызды білдірейік.
4. «Ескерткіш» өлеңіне қатысты сурет салайық. Өз суретіміз туралы әңгімелейік.
5. Өлеңді жатқа оқиық.
6. Суретте Абай мен Пушкин ескерткіші берілген. Ақпарат құралдарын пайдаланып, сұрақтарға жауап берейік.
 1. Ескерткіш қай қалада орналасқан?
 2. Ескерткіш қай жылы ашылды?
 3. Ескерткіш авторы кім?
 4. Өз тұрған жерлеріңде басқа қандай ескерткіштер бар?
 5. Ескерткіштер не үшін қойылады деп ойлайсыңдар?



Біз білеміз бе?

Пушкин 4 жасынан бастап болған оқиғаларды жақсы білген. Ол бір сөзінде бала кезінде жердің тербеліп, бағаналардың қимылдағанын көргенін айтқан екен. Расында да, 1803 жылы Мәскеуде жоғары балды жер сілкінісі тіркелген.

Болашақ ақын дәл осы жаста І Александр патшамен кездескен. Патша серуенге шыққанда кішкентай Сашаны атпен басып кете жаздаған көрінеді. Алайда аттың басын дер кезінде тартып қалғандықтан, бала аман-есен қалады.

Ол 8 жасынан бастап француз тілінде шағын комедиялар мен әзіл өлеңдер жазған. Бірақ өзі 13 жастан бастағанын айтады.

Пушкин француз, ағылшын, итальян, неміс, латын, испан, грек және т.б. славян тілдерін білген. Өмірінің соңына дейін тіл үйренуден жалықпаған. Оның кітапханасында 3 560 том кітап болған екен.

massaget.kz

Жазылым тапсырмалары

1. Адами құндылықтар мен қасиеттер туралы өлең жазып көрейік.
2. «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы?» тақырыбында эссе жазайық.

Кері байланыс: «Жер қыртысь»

Александр Сергеевич Пушкиннің «Ескерткіш» өлені тақырыбы бойынша алған біліміміз бен іс-әрекетімізді қалай бағалаймыз? Жетістік ағашынан өзімізді тауып, бояп, қорытынды тұжырымдарымызды жазайық.



IV тарауға арналған тест сұрақтары

1. Қай шығарма кейіпкердің түс көруінен басталады?
 - а) «Нарынқұм зауалы»;
 - ә) «Қонақтар»;
 - б) «Ескерткіш»;
 - в) «Тәуелсізбін».
2. *Шемен* сөзінің мағынасын бере алмайтын сөзді белгілейік:
 - а) қайғы;
 - ә) уайым;
 - б) шекпен;
 - в) шер.
3. Төмендегі ұғымдардың қайсысы «Қонақтар» әңгімесінің басты идеясын көрсетеді?
 - а) қара шаңырақ;
 - ә) тәуелсіз ұрпақ;
 - б) зұлымдық;
 - в) халық қалаулысы.
4. Адамның көңіл күйін, ішкі сезімін суреттейтін әдеби жанр қалай аталады?
 - а) жыр;
 - ә) лирика;
 - б) әңгіме;
 - в) айтыс.
5. «Қонақтар» әңгімесінде Ерғабыл қарттың: «Ой, тентек, атаңды сағынбағансың-ау» деген сөзін қалай түсінесіңдер? Қарт не үшін немересін *тентек* деді?
 - а) немересі көп тентектік жасағандықтан;
 - ә) немересінің атын ұмытып қалғандықтан;
 - б) көп көрмей сағынып, еркелетіп айтқаны;
 - в) немересіне қатты ашуланғандықтан.

6. «Таназ», «Өркениеттің адасуы», «Сенім патшалығы» шығармаларының авторын көрсетейік:
- а) Қ.Қайсенов;
 - ә) Т.Медетбек;
 - б) М.Шаханов;
 - в) Т.Әбдіков.
7. Қандай шығармаларды поэма деп атаймыз?
- а) өлеңмен жазылған көлемді шығарманы;
 - ә) тарихта болған оқиғаны суреттейтін шығарманы;
 - б) қарасөзбен жазылған қысқа шығарманы;
 - в) адамның ішкі сезімін білдіретін қысқа өлеңдерді.
8. «... Айдалада өлген кәрі қасқырға ұқсамай, ел-жұрттың алдында абыроймен өту – осыдан артықтың енді керегі жоқ». Бұл кімнің ойы?
- а) «Қонақтар» әңгімесіндегі Ерғабыл қарттың;
 - ә) «Жау тылындағы бала» әңгімесіндегі Анна Ивановнаның;
 - б) «Тәмпіш қара» повесіндегі мектеп қарауылының;
 - в) «Көксерек» шығармасындағы Құрмаштың әжесінің.
9. А.С.Пушкиннің қай шығармасын Абай жоғары бағалап, жекелеген үзінділерін аударған?
- а) «Евгений Онегин»;
 - ә) «Борис Годунов»;
 - б) «Полтава»;
 - в) «Медный всадник».
10. А.С.Пушкиннің «Ескерткіш» өлеңіндегі ақынның арманы не?
- а) атақ-абыройға жету;
 - ә) үлкен байлық иелену;
 - б) халқына қалаулы болу;
 - в) сұлу жар табу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Тұрсын Ж.* Бесігінді аяла!.. Монография-эссе. Астана: Фолиант, 2003.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 3-том. Алматы: ҚазАқпарат, 2008.
3. *Қанайұлы Ш.* Шығармалары: толғаулар, айтыстар, дастандар. Алматы: Ана тілі, 2013.
4. *Темірхан М.* Көптомдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Мерекенің баспалар үйі, 2015.
5. М.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны. Ұжымдық монография. Алматы: Evo Press, 2014.
6. *Сарғасқаев С., Қайсенов Қ.* Повестер (Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы). Алматы: Жалын, 1990.
7. *Аронұлы С.* Бөрілі менің байрағым (жыр, толғау, айтыстар, естеліктер). Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2009.
8. *Аронұлы С.* Шығармалары. Алматы: Нұрлы Press.kz, 2014.
9. Жамбыл Жабаев творчествосы. Алматы: Ғылым, 1989.
10. *Жанайдаров О.* Ежелгі Қазақстан әфсаналары. Алматы: Аруна, 2008. («Қазақстан балалар энциклопедиясы» топтамасы).
11. Мағжан әлемі: Әдеби зерттеулер. *Құраст. Ж.Сүлейменов*. Алматы: Асыл кітап, 2009.
12. «Қыз Жібек» (лиро-эпос). *Құраст. С.Садырбаев*. Алматы: Қазақ университеті, 2008.
13. *Шаханов М.* Ғашықтық ғаламаты: Өлеңдер, балладалар, поэмалар. Алматы: Өнер, 2012.
14. *Тоқсамбаева А.* Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқу құралы. Астана: Фолиант, 2015.
15. *Мәдібай К.* XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: оқулық. Алматы: Қазақ университеті, 2015.
16. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 2-том. Ежелгі дәуір және орта ғасырдағы әдебиет. Алматы: ҚазАқпарат, 2006.
17. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 4-том. XIX ғасырдың бірінші жартысы (1800–1850). Алматы: ҚазАқпарат, 2005.
18. Қазақ халық әдебиеті: екі томдық хрестоматия. 2-том. *Құраст. С.Садырбайұлы*. Алматы: Қазақ университеті, 2015.
19. *Омарұлы Б.* Зар заман әдебиеті. Астана: Елорда, 2005.
20. *Әбдіманұлы Ө.* XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезені (1900–1940). Алматы: Қазақ университеті, 2010.
21. Жүз тұңғыш (жынақ). 2-кітап. *Құраст. Б.Нұржәсемұлы*. Алматы: Жалын, 2005.

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҚОСЫМША ДЕРЕККӨЗДЕР

№	Тақырып	Дереккөздер
1	2	3
1	«Қыз Жібек» жыры	http://kitap.kz/book/5028-ssejfullin_kyz_jibek_jyry/5028-ssejfullin_kyz_jibek_jyry https://www.youtube.com/watch?v=7FWJihVkBtA https://youtu.be/Zz_t5Y5mnnw http://adebiportal.kz/kz/audiobooks/view/568 https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/kino/179/
2	Орхон-Енисей ескерткіштері «Күлтегін» жыры	https://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=130&t=19997 http://www.balalaralemi.kz/article/370/Orhon-Enisei-zhazbalary http://group-global.org/ru/publication/39846-turkilik-zhazba-zhdigerler-zhne-ultyyk-mura http://adebiportal.kz/kz/news/view/1488
3	Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім» жыры	http://www.ardaktylar.kz/debiet/item/250-zhiembet-zhyrau http://kitap.kz/book/2921-engsegej_bojly_er_esim/2921-engsegej_bojly_er_esim http://anatili.kazgazeta.kz/?p=30275
4	Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасу» жыры	http://el.kz/kz/news/archive/ https://www.youtube.com/watch?v=bSow_3GTA9c http://abai.kz/post/14306
5	Ш.Қанайұлы «Зар заман» толғауы	http://adebiportal.kz/ru/authors/view/362 http://kitap.kz/book/3588-shortanbaj_qanajuly
6	С.Аронұлы Сүйінбай мен Қатағанның айтысы	https://massaget.kz/amayyi_jobalar/22-nauriz/8810/ http://qazaqadebieti.kz/2280/ajtysty-aldaspany http://www.madenimura.kz/kk/culture-legacy/landmark-faces/suyynbay/ https://www.youtube.com/watch?v=xVNwhBJE3lg
7	Ж.Жабаев «Пюнь жарлығы» («Зілді бұйрық») өлеңі	https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/25220/ http://qazaqadebieti.kz/8249/zhambyl-zh-ne-1916-zhyl-y-k-terilis http://bilimland.kz/kk/content/lesson/7624-1_zhambyl_zhabaev_kedey_kuji http://kitap.kz/book/329-zhambyl_zhabaev_turaly/329-zhambyl_zhabaev_turaly
8	М.Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы	http://adebiportal.kz/kz/authors/view/985 http://adebiportal.kz/kz/news/view/1397

1	2	3
		http://kitap.kz/book/6217-mahzhan_zhumabaev_pedagogika/6217-mahzhan_zhumabaev_pedagogika https://youtu.be/CDUhXKftVs8 https://youtu.be/_EtZFeSJ5eo http://adebiportal.kz/ru/characters/view/19
9	М.Әуезов «Көксерек» повесі	http://alashainasy.kz/proza/muhtar-aezov-kokserek-52914/ https://youtu.be/EeU8sXNK7A8 https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/kino/163/ https://massaget.kz/blogs/20301/ https://kaskir.wordpress.com/category
10	Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала» повесі	https://youtu.be/_SmDWKSKaLQ http://kitap.kz/book/5739-malchik_v_tylu_vraga/5739-malchik_v_tylu_vraga
11	С.Сарғасқаев «Тәмпиш қара» повесі	http://kitap.kz/index.php/catalog/audiobook/5152-tampish_qara http://adebiportal.kz/kz/authors/view/1479
12	М.Шаханов «Нарынкұм зауалы» поэмасы	http://kitap.kz/book/2778-bota_narinkumz/2778-bota_narinkumz http://kitap.kz/audiobook/2422-bota_narinkum/2422-bota_narinkum http://www.bilimland.kz/kk/content/lesson/7525-28_muxtar_shaxanov_narynqum_zaualy_olengi https://www.youtube.com/watch?v=k2x3r08Eedc http://kitap.kz/index.php/catalog/author/2410-muxtar_shaxanov
13	Т.Медетбек «Тәуелсізбін» өлеңі	https://youtu.be/pVg5QRiY7Jo http://adebiportal.kz/kz/authors/view/1767 http://kitap.kz/index.php/catalog/author/1770-temirxan_medetbek http://e-history.kz/kz/contents/view/2419
14	Т.Әбдіков «Қонақтар» әңгімесі	http://kitap.kz/book/6197-tolen_abdikov_qonaqtar/6197-tolen_abdikov_qonaqtar http://abai.kz/post/40797
15	А.С.Пушкин «Ескерткіш» өлеңі	http://www.bilimland.kz/kk/content/lesson/8205 http://bilimland.com/kk/content/lesson/15486-a_s_pushkin_eskertkish_olengi
16	Фабула мен сюжет	http://www.iref.kz/ltyi-debiettanu-yilyimyinda-yi-syuzhet-m-selesi/ http://zheruiyq.kz/2016/11/04/

1	2	3
17	Эссе	https://newskz.wordpress.com/2010/04/16 http://bilimdinews.kz/index.php/vysshee-obrazovanie/item/2785-esse-zhazu-disteri
18	Тақырып пен идея	http://infoportal.kz/ru/content/takyryp-zhne-ideya http://agartu.com/index.php?newsid=379
19	Көркем шығармадағы образ	http://www.mgtk.kz/dist_zaoch/3kurs/3kta-1z/adebkeres/k-rkem_obraz.pdf http://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=109&t=19867 http://www.ped.kz/ http://www.academia.edu/5367701/
20	Көркем шығарманың тілі	https://www.tarbie.kz/25362 http://kazorta.org/k-rkem-prozada-y-epitetterdi-stildik-yzmeti/
21	Әдеби сын	https://szh.kz/student/936/syn-zhanlary-baspasoezdegi-adebi-syn/ http://old.el.kz/m/articles/view/content-1273 http://www.ikitap.kz/book/1473-adebi_syn_oner_turaly_maqalalar/1473-adebi_syn_oner_turaly_maqalalar
22	Автор бейнесі	http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:IMZPupmWuToJ:repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/7288/Avtor-beinesi.pdf+&cd=3&hl=ru&ct=clnk&gl=kz http://group-global.org/ru/publication/44353-korkem-shygarnada-avtor-beynesinin-berilui
23	Өңгіме және повесть	https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%98%D2%A3%D0%B3%D1%96%D0%BC%D0%B5 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%8C



Учебное издание

**Керімбекова Баян Даулетқановна
Қуанышбаева Айгерім Нұрғазықызы**

КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

Учебник для 7 классов общеобразовательных школ

Оқулықты безендіруге суретшілер *А. Дүзелханов, Қ. Каметов, Н. Кожин, Д. Қасымов, Қ. Отарбай, М. Исаков, Қ. Омархандардың* еңбектері пайдаланылды.

Редакторы *Ж. Досбай*
Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатов*
Техникалық редакторы *Л. Садықова*
Корректоры *Г. Тұрмағанбетова*
Компьютерде беттеген *Ж. Бекбосынова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ІІБ № 5645

Басуға 28.06.17 қол қойылды. Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 12,9.
Шартты бояулы беттаңбасы 52,20. Есептік баспа табағы 11,04.
Таралымы 50 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz